ашылған даңғыл жол. Сол болашаққа ашылған даңғыл жолды ұлттық тәрбие арқылы жүруді үйренсек, ешкімнен кем болмайтынымыз анық. Бұдан шығатын қорытынды – ұлттық тәрбие идеясы ата-бабалар алдындағы – қарыз бен өкшебасар ұрпақтың алдындағы – парыз деп түсінуіміз керек. Яғни, парыз бен қарыздың түйісер тұсы осы ұлттық тәрбие деп білеміз. Сондықтан мұнда алдымен мемлекет жасауға ұйытқы болып отырған этнос пен мемлекеттің мүддесі қатар тұруға тиіс. Өйткені, біз бұдан былайғы кезеңде бүкіл адамзат баласы жасаған өркениеттермен қатар дамуға тиіс мәдениеттің (қазақ мәдениетінің) мүшесі болып саналамыз. Ендеше, адамзат баласының осы уақытқа дейін жасаған озық тәжірибелері мен жетістіктерін қолдан келгенше түгел игеріп, қажетімізге пайдалануымыз керек. Сондай-ақ, ағымдағы уақыттың талабы мен сұранысын қанағаттандырып отыру да ұлттық тәрбиедегі негізгі қағиданың біріне айналуға тиіс. Бұл үшін қазақ ұлтын қай тұрғыдан да жаңа дәрежеге, жаңа интеллектуалды сапаға көтеріп алу тиімді. Отбасы – тұлға тәрбиелеудің және оны қоғамның сан қырлы жақтарын игеруіне мүмкіндік туғызатын ең алғашқы әлеуметтік орта. Тұлға отбасында өмірдің мәнін, оның мақсаты мен міндеттерін, құндылықтарын игереді, басқалармен қарым-қатынас жасау дағдыларын, өмірлік ұстанымдарын қалыптастырады, өзін-өзі ұстаудың нормалары мен мінез-құлқын реттеудің өлшемдерін меңгереді. Демек, отбасы – адам баласының алтын діңгегі, оның адамзат ұрпағына деген ықпалын өмірдегі басқа еш нәрсенің күшімен салыстыруға болмайды. Қазіргі таңда әлемдік жаһандану үдерісінің ұлттық мәдениетке, дәстүрлі ұлттық құндылықтарға тигізетін кері ықпалы күшейді. Қоғамымызда осындай үдерістердің үдеуі салдарынан жас буын жат елдің мәдениетіне еліктеп, сан ғасырлық ата дәстүрлерімізді, ұлттық құндылықтарымызды ұмыта бастады. Осыған орай жас ұрпақты ұлттық құндылықтарымызды бағалауға, оларды сақтай отырып, келер ұрпаққа жеткізуге тәрбиелеу бүгінгі таңның өзекті мәселесі. Отбасы – ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың қайнар көзі, тәрбиенің бастауы, әр үйде балалар санасына ұлттық құндылықтарға деген көзқарастар жүйесін, салт-дәстүрлерді, әдет-ғұрыптарды, даналық сөздерді, тыйым сөздерді, тәрбиелік мәні жоғары фольклор үлгілерін сіңіретін де отбасы. Осы тұрғыдан отбасын ұлттық құндылықтарды қалыптастыратын, оларды ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіп отыратын, ұлттық мәдениетті тәрбие арқылы тасымалдаушы орта ретінде қарастыруға болады. Қазіргі таңда отбасы тәрбиесінің көп аспектілі мәселелері мемлекет тарапынан қолдау тауып, Елбасының тікелей бастамасымен бірқатар игілікті істер атқарылуда. Халқымыздың ұлы ақыны хакім Абай баланың өмірді танып-білуіне, оның бойында қалыптасар барлық қасиеттеріне бір жауапты адам ата-ана дей келе: «Балаға, көбінесе, үш алуан адамнан мінез жұғады. Біріншісі – ата-анадан, екіншісі – ұстазынан, үшіншісі – құрбысынан. Осылардың ішінен бала қайсысын жақсы көрсе сонысынан жұғады» деуінде үлкен тәрбиелік мән жатыр. «Отан – отбасынан басталады» дейді халық. Отбасының екі тірегі – әке мен ана. Адамды әлеуметтендіру, яғни оның қоғамға енуі, өзгелермен қарым-қатынасы отбасынан басталады. Үлкенді құрметтеп, қадір тұтуды, сыйласа білуді қазақтар отбасында берік ұстанған. Мұны ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келе жатқан нақыл сөздердің өзінен-ақ байқауға болады. Атап айтсақ, «Үлкенді сен сыйласаң, кіші сені сыйлайды, кіші сені сыйласа, кісі сені сыйлайды», «Аға әдепті болса, іні әдепті. Апа әдепті болса, сіңлі әдепті», «Әдептің не екенін, әдепсіз адамды көргенде ұғарсың», «Әдепті жігіт өсірсе, ауылдың абыройы», «Жібек мінезді қыз жұртқа жағады». Осы тектес мақал-мәтелдеріміз қазақ халқы әр уақытта әдептілікті құрмет тұтқанын, сыпайы, кішіпейіл адамды басқаларға үлгі-өнеге ете білгендігін, жас ұрпақтың тәлімді, тәрбиелі болып өсуіне ерекше назар аударғандығын айқын көрсетеді. Отбасылық құндылықтар – ұлттық құндылықтарды қалыптастырудың негізі. Әр көкірегі ояу баланың ұлттық құндылықтарды меңгеруі оның отбасылық құндылықтарды меңгеруінен басталады. Ұлттық құндылықтар және отбасылық құндылықтар барлық әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың зерттейтін негізгі мәселелерінің бірі болып табылады. Мысалы, философиялық тұрғыдан қарастыратын болсақ, құндылықтар адамға қоршаған әлемдегі құбылыстардың маңыздылығын, әлеуметтік ерекшеліктерін түсіндіру үшін қолданылады.



## Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Оразбекова К.А. Ұлттық психология мен халық тәрбиесі болашақтың бастауы хақында. – А.: Дәуір, 2000
2. Радугин, А. А. Социальная психология: учебное пособие для высших учебных заведений //А. А. Радугин, О. А. Радугина. - М.: Библионика, 2006.

ӘОЖ: 371.21

**Абдрахманова Айгерім Ерсіңқызы**

*БМ010300 «Педагогика және психология» мамандығының магистранты  
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

### **КӘСІБИ БІЛІМ БЕРУДЕГІ ИННОВАЦИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР: АНЫҚТАМАСЫ, СИПАТТАМАСЫ**

Мақалада кәсіби білім берудегі қолданылатын **инновациялық педагогикалық технологиялардың анықтамалары мен сипаттамалары берілген.**

**Түйін сөздер:** білім беру, кәсіби білім беру, инновация, инновациялық технологиялар.

В статье представлены определения и характеристики инновационных педагогических технологий, используемых в профессиональном образовании.

**Ключевые слова:** образование, профессиональное образование, инновации, инновационные технологии.

The article presents the definitions and characteristics of innovative pedagogical technologies used in professional education.

**Keywords:** education, professional education, innovations, innovative technologies.

Қоғамдағы әлеуметтік-мәдени жағдай әр педагогтың қазіргі таңдағы қоғамның сұранысына және өзінің қажеттілігіне, қызығушылығына, мүмкіншілігіне сәйкес білім мен тәрбие алуын қажет етеді.

Елбасымыз Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің құрылуының 10 жылдығына байланысты осы оқу орны студенттеріне арналған "Инновациялар мен оқу-білімді жетілдіру арқылы білім экономикасына" атты дәрісінде мынадай маңызды мәселелерді айқындап көрсетті: " Білім ақпараттық қоғамда құнның негізгі көзіне айналып отыр. Білім,инновациялар мен оларды нақты қолданудың әдістері барған сайын пайда көзі ретінде көрінеді.Білім беру барған сайын көп ретте мектепте және жоғарғы оқу орнында оқумен бірдей түсінілуден қалады. Жеке тұлғаның функционалдық әзірлеу тұжырымдамасынан және тұлғаны дамыту тұжырымдамасына көшу жүріп жатыр. Жаңа тұжырымдама білім берудің даралық сипатын көздейді,ол әрбір нақты адамның мүмкіндіктерін және оның өзін-өзі асыруы мен өзін-өзі дамытуға қабілеттілігін ескеруге мүмкіндік береді "[1].

Инновациялық үрдісті зерттеу барысында жүйенің бір жағдайдан екінші жағдайға көшуі және жаңалықты енгізу үрдісіне басшылық жасау мәселелерінзерттеу маңыздылығы Н.В.Горбунова, М.В.Кларин, А.В.Лоренсов, М.М.Поташник, П.И.Пидкасистый, Л.И.Романова, В.И.Загвязинский, А.Я.Найн, Т.И.Шамова, О.Г.Хомерики, Н.Р.Юсуфбекова және т.б. зерттеулерінде қарастырылған.

Болашақ педагогтардың кәсіби даярлығы мәселесінің педагогикалық әдебиеттерде қарастырылуына теориялық талдау жасау және тәжірибелерді зерттеу барысында жоғары оқу орнының педагогикалық үдерісінде педагогтың инновациялық технологияларды пайдалануы және тұлғалық дайындығы мәселесі зерттелгенімен,ал технологиялық және тұлғаның жаңа технологияларды пайдалануға деген тұлғалық дайындығы мәселелеріне негізделген зерттеулерге жеткілікті дәрежеде мән берілмейтіндігі айқындалды[2].

Ғылыми-педагогикалық әдебиеттерге талдау жасау барысында инновация ұғымын XIX ғасырда мәдениеттанушылардың зерттеулерінде қолданғандығын, яғни бір ел мәдениетінің элементтерін екінші ел мәдениетіне енгізу және бұл түсінік әлі де сақталуда.

"Инновация" термині педагогикада қазіргі таңда кеңінен қолданылуда.

Педагогикалық инновация мәселесін терең түрде зерттеген Югославияның педагог-ғалымы К.Ангеловски. Зерттеуші мұғалім жаңашылдығына әсер ететін әлеуметтік факторларды, педагогтың жаңашылдыққа талпынуының себептерін іздестіреді. Зерттеуші өзінің "Учителя и инновации" деген еңбегінде төмендегідей мәселелерді талқылайды: инновация терминінің экономика немесе техника ғылымдарынан педагогика саласына келген деп оған жақын терминдерге талдау береді де, "кейбір педагогтар инновация терминінің орнына реформа, жаңаландыру, жетілдіру, оптимизация, оқыту модернизациясы ұғымдарын пайдаланады" деп көрсетеді.[3]

Инновация дегеніміз — мазмұнды жаңашалау, ал жаңалық енгізу дегеніміз — инновациялық мазмұнды дамыту, жаңаны ұйымдастыру, ал "жаңаша" дегеніміз жаңа мазмұн, оны енгізудің әдіс-тәсілдерін, технологиясын қамтитын құбылыс деп түсінеміз.

Л.Д. Гирева педагогикалық инновациялар мәселесіне XX ғасырдың 60-80 жылдар аралығында талдау жасайды. Педагогтың шығармашылық тәжіри- бесінің басты өлшемі "жаңа идеялар мен әдіс-тәсілдерді жүзеге асыру" деп түсіндіреді.

Ғалымдар түсіндіруі бойынша "инновация" білім беру ісіне жаңа элементтер кіргізу арқылы жүйенің бір жағдайдан екінші жағдайға көшуіне жетелейтін жаңалық болып табылады.

П.Щедровицкий "инновацияны ойлау мен әрекет етудің ерекше бір түрі ретінде білім беру саласында мамандарды даярлауды ұйымдастырудың ерекше бір түрі" деп айқындайды.

И.А.Романова "ғылыми-зерттеу жұмысында және педагогикалық әдебиеттерде инновация мәселесіне жалпы әдіснамалық және тарихи- педагогикалық баға берілмеген" деген өз ойын дәлелдейді.

Ал, С.А.Смирнов, А.И.Пригожин, В.В.Розин, А.М.Ворониндер ғылыми-зерттеулерінде инновацияның теориялық негізіне, даму заңдылықтарына,жіктелуіне талдау береді.[4]

XX ғасырдың 60-70 жылдары озық педагогикалық тәжірибені оқып үйрену көкейтесті болып табылады. Жаңашылдар әдістемелерімен, оқыту тәсілдерімен, құралдарымен міндеттерді жаңаша шеше бастайды.

М.М.Поташник "Алдыңғы қатарлы педагогикалық тәжірибе бұл өз әрекетіне шығармашылықпен қарайтын ұстаздар тәжірибесінен туындайтын педагогикалық үдерісті жетілдірудің жаңа мүмкіндіктері" дейді.

Н.Р. Юсуфбекова өз зерттеулерінде білім беру жүйесіндегі жаңартуды инновациялық үдеріс дей келе, төмендегідей түсініктер береді:

- біріншіден, жаңалықты ашу,топтау, өлшемдерін нақтылау;
- *екіншіден*, жаңалықты қабылдау бағдарламасы;
- үшіншіден, жаңаны білім беру жүйесінде қолдану.[5]

Кез келген инновациялық үдеріс — жаңалықтардың пайда болу, жасалу, ендірілу, таратылуы сияқты кезеңдерімен сипатталады.

Инноватика мазмұнын талдау арқылы Ш.Т. Таубаева төмендегі аспектілерін талдайды:

Инноватика — жаңа білімді ашу, игеру, ендіру заңдылықтарын зерттейтін гуманитарлық ғылым;

Инноватика — жаңа білімді жасау, игеру, ендіру үдерістерін зерттейтін ғылыми білім саласы;

Инноватика — қоғамдық тәжірибемен, ғылым мен техниканың түрлі салаларындағы инновациялық үдерістің теориясы мен практикасы.

Қазіргі заман ағымы болашақ ұрпақтың ой — өрісінің шыңдалуын, жеке тұлға ретінде қалыптасуын талап етуде[6].

### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Н.Ә.Назарбаев. «Еркін елдің ертеңі – кемел мен кенен ғылымда», Астана, ҚР Білім және Ғылым қызметкерлерінің III съезінде сөйлеген сөзі.
2. Айтмамбетова Б. Жаңашыл педагогтар идеялары мен тәжірибелері. -А.,1991.
3. Н.Назарбаев «Қазақстан халқына Жолдауы», «Қазақстан – 2050». Астана. 2014.
4. Аяпова Ж. «Білім беру технологиясын жетілдірудің психологиялық және педагогикалық сипаты» // Бастауыш мектеп. – 2001. №7.-7-10 б
5. Әбдірашұлы Б. «Білім берудегі педагогикалық технологиялар» // Изденіс-Поиск. -2003.-№4.-35-38 б.
6. Бұзаубақова К.Қ. «Жаңа педагогикалық технология» Тараз. 2003, 208б.

### УДҚ 37.01

#### Альмисаева Мөлдір Асылбекқызы

Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қаласы  
МПП 221, 2 курс, мамандық «Педагогика және психология»

### БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗІРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ БАСЫМ БАҒЫТТАРЫ

*Бұл мақалада болашақ мамандарды даярлаудағы жоғары оқу орындарының ролі, студенттердің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастырудағы теориялық және әдістемелік жолдары қарастырылды. Қазіргі заман талабына сай жаңа форматты мамандарды даярлаудың қажеттілігі ашылды.*

**Түйін сөздер:** құзыреттілік, маман, кәсіби даярлау.

*В данной статье рассмотрены роль вузов в подготовке будущих специалистов, теоретические и методические подходы к формированию профессиональных компетенций студентов. Раскрыта необходимость подготовки специалистов нового формата в соответствии с современными требованиями.*

**Ключевые слова:** компетентность, специалист, профессиональная подготовка.

*This article discusses the role of universities in the training of future specialists, theoretical and methodological approaches to the formation of professional competencies of students. The necessity of training specialists of a new format in accordance with modern requirements is revealed.*

**Keywords:** competence, specialist, professional training.

Еліміздегі саяси, экономикалық, мәдени, қоғамдық өміріндегі өзгерістерге сай жоғары оқу орындары үлкен жауапкершілікті сезініп, білікті, өз ісінің шебері, бәсекеге қабілетті, кең ауқымды, жан-жақты дамыған, өзінің әлеуметтік-экономикалық және рухани дамуының мазмұны мен сипаттарының өзгеруіне және еңбек сапасына талаптың жоғарылуына байланысты өз ісін жетік білетін, кәсіби білігі мол мамандарды даярлауды көздеп отыр.

Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру нәтижесінде «кәсіби міндеттерін дербес әрі шығармашылық тұрғыдан шешуге, кәсіби қызметтің тұлғалық және қоғамдық маңызын түсінуге, оның нәтижелері үшін жауап беруге қабілетті кәсіби құзыретті жеке тұлғаны, бәсекеге қабілетті маманды қалыптастыруды қамтамасыз ететін білім беруді басқарудың тиімді жүйесі құрылатыны» атап көрсетілген [1].

Елбасының Қазақстан халқына арнаған 2012 жылғы «Қазақстан – 2050 стратегиясы» – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» жолдауында «Білім мен кәсіби машық –

заманауи білім беру, кадрларды даярлау мен қайта даярлау жүйесінің негізгі бағдарларын» атап өтті [2].

Аталған міндеттерді жүзеге асыруда Қазақстанда болашақ мамандарды кәсіби даярлаудың қазіргі кезеңдегі жай-күйіне талдау жасауда жоғары оқу орындарының алдына әлеуметтік-этикалық, экономикалық және ұйымдастыру-басқарушылық, кәсіби құзіретті, сауатты мамандарды даярлау міндеті қойылып отырғандығы анықталды. Педагог мамандардың кәсіби іс-әрекетінің өзіндік ерекшеліктері бар. Мұның өзі оларды жаңа ғылыми-педагогикалық идеяларды шығармашылықпен қабылдай алатын, оқыту теориясы мен әдістемесін игерген кәсіби-педагогикалық құзіреттіліктің жоғары деңгейін меңгерген маман ретінде даярлау мәселесін шешу көзделуде.

Жоғары оқу орындарында мамандарды кәсіби даярлаудың әдіснамалық-теориялық негіздерін анықтауда: Арынғазин, Ш.А. Абдраман, Б. Әбдікәрімұлы, А.Е. Әбілқасымова, Б.А. Әлмұхамбетов, Е.И. Бурдина, С.А. Дружилов, Е.Ө. Жұматаева, С.Т. Каргин, Б.Т. Кенжебеков, Қ.М. Кертаева, С.З. Қоқанбаев, В.В. Колосова, А.К. Маркова, М.С. Мәлібекова, Ш.М. Мұхтарова, Н.Ә. Мыңжанов, А.Қ. Нұрғалиева, Т.С. Сабыров, А.П.Сейтешев, В.А. Слостенин, Н.Д. Хмель, Ә.Ә. Усманов, А.И. Щербаков, Р.К. Төлеубекова, Г.О. Тәжіғұлова, В.Д. Шадриков, Л.А. Шкутина т.б. ғалымдардың зерттеулерінде жан-жақты қарастырылған [3], [4].

Бүгінгі таңда білім беруді жаңғырту – заманның талабы. Болашақ мамандарды даярлауда олардың кәсіби құзіреттілігін қалыптастырудың маңыздылығы қазіргі таңда тек жаңа технологиялармен оқыту ғана емес, студенттерің өзіндік сананың дамуына да көңіл бөлу керек. Ол үшін студенттердің кәсіби құзіреттілігін теориялық және тәжірибелік тұрғыдан жетілдіру қажет және білім беру үрдісінде өзіндік сананы дамытатын шараларды жүргізу, интерактивті білім беру, түрлі технологиялық тәсілдер арқылы оқуға деген қолжетімділікті арттыру, білім беруді жаңғырту сынды мысалдарды айтуға болады. Біздің елімізде білім беру жүйесін жаңғырту үш басым бағыттар бойынша жүзеге асуда. *Біріншісі*, білім беру ұйымдарын оңтайландыру және оқыту үдерісіне қазіргі заманғы әдістемелер мен технологияларды енгізу. *Екіншісі*, оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту және педагогтар құрамының сапасын арттырудың маңызы зор. Арнаулы педагогикалық білім берудің үлгі-қалыптарын, мектептер мен жоғары оқу орындарының оқытушыларының біліктілігін арттыруға талаптарды күшейту қажет. Әр өңірде педогогтардың біліктілігін арттыратын интеграцияланған орталықтар жұмыс істеуі тиіс.

*Үшіншісі*, білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыру және біліктілікті жетілдірудің тәуелсіз жүйесін құру қажет.

Мамандар даярлауда оқу-тәрбие үдерісін жаңғырту білім саласына ене бастады. Мәселен, бүгінгі таңда академиялық еркіндікті дамыту білім беру жүйесін түбегейлі өзгертті деп айтуға болады. Білім алушының таңдаған пәні бойынша, мамандығына қатысты сабақтарды меңгеруі – академиялық еркіндіктің басты қағидаты болып саналады. Элективті курстар еңбек нарығы сұраныстары негізінде оқытылады. Оқыту үдерісін жаңғырту бағыты бойынша сұранысқа ие, болашағы бар бағыттарды күшейтудің маңызы зор. Сонымен қатар, тілдерді меңгеруге, электронды оқытуға, инклюзивті білім беруге, шағын кешенді мектеп мәселелері, 12 жылдық мектепке арналған маман даярлауға баса мән беріле бастады. Жоғары интеллектуалды әлеуеті қалыптасқан, инновациялық технологияларды еркін меңгерген, ғылыми-зерттеушілік қызметке бағытталған болашақ педагогтарды даярлау, қайта даярлауды да айта кету керек. Мектеп мұғалімдері, ғалым-оқытушыларды елдегі және шетелдегі біліктілікті арттыру орталықтарында жүйелі түрде оқыту қолға алынуда.

Білім беру қызметтерінің тиімділігі мен қолжетімділігін арттыруда инновациялық технологияларды, компьютер мүмкіндіктерін пайдалану, интерактивті білім беру, қашықтықтан оқыту, виртуальды педагогика тағы басқаларды тәжірибеге ендіруге баса назар аудару қажет. Ғалым-оқытушылар, зерттеушілер жалпы орта білім беретін мектептің жаңашыл мұғалімдерімен бірлесе отырып мектеп базасында инновациялық технологияларды

енгізу арқылы оқушылардың, студенттердің интеллектуалдық қабілеттерін арттыруды көздейді. Еліміздегі жоғары білім беру ордалары әлемдік білім беру жүйесіне көше бастады. Осының бәрі осының бәрі болашақ маманның өзіндік санасының қалыптасуында маңызды болады. Өйткені өзіндік сана оның құзыретті маман ретінде қандай қасиеттерге ие немесе ие болуы тиіс екенін толық түсінеді.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана,
2. Назарбаев Н.А. Қазақстан халқына арнаған 2012 жылғы «Қазақстан – 2050 стратегиясы». – Астана, 2012
3. Тұрғынбаева Б.А. «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе». – Алматы, 2005.

Құдайбергенова К.С. Құзырлылық амалының негізгі ұғымдары. – Алматы, 2000

**ОӘК: 159.9**

#### **Амиргалинова Айгерим Мейрамовна**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университетінің 2-курс магистранты, Семей қаласы*

#### **Дакина Гулайм Токеновна**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті аға оқытушы, Семей қаласы*

### **СТУДЕНТТЕРДІҢ ИНТЕРНЕТ ТӘУЕЛДІЛІГІНІҢ ЗЕРТТЕЛУ ЖАҒДАЙЫ**

*Бұл мақалада интернет тәуелділік мәселесі қарастырылған. Тұлғаның интернет тәуелділігінің теориялық аспектілері, сондай – ақ интернет тәуелділікті зерттеудің диагностикалық әдістемелері берілген.*

*Интернет тәуелділіктің зерттелуі аса өзекті екендігін атап өту қажет. Теориялық және эмпирикалық зерттеулердің мәліметтеріне сүйене отырып, тұлғаның интернет тәуелділігінің негізгі мәселелері қарастырылған.*

**Түйін сөздер:** *тұлға, интернет тәуелділік, аддикция, диагностика.*

*В данной статье рассматривается проблема интернет зависимости личности. Представлены теоретические аспекты интернет зависимости личности, а также диагностические методы исследования интернет зависимости. Следует отметить, что изучение интернет зависимости очень актуально. На основании данных теоретического и эмпирического исследования рассмотрены основные проблемы интернет зависимости.*

**Ключевые слова:** *личность, интернет зависимость, аддикция, диагностика.*

*This article addresses the issue of Internet addiction personality. The theoretical aspects of Internet addiction are presented, as well as diagnostic methods for researching Internet addiction. It should be noted that the study of Internet addiction is very important. Based on the data of theoretical and empirical research, the main problems of Internet addiction are considered.*

**Keywords:** *personality, internet addiction, addiction, diagnostics.*

Зерттеу мәселелеріне байланысты әдебиеттерге жасалған талдаулар жоғары оқу орнында **интернет технологияның жағымсыз ықпалын** зерттеу арқылы психологиялық тұрақтылықты қалыптастырудың теориялық және практикалық аспектілерін жасаудың алғы шарттарына ие екендігін көрсетіп берді. Зерттеу бағыттарының бірі – интернет тәуелділіктің жағымсыз ықпалын анықтау.

Қазіргі кезде жастардың белгілі бір бөлігі компьютерлік Интернет тәуелділігінің ықпалында, ал бұл қатерлі психикалық ауру болып табылады. Сондықтан да қоғам бұл мәселенің қауіптілігі мен маңыздылығын түсінуі қажет. Интернет дегеніміз-дүниенің әр түпкіріндегі тұтынушыларды бір-бірімен мәлеметтер қоймасы, бейнелер және дыбыстар жазбалары арқылы жеңіл байланыстыратын дүниежүзілік желі. Ғылыми зерттеулерді, психологиялық-педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерді және жоғары мектеп жұмысының тәжірибесін талдау нәтижелері қазіргі кезде интернеттің әлі де болса білім беру міндеттерін шешу мүмкіндіктерінің ғылыми жетістіктерге негізделмей қолданылып отырғаны және оның іске асырылуының ойдағыдай емес екенін көрсетті [1]. Білім беру үрдісінде интернетті пайдалануға болатыны толық анықталмаған және оны тиімді ұйымдастыруда сәйкес келетін кері байланыс құралы ретінде қажеттілігі қарастырылмаған.

Тәуелділік - бұл шынайы өмірдегі проблемалардан қашу үшін жасайтын іс-әрекет. Шындықтан қашу өмірді өзгертпейді, тек уақыт өте адамның уайымы мен өмірдегі орнын қиындата түседі. Тәуелділіктің түрлері өте көп, алайда барлық тәуелділік ортақ құрылымға ие. Кез - келген тәуелділік адамға психологиялық және физикалық зақым тигізеді. Психолог М.Гриффитс тәуелді ойыншыларды екі категорияға бөліп қарастырады. Алғашқылары желіде топтасып ойнауды ұнатады. Бұл рольдік ойындар. Олар үшін бастысы жеңіс алған жағдайда топтың оны мақтауы болып табылады. Екіншілері компьютерді белгілі бір проблемалардан қашу мақсатында пайдаланады. Басқаша айтқанда, компьютерлік тәуелділіктің қалыптасуына психоактивті заттарға тәуелділік қалыптасуындағы сияқты психологиялық факторлар қатысады [2].

Интернеттегі студент әрекеті қызметтің жаңа түрі болып табылады, ол психологияда дәстүрлі түрде ажыратылатын қызмет түрлерінің түрлі қасиеттерін біріктіреді. Кез-келген қызмет тәрізді өзінің мотивациялық негізі болады. Тұтынушы мотивациясы мәселесін зерттеуде интернеттегі қызмет адамның жеке тұлғасының дамуы мен басқа адамдармен қарым-қатынас жасауы үшін не береді (немесе не бермейді) деген сауал қызығу тудырады. Бұл сауал тұлғалық даму және тұлғааралық коммуникация аймағындағы Интернеттегі жұмыстың психологиялық салдарды бағалауға қатысты болып табылады. Субъектінің оның тұтынушылық қызметінің тікелей және жанама нәтижелерді бағалау процесі мотивациялық реттелуге (регуляция) әсерін тигізеді. Қызметтің нәтижесінің адам қажеттіліктеріне сәйкестілік дәрежесі, яғни қаланған мен қол жеткізгенді салыстыру бұл бағалаудың критерийі болып табылады. Бұл бағалаулар – адамның мүмкіндіктерін дамытады, жаңа дағды орнатады немесе керісінше өзіндік даму мен жүзеге асырылуға мүмкіндік бермейді.

Өз мүмкіндіктерін танымдық, коммуникативті тағы басқаларын дамытып, жүзеге асыруға деген саналы бағыттылық интернеттегі жұмыс барысында тұлғаның даму мотивін қалыптастырады. Бұл мотивте шығармашылық компонент өзінің айқын көрінісін тапқан. Интернетте жұмыс істеу адамға өзінің шығармашылық қабілеттерін көрсетуге мүмкіндік береді, мысалы, жаңа бағдарламалық продуктін жасау, www ресурстарындағы телеконференцияларда ойды білдіру. Бұл адамға өзінің шығармашылық потенциалын жүзеге асыруға, құзырлы эксперттер және мәнді адамдар тарапынан өз шығармашылығы үшін баға алуға мүмкіндік береді. Көрсетілген мотив типтері психологиядағы тұлғаның мотивациялық бағыттылықтың негізгі түрлерін репрезентациялайды: продуктивті, әлеуметтік - коммуникативті, танымдық, дамытушы.

Кибер-тәуелділігінің пайда болуын интерактивті компоненттер жеделдетіп жібереді, ол жанұя ішіндегі қатынастарға және жанұя тұрақтылығына жағымсыз әсерін тигізеді [3]. Ал бұл ең алдымен адамдардың реалды өмірден алыстап, тіпті айырылысуға дейін де апарады. Мұндай жағдайда индивидуалды және жанұя терапиясы қолданылады. Бұл процесс барысында жұбайлар татуласу және жанұяны қайта құру жайында жұмыс істейді. Фантастикалық Интернет әлеміне ену үйрену үшін септігін тигізеді; бұдан кейін көңіл-күйдің түсуі және психологиялық үйлесімсіздік пайда болады. Зерттеудің бірінші

констатациялық (анықтау) кезеңіндегі психодиагностикалық әдістемелер эксперименттің және бақылау тобының респонденттерімен жүргізілді.

№1 - «Интернет – тәуелділік деңгейін анықтау» сауалнамасы.

Сауалнама Интернет желісіне тәуелділікті анықтауға бағытталған. Мазмұнына Интернетті қолдануға байланысты 20 сұрақты қамтып, келесі ұпайлармен бағаланады: 1-сирек; 2-анда санда; 3-жиі; 4-өте жиі; 5-үнемі; 0-қолданбаймын.

Белгіленген жауаптардың ұпай сандарын қосу арқылы алынады. Ұпай саны неғұрлым жоғары болса, Интернетке тәуелділік деңгейі жоғары болады.


№2 – «Интернет және компьютерлік ойындардан тәуелділікті анықтауға» арналған тест-сұрақшасы

Өте жоғары - көрсеткіші сыналушыда Интернет және компьютерлік ойындардан тәуелділік дәрежесі өте жоғары, бұл адам үшін өте қауіпті. Міндетті түрде мамандардың көмегіне жүгіну керек. Жоғары – сыналушы бойында Интернет және компьютерлік ойындардан тәуелділігі айқын байқалады. Қауіптілігі бойынша орташа дәрежеде, алайда құзырлы мамандарға барып кеңесу қажет болып табылады. Орташа - орташа деңгейдегі тұлғалардың бойында берілген тәуелділік түрі енді белең алуда. Яғни сыналушылардың бұл категориясы да қауіп тобына жатқызылады. Төмен - бұл категорияға жатқызылатын адамдарда берілген тәуелділіктің түрі айқын көрінбейді. Бұл адамдар Интернет және компьютерлік ойындарға тәуелділігі жоқтың қасы, қауіпсіз категорияға жатады. Өте төмен - сыналушы тұлғада Интернет және компьютерлік ойындардан тәуелділіктің бірде - бір белгісі жоқ. Сыналушы бұндай жат қылықтан мүлдем еркін.

«Интернет - тәуелділік деңгейін анықтау» сауалнамасының нәтижесі сыналушылардың басым бөлігіне Интернетке тәуелділіктің бастапқы деңгейі тән екендігін көрсетті.


Қазіргі психология - педагогика ғылымының қарастыратын сұрақтарының көптігіне карамастан, жоғары оқу орны студенттерінің психологиялық тұрақтылығын қалыптастыру жолдары әлі де жете зерттелмеген мәселелердің қатарында қалып отыр. Оны шешу жоғары оқу орнында студенттердің эмоционалдық сферасын зерттеуді есепке алуды талап етеді.

Психологиялық тұрақтылықты В.С.Мерлин, Ю.А.Наумова т.б. белгілі бір күйдің тұрақтылығын білдіретін тұлға қасиеті деген анықтама береді. Дегенмен, психологиялық тұрақтылық ұғымына психологиялық-педагогикалық әдебиеттерде бір жақты анықтама берілмейтіндігіне көзіміз жетті. Психологиялық тұрақтылық - тұлғаның түрлі стресстік ықпалдарда стеникалық эмоциялардың тұрақтылығын қамтамасыз ету қасиеті деген анықтама беріледі. Интернет тәуелді студенттер психодиагностикасының нәтижелеріне сапалық және сандық талдау жүргізілді. Интернет тәуелді студенттердің тұлғалық психологиялық мінездемелерін зерттеу – студенттердің тәуелділігінің психологиялық профилактикасының бағыттарын анықтауда маңызды шарттарының бірі болып табылады.



Сурет 1 - Интернет - тәуелділік деңгейін анықтау сауалнамасының нәтижесі

«Интернет және компьютерлік ойындардан тәуелділікті анықтауға» арналған тест-сұрақшасының нәтижелері.



Сурет 2 – Интернет және компьютерлік ойындардан тәуелділікті анықтауға арналған тест-сұрақшасының нәтижелері

Зерттеудің констатациялық кезеңінде интернет тәуелді студенттерді анықтау жүргізіліп, тәуелділік деңгейлері айқындалып, олардың: 1.Интегралды-тұлғалық қасиеттері;

2.Рефлексиялық;

3.Эмоционалды компоненттерінің психодиагностикалық көрсеткіштерін анықтау жүзеге асырылды. Интернет - тәуелді студенттердің эмоционалды еріктік сферасын айқындауда тұлғалық қобалжу, депрессия, стресске тұрақтылық, тұлғаның өзіндік бағалауы, сенімділік, агрессивтілік және жауласушылық деңгейлері зерттелді. Тәуелділік аддиктивті бағыттылығы бар адамдардың әсеріне бағынудан көрінеді. Кей кезде пассивтілік, дербестіктің болмауы, көмек алуға бағытылық байқалады. Аддиктілердегі үрей деңгейі тәуелділігі, толымсыздық комплексімен тығыз байланысты. Оның ерекшелігі мынада, дағдарыстық жағдайларда үрей екінші орынға ауысса, сондай-ақ күнделікті өмірде ол айтарлықтай маңызды емес себептерден пайда болуы мүмкін.

Констатациялық эксперимент қорытындысы бойынша респонденттерде байқалған түрлі жағымсыз эмоционалды күйлер – қорқыныш, қобалжу, агрессиясының компьютермен, интернетпен байланысы бар екендігі анықталды және бұл эмоционалды тұрақсыздықтың негізгі факторы болып табылады деген қорытынды жасауымызға негіз болды.

Соныменен, жоғары оқу орны студенттерінің Интернет тәуелділігінің жағымсыз ықпалын психодиагностикалық әдістемелердің көмегімен зерттеу жүзеге асырылды. Интернеттің жағымсыз ықпалын зерттеу әдістерінің жүйесі жасалды. Студенттердің Интернеттің жағымсыз ықпалына психологиялық тұрақтылығын қалыптастыру жолдарымен тәсілдері анықталып, оны жоғары оқу орны оқу - тәрбие үрдісіне енгізу жолдары қарастырылды.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.Короленко Ц.П., Дмитриева Н.В. Аддиктология. Настольная книга - М.: Институт консультирования и системных решения, Общероссийская Профессиональная психотерапевтическая лига 2012.



2. Старшенбаум Г.В. Аддиктология. Психология и психотерапия зависимостей – М.: Когито-Центр, 2006.

3. Антоненко А.А. Интернет-зависимое поведение. Клиника и диагностика / А.А. Астапов В.М. Тревога и тревожность СПб: Питер 2001.

4. Микляева А.В., Румянцева П.В. Школьная тревожность: диагностика, коррекция, развитие.- СПб.: Речь, 2004.-247 с.

**ОӘК: 378: 37**

**Анигам Макпал Нурсоветовна**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университетінің 2-курс магистранты, Семей қаласы*

**Дакина Гулайм Токеновна**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті аға оқытушы, Семей қаласы*

## **БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІНІҢ АНЫҚТАЛУЫ**

*Тұлғаның кәсіби құзіреттіліктерін қалыптастыру болашақ маман тәрбиелеудегі негізгі мәселе ретінде қарастырылады. Мақалада автор кәсіби құзіреттіліктің ерекшеліктерін көрсетеді. Әсіресе құзіреттілікті қалыптастырудағы педагогикалық шеберлік, білім, дағды роліне ерекше көңіл аударады.*

**Түйін сөздер:** *тұлға, студент, құзіреттілік, кәсіби құзіреттілік, педагогикалық шеберлік.*

*Формирование профессиональной компетентности рассматривается как ключевой вопрос в воспитании будущего специалиста. В данной статье раскрыты особенности профессиональной компетентности. Особое внимание уделено роли педагогических навыков, знаний и умений в формировании компетенций.*

**Ключевые слова:** *личность, студент, компетентность, профессиональная компетенция, педагогическое мастерство.*

*The formation of professional competence is considered as a key issue in the education of a future specialist. This article reveals the features of professional competence. Particular attention is paid to the role of pedagogical skills, knowledge and skills in the formation of competencies.*

**Keywords:** *personality, student, competence, professional competence, pedagogical skill.*

Болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігі оқытудың қазіргі теориялары туралы білімдеріне, оқыту технологияларын меңгеруіне, жаңашылдықпен дидактикалық ойлауының дамуына негізделеді. Кәсіби құзіреттілік шұғыл түрде дидактикалық шешімдер қабылдауға, дидактикалық мақсаттарды қысқа уақытта шешудің жолдарын табуға, оқытудың әдіс-тәсілдерін таңдауға негіз болады. Құзіреттілік бірінші орынға білімгердің ақпаратты сауаттылығын емес, оның мәселені дұрыс шеше білу қасиетін қояды. Кәсіби құзіреттілік деп - педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық-педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби біліктілігі мен дағдысының, тәжірибесінің бір арнада тоғысуы деуге болады. Бірақ, ғалымдардың қызығушылығымен зерттеу қорытындысы бойынша алынған нәтижелер болашақ мамандардың кәсіби құзіреттілігін дамыту жұмыстарының бүгінгі күні ғылыми тұрғыда айтарлықтай зейін қойылмағандығын және жеткілікті дәрежеде шешілмей отырғанын көрсетіп отыр. Оның негізгі себептері мыналар:

- кәсіби құзиреттілікті оны қалыптастырудағы кешенді педагогикалық, психологиялық феномен ретінде түсінумен студенттердің кәсіби даярлық сапасын арттырудағы мәселені шешу мүмкіндіктерін талап етудің жоқтығымен;

- болашақ мамандардың кәсіби құзиреттіліктерін дамытудағы теориялық-педагогикалық, психологиялық негіздері жасалуының жоқтығымен;

- болашақ маман тұлғасын қалыптастырудағы оқытудың инновациялық технологияларды қолданудағы формальды көзқарас тұрғысынан келу;

- кәсіби даярлау жағдайында болашақ мамандардың кәсіби құзиреттілігін дамыту жұмыстарының әдістемелік аспектілерінің жасалмауы.

Отандық ғалым, профессор Б.А.Тұрғынбаева «Өзінің практикалық әрекеті арқылы алған білімдерін өз өмірлік мәселелерін шешуде қолдана алуын – құзырлылықтар деп атаймыз» деп анықтаған [1], ал, Б.С.Гершунскийдің пайымдауынша «кәсіби педагогиканың бұл ерекшелігінде әрбір адам бірте-бірте баспалдақпен көтеріліп, тұлға ретінде қалыптасады. Бұл баспалдақтың мынадай табалдырықтары бар: жалпы және функционалдық сауаттылық – кәсіби құзырлылық – мәдениет – менталитет». Білім беруде тұлғаның негізгі құзыреттіліктерін қалыптастыруға және дамытуға бағытталуы оны ұйымдастырудағы құзыреттілік бағытын анықтап отыр және ол қазіргі білім беру жүйесінің әдіснамасында нақты білімділік негізі ретінде танылуда. «Кәсіби құзыреттілік» ұғымына қазіргі таңда бірнеше көзқарастар бар екені белгілі, ол көзқарастар бірнеше бағыттарды қамтиды.

Бірінші бағыт – «кәсіби құзыреттілік» ұғымының жеке тұлғаның дамуы, оның білімділігі мен тәрбиелігінің нәтижесі болып табылатын «мәдениет» ұғымымен тығыз байланысты.

Ю.Г.Фокин бойынша «құзыреттілік» түсінігін адам танымының, практикасының жаңалықтарының мазмұндарымен байланыстырады, сонымен қоса білім беру жүйесінің әр типі, саласы мен сатысы үшін білім беру талаптарын анықтауға болатын перспективалық сипат беріледі [2].

Екінші бағыт – кәсіби құзыреттілікті қасиеттер мен шеберліктердің жүйесі ретінде түсініп, философиялық, психологиялық, әлеуметтік, мәдени және жеке тұлғалық мағынадағы аспектілерден тұратын жүйе ретінде түсіндірді.

Үшінші бағытта – кәсіби құзыреттіліктің қалыптасуын кәсіби дайындықты ұйымдастыру мәселесінен бөліп қарастырады.

Төртінші бағыт – «кәсіби құзыреттілік» пен «кәсіби іс-әрекетке деген дайындық» түсініктерінің ара - қатынасын орнатуға негізделген бағыт. А.В.Либин кәсіби құзыреттілікті оның педагогикалық ойлауға теориялық әзір екендігі мен педагогикалық әрекет етуге практикалық дайындығы тұтастығы деп түсінген, ал С.С.Татарченкова кәсіби құзыреттілікті субъект іс-әрекетінің жеке интегралдық сапалы сипаты, біртұтас жағдайы мен оны жүзеге асыруға жеке тұлғаның әзір екендігі деп көрсеткен. А.К.Маркова өзінің кейінгі еңбектерінде кәсіби құзыреттілікті «өз бетінше әрекет жасауға ықпал ететін психикалық жағдай, адамның өз еңбегінің нәтижесінде арнайы еңбек функцияларын орындау қабілеттілігі мен шеберлігін меңгеруі» деп айқындайды. Болашақтағы мамандардың әлеуметтік құзыреттілігінің қалыптасуына ерекше көңіл аударып, оны барынша айқара зерттеген ғалымдардың бірі Г.Ж.Менлибекова, әлеуметтік құзыреттілік – әлеуметтік шындықты түсінуді, іс-әрекетке басшы ретіндегі нақтылы әлеуметтік білімдерді, өзін-өзі жүзеге асыруға және арнайы нормаларды шығаруға деген субъективтік қасиеттерді, өмірдегі басты іс-әрекеттерде әлеуметтік технологияларды жүзеге асырудың жеке шеберліктерін біріктіретін адамның кіріктірілген қасиеті деп қарастырады. ЖОО-ны студенттерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру жөніндегі пікірін «кәсіби құзыреттілік – жеке тұлғаның кәсіби іс-әрекетті атқаруға теориялық және практикалық әзірлігі мен қабілеттілігінің бірлігі», - деп тұжырымдаған ғалым Б.Т.Кенжебеков болып табылады [3]. Әртүрлі зерттеушілердің пікірі бойынша, негізгі құзыреттіліктер: коммуникативтік, ақпараттық, реттеуші құзыреттіліктерден тұрады, сонымен қатар психиканың қызметі негізінде жалпы

кабілеттіліктердің жіктелуін білдіреді. Коммуникативтік құзыреттілік - эмоциялық тұрақтылық, экстраверсия, басқа адамдармен қарым-қатынас орната білу компоненттерінен тұратын құзыреттілік. Ақпараттық құзыреттілік деп - өзі және өзінің жеке тұлғасы туралы еңбек нысаны, әлеуметтік қоршаған ортасы туралы ақпараттар көлемін құрайды. Реттеуші құзыреттілік – мақсатты тұжырымдау, жоспарлау, жұмылдыру мен тұрақты белсенділіктің, іс-әрекеттер нәтижелерін бағалау, рефлексия, құндылық бағдардың бар болуы арқасында өз мінез-құлқын басқара білу шеберлігін де білдіреді.

Біздің зерттеуімізде, жоғары білім беру жүйесінде болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытуға теориялық тұрғыда талдау жасалды, өйткені олар психологиялық-педагогикалық үрдісті жетілдіруге көмектеседі. Бұл үрдіске жоғары білім беру жүйесіндегі білім берудің негізгі міндеттерінің бірі – барынша жекелеп оқыту үшін жағдай жасап, білім алушылардың кәсіби құзыреттілігін дамыту және оның сапасын көтеруді шешудің қажеттілігімен анықталады.

Білім сапасы педагог қызметінің сапасына тікелей байланысты. Педагогикалық іс-әрекеттің нәтижесінің табысты болуы болашақ маманның тұлғалық қасиеттерімен де тығыз байланысты болып келеді. Болашақ маманның кәсіби құзыреттілігін шығармашыл тұлға ретінде қарастыру оның көптеген сапалық қасиеттерінен тұрады:

1) когнитивтік (танымдық) сапалары – қоршаған әлемді түсінуі, құбылыстардың мәнін білуге ұмтылуы, танымдық ынтасының тұрақтылығы;

2) креативтілік (шығармашылық) сапалары – ойлау белсенділігі, шығармашылық шабыт, қиял, болжай білу, ой тереңдігі, қарама-қайшылықтарды көре білу немесе сезу; өзекті мәселені табу; шығармашылық қызығушылығының тұрақтылығы т.б.; 3) әдіснамалық (ұйымдастырушылық) сапалар – тапсырманың мақсаты мен мәнін түсіну, мақсатқа жетуде іс-әрекетті оңтайлы ұйымдастыру, нәтижеге жетудегі табандылық, рефлексиялық ой-санасы, коммуникативтік қабілеттері. Сонымен, білім берудегі инновациялық процестерді жүзеге асырып, дамыту – бұл білім беру жүйесінің дамуы, оны жаңарту мен тиімділігін арттырудың шарттары. Сондықтан да қазіргі таңда қарым-қатынаста баланы объект деп қарамай, оны дамушы тұлға ретінде қабылдап, оқу-тәрбие жұмысын осыған лайық өзгерістерге сай, қазіргі педагогикадағы тұлғаны қалыптастыруға бағытталған жаңа технологияны енгізудің қажеттілігі туындап отыр. Ал жаңа технологияны пайдаланудың мақсаты – міндетті деңгейдегі білімді қалыптастыра отырып, шығармашылық деңгейге жету және дидактикалық құзыреттілікті қалыптастыру. Ғылыми зерттеу жұмысының бірінші кезеңінің нәтижесінде ЖОО студенттерінің зерттеу пәні ретіндегі кәсіби құзыреттіліктің жоғары білім беру жағдайына қатысты басты критерийлері мен көрсеткіштерін анықтауға мүмкіндік беретін педагогикалық-психологиялық шарттардың мәнін ашып көрсеттік.

Анықтау экспериментінің нәтижелері болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың мазмұны мен әдістемесін жасап, оның тиімділігін тәжірибелік-педагогикалық жұмыста эксперименттік топ арқылы тексеру бағытында арнайы жұмыс ұйымдастырудың және оны өткізудің қажеттігін туғызды.


Зерттеу барысында қарастырылған теориялық-әдіснамалық қағидалар, анықтау экспериментінің нәтижелері, оларды болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың өлшемдерімен салыстыру, жоғары оқу орнындағы педагогикалық үдерістің мазмұны мен ерекшеліктерін ескеру бізге эксперименталды зерттеу жұмыстарының бағытын анықтауға мүмкіндік берді.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмысының *мақсаты* – болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін дамытудың әдістемесін тәжірибеде тексеру.

Зерттеу келесі кешенді әдістерге негізделді: теориялық-анализ, синтез, жалпылау, анкета, эксперттік бағалау, өзін-өзі бағалау, бақылау топтарының әдістері, эксперимент. Зерттеу жұмысының анықтау кезеңінде осы мәселенің қазіргі кездегі зерттелуі барысы, оған әсер ететін жағдайларды анықтау мақсатында жұмыстар жүргізіп, оны болашақ

мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастырудың өлшемдері мен көрсеткіштеріне сүйеніп жасалған кешенді әдістеме көмегімен жүзеге асырдық.

Тәжірибелік-эксперименттік жұмыс педагогикалық-психологиялық зерттеулерде қолданылатын эксперименттік жұмыстар логикасына сәйкес жүргізілді. Бірінші кезеңде айқындаушы (констатациялық) эксперимент жүргізіліп, студенттерде интеграцияланған білім беру жүйесінде кәсіби құзыреттілікке даярлықтың қалыптасу деңгейі анықталды. Айқындаушы эксперимент кезеңінде алынған болашақ мамандардың жоғары білім беру жүйесінде кәсіби құзыреттілікті дамыту деңгейінің орта көрсеткіштері жұмысты бұдан әрі қарай жүргізу қажеттілігін анықтауға себеп болды. Зерттеу жұмыстарының нәтижелері эксперименттік топтағы респонденттердің кәсіби құзыреттіліктерінің жоғары деңгейге көтерілгенін көрсетті. Бұл көрсеткіштер динамикасының пайыздық қатынасы біз анықтаған кәсіби құзыреттілікті дамытудың педагогикалық шарттары кешенінің тиімділігін дәлелдейді. Осыған байланысты кәсіби құзыреттілік деңгейі төмен студенттердің саны азайып, ол 23,3% - көрсетті, ал эксперимент басында бұл көрсеткіш 40,8% -ды көрсеткен болатын.



Сурет 1 - Қалыптастыру экспериментінің қорытындысы бойынша кәсіби құзыреттіліктерінің дамуының динамикасы

Қарастырылып отырған мәселе өте ауқымды және тың болғандықтан, ол толық зерттеліп болды деуге болмайды. Келешекте болашақ маманның кәсіби құзыреттілігі қалыптасуының біртұтас жүйесін студенттердің зерттеушілік, ақпараттық, коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру бағыттарында құруға болады.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі

- 1.Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуметін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту.: теория және тәжірибе // Алматы. 2005.
- 2.Фокин Ю.Г. Преподавание и воспитание в высшей школе:Методология, цели и содержание, творчество: Учеб.пособие для студ. высш. учеб.заведений. – Москва: изд.центр «Академия», 2002.
- 3.Кенжебеков Б.Т. Жоғары оқу орны жағдайында болашақ мамандардың кәсіби құзыреттілігін қалыптастыру.– Қарағанды, 2005.
- 4.Сыздықбаева Г.У. Формирование профессионально-личностной компетенции студентов педагогических вузов. Алматы, 2006.

ӘОЖ: 159.9.

**Ахметова Құралай Нуриденовна**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты қ. Семей, Қазақстан*

**Ғылыми жетекшісі: Абдуллина Г.К.**

## **СТУДЕНТТЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІ ЖАЙЛЫ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ - ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР**

### *Аңдатпа*

Мақалада студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі жайлы педагогикалық - психологиялық зерттеулер мәселесі жан-жақты қарастырылған. Студенттердің әлеуметтену үрдісінде тұлғалық даму кезеңдері талданған. Сондайақ студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің үш түрі сипатталады.

**Түйін сөздер:** студент, әлеуметтену, бейімделу, қарым-қатынас, тұлғалық бейімделу.

### *Аннотация*

В статье всесторонне рассмотрены проблемы психолого - педагогического исследования о социально-психологической адаптации студентов. Проанализированы этапы личностного развития в процессе социализации. А также охарактеризованы три вида социально-психологической адаптации студентов.

**Ключевые слова:** студент, социализация, адаптация, общение, личностная адаптация.

### *Annotation*

The article comprehensively considers the problems of psychological and pedagogical research on the socio-psychological adaptation of students. The stages of personal development in the process of socialization are analyzed. Three types of socio-psychological adaptation of students are also described.

**Keywords:** student, socialization, adaptation, communication, personal adaptation.

Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі саясатындағы мақсаттың бірі – жан-жақты, білімді, шығармашылық қабілетті, танымдық іс-әрекеті мен белсенділігі жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру[1]. Ендеше жоғары оқу орындарында студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуін арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып саналады. Әлемдік ғылымда бейімделуді зерттеу 19 ғасырдың аяғы мен 20 ғасырдың басында басталды. 60 жылдың ортасына дейін әлеуметтік бейімделу мүлдем қаралмады. Бірінші авторларға С.Д.Артемов, К.М.Хайлов, В.И.Вершинина, В.П.Казначеев, И.А.Милославова, В.А.Ядов және тағы басқалары жатады. 60-90 жылдарда әлеуметтік бейімделу саясаттануда, әлеуметтік психологияда, демографияда, экономикада қарастырды.

Студенттер қоғамның ірі интеллектуалдық потенциалы. Студенттердің әлеуметтік құрылымы негізінен біздің қоғамымыздың әлеуметтік құрылымын айқындайды [2]. Студент материалдық және рухани өмірде жоғары кәсіби және әлеуметтік рөлдерді орындау үшін белгілі бір бағдарламамен іс-әрекеттері ұйымдастыратын әлеуметтік жеке тұлға. Студенттік жасқа әлеуметтік тұрғыдан жетілу кезеңі сәйкес келеді. Орыс психологтары Л.Н.Яковленко, Б.Г.Ананьев, А.В.Дмитрев, И.С.Кон зерттеулері бойынша жоғары оқу орнында оқу уақыты жастық шақтың екінші кезеңімен және ержету шағының бірінші кезеңіне сәйкес келеді [3].

Тұлғалық әлеуметтену адамның кез-келген ортаға бейімделуімен тығыз байланысты. Адам бейімделуінің төрт түрін көрсетуге болады: психологиялық, физиологиялық, биологиялық, әлеуметтік. Психология ғылымында адамдар мен қарым-қатынас орната алуын, яғни психикалық бейімделуді зерттейді. Әлеуметтанушы қоғамдағы адамның алатын орнын, бейімделудің әлеуметтік аспектісін қарастырады[4]. Бейімделу процесі аса динамикалы және бейімделудің жетістігі объективті-субъективті оқиғаларға, функционалды жағдайларға, әлеуметтік тәжірибеге, өмірлік бағдарға және тағы басқаларына байланысты. Әрбір адамға әсер еткен белгілі бір жағдай әртүрлі адамдарда түрлі жауап реакциясын тудыруы мүмкін.

Тұлғаның әлеуметтік- психологиялық бейімделу мәселесі психология ғылымының және психология салаларының күрделі мәселелердің бірі[5]. Әлеуметтік бейімделу әлеуметтенудің маңызды механизмі, адамның бейімделу ерекшелігімен (әлеуметтік әлемге бірте-бірте енуі мен мінез-құлық, жүріс-тұрыстың әлеуметтік ережелерін меңгеруі) және әлеуметтенуімен байланысты. Әлеуметтену және тұлғаның бейімделуі жақын түсініктер болғанымен (қоғам мен тұлғаның өзара әрекеттесуін сипаттайды) әлеуметтену түсінігі бейімделу түсінігінен кең әрі ауқымды.

Әлеуметтену тұлғалық қалыптасу, жетілу мен даму үрдістерімен ғана жиі байланысады, ал бейімделу – қалыптасып қойған тұлғаның икемделу үрдісімен байланысады. Тұлғаның әлеуметтік бейімделу үрдісінің субъективті бағыттылығын А.М.Ростова «егер әлеуметтену үрдісінде индивид ең алдымен қоғамның әсер ету объектісі болса, ал әлеуметтік бейімделу барысында қарым-қатынас пен іс-әрекеттің субъектісі болады» деп көрсеткен. М.И.Бобнева әлеуметтену мен әлеуметтік-психологиялық бейімделу үрдісінің өзара тығыз байланысын былайша сипаттаған: бейімделу процесінде тұлғаның әлеуметтік ортамен өзара әрекет етуі, тұлғаның мотивациялық және психикалық құрылымы, кейбір даралық ерекшеліктері мен психологиялық механизмдері индивидтің әлеуметтеуі барысында әлеуметтік жағдайдың әсерімен құрылады.

Тұлғаның әлеуметтенуі үшін тұлғаның қоғамда, нақты бір ұжымда бейімделуі аса маңызды жағдай. Л.Д.Столяренко тұлға әлеуметтеуінің бірінші сатысы әлеуметтену немесе бейімделу сатысы деп көрсетеді. Адамның әлеуметтік бейімделуі жеке позициясы мен әлеуметтік статусын түсінуін, онымен байланысты рольдік мінез-құлықтары мен міндеттерді шешу және жүзеге асыру барысындағы тұлғаның дара ерекшеліктерін жүзеге асыруды қарастырады[6]. Тұлғаның бейімделуі немесе бейімделе алмауының сипаты мен деңгейі көбінесе адамның биологиялық, физиологиялық, психикалық қасиеттеріне және оның әлеуметтік дамуына байланысты. Тұлғаның әлеуметтік бейімделуі ережелерді қайта орнатуға, әлеуметтік пайдалы қарым-қатынас, мінез-құлық, іс-әрекеттің өзгеруіне бағытталған. Психологиялық бейімделу әлеуметтік қажетті құндылық бағдар және мінез-құлықты меңгеру, әлеуметтік ортаның күтілімдері мен тұлғаның бағыттылығын, бағдарын жақындаттыру. Бейімделудің әлеуметтік және психологиялық жақтары бір-бірімен үздіксіз байланыста[7].

Әлеуметтік бейімделу процесінің негізі әлеуметтік ортаның ұсынатын талаптарына тұлғаның мінез-қылықтарының, жүріс-тұрысы мен іс-әрекеттерінің әлеуметтік күтілімдер жүйесіне сай болуы. Жеке адам мен топтың өзара қатынасының жағдайын ішкі және сыртқы қақтығыстарсыз басты әрекетке сәтті қосылуы, негізгі социогенді қажеттіліктерді қанағаттандыруы, топ ұсынатын рольдік күтілімдеріне қарсы шығуы, өзінің ісін көрсету мен шығармашылық қабілеттерін еркін көрсету жағдайы әлеуметтік-психологиялық бейімделу деп аталады[8]. Әлеуметтік топтарда психологиялық бейімделуді нәтижелі ететін маңызды фактор: әлеуметтік тұтастылық, тұлғааралық қарым-қатынасты орната алу қабілеті.

*Бейімділіктің туа біткен негіздері:* инстинктер, темперамент, дене құрылымы, эмоциялар, туа біткен интеллектік талабы, ағзаның физикалық жағдайы және сыртқы көрсеткіштері. *Адамның психикалық бейімделуі күрделі икемделу процесі болып табылады.* Жағымсыз жағдайлардың әсерінде бейімделудің икемдену түрі ең бірінші өзгеріске ұшырайды және басқа бейімделу деңгейлерінің бұзылуына ықпал етеді. Психикалық жағдай және онымен байланысты психикалық бейімделу жағымсыз әсерлердің бас миыға бағытталуына байланысты бұзылуы мүмкін және ортаның психогенді әсерлерімен де байланысты. Бейімделудің барлық тірі ағзалар үшін өмірлік маңызы зор. Осы тұрғыда А.В.Петровский әлеуметтену үрдісінде тұлға дамуының үш кезеңін бөліп көрсетеді: *бейімделу, даралану, интеграция (бірігу).* *Бейімделу деңгейі* – балалық кезеңге сәйкес келеді (адам қоғамдық қарым-қатынас объектісі ретінде қарастырылады): адам тұлға болуға бағытталады және ережелер, талаптар, белгілер жүйесін меңгереді. Егер балалық кезеңнің бейімделу деңгейінен өтпесе және әлеуметтік өмірдің негізін меңгермесе, ары қарай

икемделу мен бейімделу күрделене түседі[8]. *Даралану деңгейі* – даралық, жекелік қажеттілігі арқылы туындайтын кейбір жекелену (тұлға қоғамдық қарым–қатынастың субъектісі), бір адамнан екіншісінің ерекшеленуіне мүмкіндік туғызады. *Интеграция деңгейі* қоғам мен адам арасындағы белгілі байланысқа жетуді шамалайды, адам тіршілік әрекетінің үйлесімді түрін табады, қоғамда өздігінен жүзеге асырылу процесіне мүмкіндік туғызады.

Жеке тұлғаның бейімделуінің басты мақсаты, тыныш адамға айналу ғана емес, ол оның өз алдына қойған мақсатына жету, әлеуметтік организмге айналу. Олай болмаса, әлеуметтену процесі гуманистикалық ойдан айырылады және психологиялық қанаудың инструменті болады» [9]. Осыған байланысты отандық психологтар әлеуметтік-психологиялық бейімделудің екі типін көрсетеді: прогрессивті және регрессивті. *Прогрессивті* бейімделуде жеке тұлға қызығушылығы мен мақсатына жетеді. *Регрессивті* бейімделу формальды, не ортаның қызығушылығына, не әлеуметтік топтың дамуына, не жеке тұлғаның дамуына жауап бермейді. Көбінесе регрессивті бейімделу адамның топтық нормасына конформды, ол негізгі формальды қабылдауды көрсетеді. Мұндай жағдайда тұлға өзінің шығармашылық қабілетін көрсете алмайды және өзі толықтай қалыптаса алмайды. Тек қана прогрессивті бейімделу жеке тұлғаның дұрыс әлеуметтенуіне қабілеті бар, сонымен қатар конформистік бағдарламаны қолдану адамдарға систематикалық мінез-құлықтық қажеттіліктерімен нормасының бұзылуын қалыптастырады.

Механизм бойынша әлеуметтік-психологиялық бейімделу өз қалауынша немесе мәжбүрлі болады. «Бейімделу» терминімен қатар әлеуметтік психологияда қайта бейімделу термині қолданады. «Қайта бейімделу» тұлғаның бағалы білімін, оның мақсаты мен нормасын, қажеттілік мотивациялық сферасын толығымен жағымды мазмұнға айналады. Әлеуметтік-психологиялық бейімделу процесінде адам өмірдің ішкі және сыртқы шарттарымен іс-әрекетіне жетуге тырысады [10]. Ол орындалу үшін жеке тұлғаның бейімделуі жоғарлайды, яғни оның әлеуметтік өмірге деген қабілеттілік деңгейі. Бейімделудің түрлері: ішкі, сыртқы, аралас. Ішкі - ортаның өзгеруіне байланысты тұлғаның функционалды құрылымы мен жүйесі.(мұнда мінез-құлық формасының сырт келбеті және адамның іс-әрекеті өзгереді, қоршаған ортаның шарттарына байланысты тұлғаның бейімделуі толықтай болады), сыртқы келбеті (мінез-құлықтық, қабілеттілік), мұнда тұлғаның ішкі мазмұны өзгермейді, аралас-мұнда тұлға біраз өзгереді, бірақ өзінің мінез-құлқын, «өзіндік Менін» сақтайды.

Әлеуметтік-психологиялық бейімделу жеке тұлғаның қорғанысы ретінде де шығады, яғни осының көмегімен ішкі психикалық қорғаныс қалыптасады. Психиканың қорғаныс механизмдері адамның психологиялық бейімделу тәсілі ретінде қарастырады. Жоғарғы оқу орнына келіп түскеннен бастап болашақ мамандарға әлеуметтік қабылданған нормаларға жағымды қатынас, адамның өз мүмкіндіктерін шынайы бағалау сияқты жеке адамға тән қасиеттер дамиды. Студенттердің оқу орнына бейімделу үрдісіне орай жүргізілген көптеген зерттеулер келесідей негізгі қиындықтарға жіктеледі екен: кешегі мектептің ұжымындағы оқушылардың оның өзара көмегі мен моральдік қалауының кетуімен байланысты жағымсыз күйзелістер; кәсіпті таңдаудағы мотивацияның белгісіздігі, оған жеткіліксіз психологиялық даярлық, мінез-құлық пен іс-әрекетті психологиялық өзіндік реттей алмаушылық, оның күнделікті бақылауға ашылуын педагогтардың талап етуі, жаңа жағдайда еңбек пен демалыстың оптималды тәртібін қарастырып іздеу жұмыс пен өзіндік қызметті реттеу, әсіресе үй жағдайынан жатақханаға ауысу кезінде, соңғысы өзіндік жұмысқа дағдының болмауы, конспекті жасай алмау, алғашқы еңбек көздерімен, сөздіктермен, анықтама сілтемелермен жұмыс жасай алмаушылық. Барлық осы қиыншылықтар өзінің шығуына байланысты әртүрлі. Оның кейбіреулері объективті құрыла алмайтын, енді біреулері субъективті сипатта және де әлсіз даярлықпен, мектеп және жанұя тәрбиесіндегі ақаулармен байланысты.

Студенттердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуінің үш түрі бар:

- *формальды бейімделу* студенттердің жоғарғы мектеп құрылымына, оқыту мазмұнына және оның талаптарына қатысты;
- *қоғамдық бейімделу* топтық ішкі бірігуі және топтардың басқа студенттермен қосылу үрдісі;

*дидактикалық бейімделу* оқыту жұмыстарының түрлері мен әдістеріне байланысты бейімделу [11.129].

Әр студенттің әлеуметтік-психологиялық бейімделу үрдісі әртүрлі жүреді. Студенттік топтың міндеті –оптималды іс-әрекет үшін жағдай жасау. Студенттің жеке басының психологиялық дамуы –қарама-қайшылықтардың пайда болуы мен шешілуі, сыртқының ішкіге ауысуы, өзіндік серпіліс, өзімен белсенді жұмыс жасаудың диалектикалық үрдісі.

#### **Әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2011.
2. Яковленко Л.Н. Адаптация первокурсников // Аспирант и соискатель. – 2003. – С. 116-120.
3. Воронский В.А. Исследования студентов к условиям в вузы / В.А. Воронский // Соционика. – 2001. - №6. – С. 29-33.
4. Жарықбаев Қ. Психология. - Алматы: Білім, 1993. – 272 б.
5. Гоноболин Ф.Н. Психология. - Алматы: Мектеп, 1976. – 232 б.
6. Андреева Г.М. Психология социального познания. Учебник для вузов. Под ред. Шипова Л.Н. - М.: Аспект – Пресс, 2000. – 288 с.
7. Андриенко Е.В. Социальная психология. Учебное пособие для студентов педагогических вузов. Под ред. Слостенина В.А.– М.: Академия, 2000. – 264 с.
8. Асмолов А.Г. Психология личности. Принципы общепсихологического анализа.- М.: Мысль, 2001. – 416 с.
9. Григорьева М. В. Теоретические и прикладные аспекты проблемы адаптации в психологии //Проблемы социальной психологии личности. — Изд.: Саратовский гос. ун-т им. Н. Г.Чернышевского. — 2008.
10. Реан А. А. Психология адаптации личности / А.А, Реан, А.Р, Кудашев, А. А. Баранов. —СПб.:Прайм-ЕВРОЗНАК, 2008. — 479с.
11. Дубовицкая Т.Д. Методика диагностики направленности учебной мотиваций. Психологическая наука и образование, 2002. - № 2.

#### **ОӘК 37. 15.**

##### **Журсинтай Гулзат Ардакжанкызы**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университетінің 2-курс магистранты, Семей қаласы*

##### **Дакина Гулайм Токеновна**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университет, аға оқытушы, Семей қаласы*

#### **ПЕДАГОГТАРДЫҢ КӘСІБИ ДЕФОРМАЦИЯСЫНЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**



Аталған мақалада педагогтардың кәсіби деформация мәселесі қарастырылған. Педагогтардың кәсіби деформациясының теориялық аспектілері, сондай - ақ диагностикалау әдістемесі мазмұндалған.

Педагогтардың кәсіби деформациясын зерттеу аса өзекті. Теориялық және эмпирикалық зерттеу нәтижелеріне сүйеніп, педагогтың кәсіби деформациясын зерттеудің негізгі мәселесі бөліп көрсетілген.

Түйін сөздер: «тұлға», «эмоция», «деформация», «стресс», «кажу синдромы».

В данной статье рассмотрена проблема профессиональная деформация педагога. Изложены теоретические аспекты профессиональной деформаций педагога, а также методы диагностики.

Надо отметить, что исследования профессиональной деформаций педагога является очень актуальными. Опираясь на данные теоретические и эмпирические исследования, выделены основные проблемы исследования профессиональной деформаций педагога.

Ключевые слова: «личность», «эмоция», «деформация», «стресс», «синдром выгорания».

*This article discusses the problem of professional deformation of a teacher. The theoretical aspects of the teacher's professional deformations, as well as diagnostic methods, are described.*

*It should be noted that the study of professional deformation of the teacher is very relevant. Based on these theoretical and empirical studies, the main problems of studying professional deformations of a teacher are identified.*

**Keywords:** «Personality», «emotion», «deformation», «stress», «burnout syndrome».

Зерттеу тақырыбына байланысты түрлі терминдер қолданылды «эмоционалды қажу» (Т.В.Форманюк, Е.В.Юдин) «эмоционалды қажу» (В.В.Бойко, М.В.Агапова), «шамадан тыс қажу» (Г.А.Зарипова), «психикалық қажу» түсінігі (Н.Е.Водопьянова, А.Б.Серебрякова) т.б. [1] Эмоционалды қажу кәсіби деформацияны құраушы психологиялық қорғаныс стресс күйі ретінде қарастырылады. XX ғасырдың басында П.Сорокин элеуметтік мобильділікке қатысты сұрақтарды қарастыра отырып, кәсіби әрекеттің мамандыққа әсерін анықтау барысында «кәсіби» деформация түсінігін еңгізді. 1960 жылы бұл түсінікті заң психологиясы саласының зерттеушілері қолданады (Е.С.Романова, С.П.Безносков, Е.Г.Лунина). Осы кезден бастап аталған феноменнің жеке жақтары зерттеле басталды. «Кәсіби деформация» түсінігімен қатар, аталған жұмыстарда мағыналары бір «кәсіби деструкция», «кәсіби деградация» терминдері қолданылған (А.К.Маркова, Е.А.Климов, Е.Ю.Пряжникова, А.Ф.Шикун т.б.).

Т.А.Жалагинаның жұмысында аталған түсініктерге келесі анықтамалар беріледі: А) деградация (лат. gradus - деңгей) – алдында жинақталған кәсіби қасиеттерінің жоғалуы, жағымсыз жаққа беталысы [2].

Б) деформация (лат. deformation) – ішкі және сыртқы факторлардың өзара әрекетінің нәтижесіндегі өзгерісі;

В) деструкция (лат. destructio) – қалыптасқан құрылымның бұзылысы. Н.С.Ахтаева бойынша кәсіби деформация – алуан түрлі кәсіби аурулардың көрінісі және көбіне олардан құтылуға болмайды дейді.

Кәсіби деструкциялар – бұл қалыптасқан әрекеттер және тұлға құрылымындағы еңбек табысына және осы үдеріске қатысушылардың өзара байланысына теріс әсер беретін өзгерістер. Кез келген кәсіби қызметтің көп жылдар бойы іске асырылуы еңбек функцияларының табысын төмендететін немесе бұл үдерісті қиындататын тұлғаның бойына деформациясының пайда болуына әкеледі. Тұлғаның кәсіби деформациясы – бұл психикалық құрылымның, тұлға сапаларының кәсіби қызметті іске асыру мен соның әсері барысындағы өзгерістер.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді талдау барысында тұлғаның кәсіби деформациясын түсіндіретін негізгі бағытты бөліп көрсетуге болады: Кәсіби стресс тұжырымдамасының өкілдері В.В.Бойко, Н.Е.Водопьянова т.б тұлғаның кәсіби деформациясының пайда болуына мазасызданудың жоғарылауы, эмоционалдықтың төмендеуін жатқызады. Мазасызданудың әсерінен кәсіби дағдарыстан тұлғалық қорғану механизмдері дамиды. Кәсіби дағдарысты зерттейтін зерттеушілер бойынша бұл өз кезегінде эмоционалды күйіп-пісу синдромының пайда болуына әкеледі.[3] Тұлғаның кәсіби деформациясына әкелетін дағдарыстың негізгі пайда болуының себебі кәсіби іс-әрекеттің өзі болып табылады. Мұның ішінде педагогқа қойылатын кәсіби талап пен оның тұлғалық ресурстарының сәйкессіздігін атауға болады. С.П.Безносков, Р.М.Грановская, Э.Ф.Зеер, Е.А.Климов өкілдері болып табылатын рөлдердің әлеуметтік-психологиялық теориясына сәйкес, кәсіби деформацияның негізгі механизміне адамның өз «Менінің» әлеуметтік рөлімен теңдестіруі жатады. Аталған амалдардың арасындағы айырмашылық педагогтардың тұлғалық-кәсіби деформациясының пайда болуы мен өту механизмдерінде көрінеді. К.А.Абульханова-Славская тұлға белсенділігінің кәсіби деформациясы екі себепке, атап айтқанда кәсіби іс-әрекеттің деформациялануы мен өзіндік тұлғаның деформациясына тәуелді екендігін айтады. Бірінші жағдайда кәсіптің тұлғаны жатсынуын атауға болады. Адамның өзіндік мотивтері бола тұра, оған қатысы жоқ мақсат пен мотивті орындауы міндеттеледі. Екінші жағдайда тұлғаның өзі деформацияға ұшырайды, оның жоғары қажеттіліктері құндылығын түсіріп, қанағаттандыруын тоқтатады. Адам үшін оның еңбегінің, күш - жігерінің, қабілеті мен тәжірибесінің нәтижелері бағаланбайды. Кәсіби іс-әрекетін, өзінің шеберлігін жетілдіру қабілетін жоғалтады.[4]

Деформацияның пайда болуының тағы бір себебіне тұлғаның эмоционалды күйіп-пісу синдромы жататын дағдарыс пен депрессияны атауға болады. Кәсіби даму үдерісіндегі адамның өзгеруі практикалық тұрғыдан үздіксіз жүретін үдеріс. Бір жағынан, тұлға білім, білік, дағды жинақтайды, өзін-өзі жетілдіреді, екінші жағынан кәсіби деформация деп аталатын жағымсыз күйлердің пайда болуымен анықталады.

Педагогтардың кәсіби деформацияларының ішінде көбіне қызметтік деформация орын алады. Педагогтың қызметтік бабын шектемеудің нәтижесінде өзгенің пікіріне шыдамсыздық таныту, өзінің қателіктерін көрмеу, тек өзіндік пікірдің дұрыстығы туралы сенімділік пайда болады. Бейімделу деформациясы тек педагогтың кәсіби іс-әрекетінің нақты шарттарына бейімделу кезінде пайда болады, нәтижесінде тұлға бойында жоғары деңгейде конформизм қалыптасады, мекемедегі жалпы қабылданған мінез-құлық модельдерін қабылдап, қатаң түрде басшылықтың нұсқауына және ережесіне сәйкес әрекет етеді. Педагогтардағы деформацияның жоғары деңгейі тұлғалық сапалардың жағымсыз өзгерісімен анықталады. Оның ішіне авторитарлық, агрессивтілік т.б. атауға болады. Кәсіби деградация деп - аталатын кәсіби деформацияның ақырғы деңгейінде тұлға өзінің адамгершілік құндылықтарын өзгертіп, кәсіби құзыретті емес маманға айналады. Г.М.Грановскаямен В.А.Хомский кәсіби деформация стереотипті әрекеттермен байланысты деп айтады. С.П.Безносков, Р.М.Грановская, Л.Н.Корнеева, А.К.Маркова секілді зерттеушілер әдетте кәсіби деформацияға «адам-адам» типіндегі мамандықтарға жататын, яғни адамдармен үнемі байланысқа түсетін мамандар көп ұшырайтынын айтады. Сонымен, тұлғаның кәсіби деформациясы – ұзақ уақыт бойы бір әрекет түрімен айналысу кезінде пайда болған тұлғалық сапалардың өзгерісі (таптаурындар, құндылық бағдар, қарым-қатынас тәсілі мен мінез-құлықтары).[5]

Э.Ф.Зеер бойынша кәсіби деформация – еңбектің тиімділігіне және осы үдеріске қатысушылардың өзара әрекетіне жағымсыз әсер етуінде көрінетін, қалыптасқан іс-әрекет пен тұлға құрылымының өзгерісі. Кәсіби іс-әрекетті игеру барысында субъектінің кәсіби даму бағытының жүйесі таптаурындарға байланысты. Адамда қалыптасып қалған қондырғылар мен таптаурындар өз кезегінде ригидтілікті тудырады.

Ригидтілік – (лат. rigidus – «қатты, берік») жаңа жағдаяттық талаптарға сәйкес көздеген мақсаттар немесе қалыптасқан мінез-құлық нормасын қайта құру барысында қиналу, қоршаған ортаның өзгерісіне нашар бейімделу қабілеті. Ригидтілік кенеттен пайда болған немесе тез өзгеруді талап ететін жағаяттарда мінез-құлықтың төмен иілгіштігінің салдарынан консервативтілік секілді сапаларды жоғарылатады. Ригидтілік көбіне «қандай да бір заттық әрекеттің сапасыз орындалуының шарты болып табылатын тұлғаның индивидуалды психологиялық ерекшелігін танытады. Бұл өзінің психикалық қондырғысын өзгерту, жағдаятқа әрекетін немесе қатынасын өзгерту, өзгенің орнына өзін қою, жаңа бейімделу тәсілдерін игеру, жаңа материалды қайтадан ұйымдастыру, мінез-құлығын өзгертуді талап ететін объективті жағдаяттарға жеке адамның қабілетсіздігін көрсетеді.

Кәсіби стрессогендік факторлар, маманның тікелей жұмысына байланысты болғандықтан, әр түрлі неврологиялық бұзылулардан психосоматикалық бұзылуларға әкелуі мүмкін. Тұлғаның кәсіби деформациясы – бұл кәсіпқой маман иесінің жұмысының әсерінен тұлғаның мінез-құлқының өзгеруі.

*В.В.Бойконың «Тұлғаның эмоционалды қажу диагностикасы» әдістемесі жүргізілді.* Әдістеме мақсаты: эмоционалды қажу фазасын анықтау.

Аталған әдістеме бойынша алынған нәтижелер тұлға туралы толық мінездеме алуға және эмоционалды қажуды коррекциялауға жеке нұсқаулар беруді анықтауға мүмкіндік береді. В.В.Бойконың «Тұлғаның эмоционалды қажуы диагностикасы» әдістемесі нәтижесін талдау, педагогтардың 11,5% қысымдық фаза қалыптасқанын 31,5% қалыптасу кезеңінде, 57% қалыптаспағанын көрсетті. Жүйкелік қобалжу қысымы осы фазаға тән, ол эмоционалды қажудың қалыптасуы алғы шарты болып табылатындығы анықталды.

Қысым фазасы қалыптаспаған топқа 5-7 жыл еңбек стажы бар педагогтар кірді. Аталған көрсеткіштер кәсіби даму перспективасы бар педагогтарда қысым сирек көрінеді, дегенмен бұл топта кәсіби қызметтің жағымсыз ықпалына түскендер бар. «Қобалжу» белгісі кәсіби қызметте психотравмалық факторлар сезілуінің күшеюінен анық байқалады. Егер адам ригидті болмаса, онда тітіркену ақырындап өсіп, жинала береді. Шешілмейтін жағдаяттар «қажу» құбылысы туындауына әкеледі. Қалыптаспаған симптоматикаға 81,5% -де, қалыптасушы – 11,4%, қалыптасқан - 7% респонденттерде анықталды.

Зерттеудің бірінші кезеңінде педагогтардың тұлғалық және жеке ерекшеліктері зерттеліп, тұлғалық қобалжу, эмоционалды тұрақсыздығы мен нейротизм анықталды.

«Қысым» фазасында әсіресе, жауапкершілікті жоғары бағалайтын педагогтардың бойында эмоционалды қажу синдромы көрінді. Олар белсенді, оптимист, конфликт және қиыншылықтарды жеңіл шешкенмен, олардың да бойында елеулі психосоматикалық бұзылыстардың бар екендігі байқалды. Оларда эмоционалды қажу синдромының қалыптасуы жоқ, дегенмен «Қысым» фазасында қобалжу және өзіне көңілі толмаушылық белгілері байқалды.

Соныменен, констатациялық эксперимент бойынша эмпирикалық мәліметтерге сүйеніп, жоғары оқу орнында педагогтарда байқалған жоғары эмоционалды қажу синдромы олардың кәсіби қызметінің табыстылығына және өзін - өзі жүзеге асыруға жағымсыз ықпал ететіндігін анықтады. Эмоционалды қажу синдромы педагогтардың жұмыс стажына ғана емес, олардың тұлғалық ерекшеліктеріне тікелей тәуелділігі анықталды. Эксперименттік зерттеу жұмыстарының нәтижесінде барлық таңдама бойынша педагогтардың өзін-өзі белсендіру деңгейі орташа - 36% - ды құрады: танымға қажеттілігі, шығармашылыққа ұмтылуы орташа, мазасыздану, агрессия, байланысқа түсумен қарым-қатынастағы иілгіштік орташадан жоғары көрсеткіштер көрсетті, эмоционалды интеллектінің жоғары деңгейі тән, өзінің эмоцияларын саналы түсініп, үнемі өзінің эмоция қорын толтыру қабілеті орташадан төмен, ал эмоцияларын басқара алу қабілеті орташадан жоғары, өзіндік мотивациясы және эмпатиясы орташадан төмен, өзге адамдардың эмоцияларын басқаруда қиыншылықтар кездесті. Педагогтардың өзін-өзі белсендіру деңгейі жоғары 29%-ді пайызды құрады. Өзін-өзі белсендіруі төмен деңгейдегі оқытушылар 35%-ды құрады. Тұлғалық-мотивациялық

қасиеттердің ішінде өзін-өзі тану, шығармашылыққа ұмтылу, эмпатиямен әсіресе, тұлғааралық қарым-қатынастағы коммуникативті қызметтерінің төмен деңгейі және стресске тұрақтылық қасиеті төмен педагогтардың саны жоғары екендігі анықталды.

Алынған эмпирикалық мәліметтерге сүйеніп, жоғары оқу орнында педагогтарда байқалған жоғары эмоционалды қажу синдромы олардың кәсіби қызметінің табыстылығына және өзін - өзі жүзеге асыруға жағымсыз ықпал ететіндігін анықтадық.

Соныменен алынған зерттеу мәліметтері бізге эмоционалды қажуды тұлғаның эмоционалды күйі, яғни жағымсыз психологиялық, мінез - құлықтық және физиологиялық белгілермен сипатталатын: психоэмоционалды қажуды көрсететін динамикалық күйі деген тұжырым жасауымызға мүмкіндік берді.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1.Бойко В.В. Синдром «эмоционального выгорания» в профессиональном общении/ В.В. Бойко. СПб., 1999.

2.Водопьянова Н.Е. Синдром выгорания: диагностика и профилактика. СПб.: Изд-во «Питер», 2005.

3.Орел В.Е. Синдром психического выгорания личности М.: Изд-во «Институт психологии РАН», 2005.

4.Рукавишников А.Л. Личностные детерминанты и организационные факторы психического выгорания у педагогов Ярославль, 2001.

УДК 159.9

### Жұмақұлова Гүлнұр Аманжолқызы

2 курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық - заң университеті, Семей қ.

### ЖОО СТУДЕНТТЕРІНІҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ӘЛЕУЕТТЕРІН ДАМЫТУ

*Бұл мақалада көшбасшылық әлеует – ол мәнді жағдайларда жауапты шешім қабылдауға құқылы топ мүшесі, бірлескен қызмет ұйымында қарым – қатынасты реттеуші және шынайы абыройлы рольге ие тұлға көрінісін көрсетеді. Мақалада көшбасшылықты зерттеудегі классикалық және заманауи тұжырымдамаларына шолу жасалды. Көшбасшы бір мезгілде топ басшысы болуы да, болмауы да мүмкін.*

**Түйін сөздер:** жастар, студент, көшбасшылық қасиеттер, команда, көшбасшы стилі.

*В данной статье лидерский потенциал-это проявляется член группы, который имеет право принимать ответные решения в существенных случаях, личность, регулирующая отношения в организации совместной деятельности и обладающая честной ролью. В статье был проведен обзор классических и современных концепций изучения лидерства. Лидер может быть одновременно и руководителем группы.*

**Ключевые слова:** молодежь, студент, лидерские качества, команда, стиль лидера.

*In this article, leadership potential is the only member of the group who has the right to make reciprocal decisions in significant cases, a person who regulates relations in the organization of joint activities and has an honest role. The article was a review of classical and modern concepts of learning leadership. A leader can also be a group leader.*

**Keywords:** youth, student, leadership qualities, team, leader style.

Басшының лидерден айырмашылығы, басшыны кейде мақсатты түрде сайлайды, көп жағдайда тағайындайды. Басшы басқаратын ұйымның ісінің жағдайы үшін жауапты және ұйым мүшелерін бірлескен әрекетте ресми түрде көтермелеуге немесе жазалау құқығына ие. Көшбасшы – бұл басымдылық таныту мен бағынудың қатынасы, топтағы тұлғааралық қатынастар жүйесіне әсер ету және ілесу. Көшбасшылық - әрдайым беделді тұлғаның жеке қасиеттерінің ол ықпал етуге тырысатындардың қасиеттерімен және осы топта орын алған жағдаймен ара қатынасына тәуелді болатын ықпал ету күші.

Психологияда ұсынылған көшбасшы сапасын келесі топтарға біріктіруге болады:

- 1) Ерік. Өз жолында кедергілерді жеңу қабілеті. Ерік-бұл адамға алға жылжуға көмектеседі.
- 2) Табандылық.
- 3) Тәуелсіздік және бастамашылық
- 4) Бейімделу-жаңа жағдайларға бейімделе білу.
- 5) Өзіндік сын
- 6) Өзіңізге және басқаларға талап ету
- 7) Психикалық тұрақтылық
- 8) Сенімділік.
- 9) Төзімділік.

Көшбасшылық феномені кез келген қоғамның өмір сүруіне тән ажырамас бөлігі болып табылады. Көшбасшылық ұғымы қоғамның әлеуметтік өмірінің барлық сипаттарына сай келеді. Бұл ретте әлеуметтік психологтардың көпшілігі көшбасшылық мәселелеріне қатысты зерттеулердің 90% - ы әлем тұрғындарының 7%-ын ғана құрайтын еуропалық және американдық қоғамда өткізілгеніне қанағаттанбаған. Білім беру саласындағы көшбасшылықты зерттеу мәселесі ерекше қызығушылық тудырады. Б. С. Павловтың пікірінше, жоғары білім - жастардың әлеуметтік ұтқырлығының басты факторы. Қазіргі бітіруші түлектерге қойылатын талаптар креативтілік, мәселелерді шешу қабілеті, жауаптылық сынды құзыреттіліктерге ие болу болып табылады. Кәсіби саладағы табыс көбінесе әлеует ретінде жиі белгіленетін адамның ішкі, жасырын резервтеріне байланысты. Мұндай көзқарасты А. Адлер, В. А. Ананьев, А. А. Деркач, В. Г. Зазыкин, Л. И. Иванько, М. С. Каган, Д. А. Леонтьев, И. П. Манох, А. Маслоу, В. С. Мерлин, В. Г. Нестеров, К. Роджерс, В. Н. Шердаков, Б. Г. Юдин, К. Юнг және т. б. ғалымдардың психологиялық және педагогикалық зерттеулерінде байқауға болады. «Әлеует» ұғымының өзі бұл белгілі бір педагогикалық жағдайларда кәсіби табыстылықты болжайтын немесе алдын ала айқындайтын гипотетикалық белгіленген мүмкіндіктер. Бірақ мақсатты, алдын ала жобаланған жұмысты жүргізбестен әлеуеттің жалпы кәсіби өзін-өзі іске асыру тиімділігіне қауіп төндіре отырып, іске асырылуға елеусіз мүмкіндігі бар екенін көрсетеді. Педагогикалық әлеует жоғары кәсіби білім берудің негізгі ұғымдарының бірі, ал оның дамуы – негізгі міндеті болып табылады.

Студенттер жасындағы көшбасшылыққа ерекше көңіл бөлінеді, ол 18-23 жас аралығын қамтиды. Бірқатар авторлардың пікірінше, бұл кезең жеке тұлғаның қалыптасуында өте маңызды. Дәл осы кезеңде өзін-өзі тану дамиды, кәсіби өзін-өзі анықтаумен және ересек өмірге енумен байланысты мәселелер шешіледі. Жастар қозғалысында көшбасшы осы қозғалыстың ырғағы мен үніне әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар басқаруда, топ мүшелері арасындағы коммуникацияда, барлық ұйым жұмысының тиімділігіне басты рөл атқарады. Студенттердің топтары арасында эмоционалды, сонымен қатар іскерлік қарым-қатынасты қамтитын тұлғааралық өзара қарым-қатынасты дамыту мен түрлендірудің динамикалық процестері орын алады. Студенттік топтарда топтық рөлдерді бөлу жүзеге асырылады, сәйкесінше өзін көшбасшы ретінде көрсете алатын студенттер бар. Алдағы уақытта студенттер қатары арасында көшбасшылық резервін басқара алатындардың көшбасшылық әлеуетін жүзеге асыру үшін жағдайлар жасалады. Қазіргі кезде студенттер болып табылатын әлеуетті саясаткерлер ЖОО-ның білім алушылар болып табылатындықтан, болашақта өздерін білікті басшылар ретінде жүзеге асыра алады, сонымен қатар олардың

тиімді жұмысы қоғам өмірінің қандай да бір саласында түрлі әлеуметтік құрылымдарды басқаруға әсер етуі мүмкін.

Бастапқы курс студенттері арасындағы көшбасшылық феноменін зерттеу ерекше маңызға ие болып табылады, өйткені бірінші оқу жылы кезеңінде оқу тобының қалыптасу үдерісі өтіп, тиісінше көшбасшылықтың дамуы және топтың әлеуметтік-психологиялық климаты қалыптасады. Бұндағы жүзеге асырылған жұмыс студенттер арасындағы көшбасшылықты зерттеу қандай әлеуметтік-психологиялық көшбасшылықтың сипаттамасы болып табылса, ондағы шағын топтың қалыптасу кезеңіндегі түрлерінде жиі көрінеді.

Көшбасшылық ұғымының көптеп анықталған түрлері бар. Жалпы алғанда "көшбасшы" термині қоғамдастықтың мүдделерін қанағаттандыруға байланысты бірлескен қызметті біріктіру мақсатында басқаларына әсер ету қабілеті бар тұлға деп түсініледі. Классикалық тарихи зерттеулер бойынша көшбасшылықтың үш негізгі тәсіл:

1. Әмбебап зерттелетін мінездеме, яғни табысты көшбасшы тұлғасының мәні, оған тән тұлға ерекшеліктерінің ерекшеліктері.

2. Көшбасшының жүзеге асыратын қызметіндегі контекстінде көшбасшылықты зерттейтін мінез-құлық тәсілі. Бұл тәсілде қандай да бір көшбасшының табысты іс-әрекетіне жәрдемдесетін жан-жақты мінез-құлық сипаттамаларының ерекшеліктері.

3. Белгілі бір уақыт жағдайларын есепке ала отырып, құрылымдық және мінез-құлық теорияларын синтездейтін жағдайлық тәсіл.

Көшбасшылықты зерттеудегі заманауи бағыттарға харизмалық тұжырымдамалар, трансформациялық және транзакциялық көшбасшылық, сондай-ақ харизма феноменімен байланысты басқа да теориялар жатқызуға болады.

Көшбасшылықтың қазіргі заманғы тұжырымдамаларының арасында когнитивті көзқарас тұрғысынан зерттейтін ақпараттық процесс теориясын, шешімдер қабылдау механизмдерін (мысалы, атрибутивтік көшбасшылық), сондай-ақ "көшбасшы-ізбасарлар" концепциясын бөліп көрсетуге болады.

Заманауи бағыт ретінде альтруистік немесе этикалық көшбасшылық көшбасшылықты зерттеуде көшбасшыны рухани тәлімгер ретінде қарастырады.

Зерттеудің мақсаты - қазіргі заманғы әлеуметтік-мәдени жағдай контекстіндегі бірінші курс оқу тобының климатының әлеуметтік-психологиялық лидерлік ерекшеліктерінің сипаттамаларына әсерін талдау.

Қалыптастыру және жетілдіру технологияларын зерделеу, сондай-ақ көшбасшы тұлғасының өз ізбасарларына әсер ету ерекшеліктері, жаңа уақыт жағдайында тиімді басқару тетіктерін іздеу - қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелер негізінде жүзеге асырылады. Мақалада көшбасшылықты зерттеудегі классикалық және заманауи тұжырымдамаларына шолу жасалды.

Оқыту жүйесінде көшбасшылық әлеуетті дамытуға және анықтауға ықпал ететін технологиялар келтірілген, сонымен қатар оларға коучинг немесе нетворкинг, тренинг, студенттік өзін-өзі басқару, курстарды білім беру бағдарламасына енгізу жатады. Бұл жұмыста көшбасшы бүкіл топтың қызметіне әсер ететіні, бірінші курс студенттері арасында көшбасшылықтың ерекшеліктері кеңінен зерттелді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Лидер // Энциклопедический словарь Брокгауза и Ефрона: В 86 томах (82 т. и 4 доп.). — СПб., 1890—1907.
2. Абрик Ж. К. Креативность групп // Социальная психология / Под ред. С. Московичи. — М.; СПб.: Питер, 2007. — С. 207—226.
3. Виханский О. С. Менеджмент [Текст]: учебник / О. С. Виханский, А. И. Наумов. — 3-изд. — М.: Гардарика, 1999. — 528 с.
4. Егорова Е. В. Интенсивные технологии в развитии лидерских качеств студентов // Вестник Балтийской педагогической академии. № 95/2011, 118-121 с.

ӘОЖ: 172.2

**Жылқайдаров Айқын Серикбаевич**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты қ. Семей, Қазақстан*

**Ғылыми жетекшісі: Абдуллина Г.Ж.**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы қ. Семей, Қазақстан*

## **ЖАСТАРДЫҢ РУХАНИ-АДАМГЕРШІЛІК ҚАСИЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ-ПЕДАГОГИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

*Аңдатпа*

Мақалада жастардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық негіздері жан-жақты қарастырылған. Рухани-адамгершілік қасиеттер ұғымы жан-жақты талданған. Жастардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың маңызы мен қажеттілігі сипатталады.

**Түйін сөздер:** руханилық, адамгершілік, рухани-адамгершілік қасиеттер, ұлттық тәрбие

*Аннотация*

В статье рассмотрены психолого-педагогические основы формирования нравственно-духовных качеств у молодежи. Всесторонне проанализированы понятия нравственности и духовности. Охарактеризована важность и необходимость формирования нравственно-духовных качеств у молодежи.

**Ключевые слова:** духовность, нравственность, духовно-нравственные качества, национальное воспитание

*Annotation*

The article comprehensively examines the psychological and pedagogical foundations of the formation of moral and spiritual qualities in young people. The concepts of morality and spirituality are comprehensively analyzed. The article describes the importance and necessity of forming moral and spiritual qualities in young people.

**Keywords:** spirituality, morality, spiritual and moral qualities, national education.

Руханилық дегеніміз - адам сана-сезімінің, сенімі мен сапасының, білімі мен өмір сүру тәсілінің көрсеткіші, адамның ішкі болмысы. Руханилық – көптеген ұрпақтар тәрбиесінің тарихи процесінен, мәдениеттің пайда болуынан дамып келе жатқан сапа[1]. Руханилық – дүниедегі ең бағалы, асыл байлық; адамның ішкі жан дүниесінің күйінен көрінеді. Руханилық - бұл (модус, «режим») интеллектуалдылықты және эмоционалдылықты, өнегелілікті және эстетикалық, сондай-ақ экологиялық идеяны, сезім мен күйгелектілікті, жеке тұлғаның ішкі бекітілімін, бүтіндік жиынтығын сипаттайтын адамның психикасы мен мінез-құлқының сипаттамасы.

Н.В.Савин бұл ұғымды былай деп түсіндіреді: «Адамгершілікке тәрбиелеу адамның дүниеге, адамдарға деген көзқарасын анықтайды, оның ықпалымен жеке адамның адамгершілік құлқын қалыптастырады». И.В.Харламов адамгершілік тәрбиесінің мәнін әртүрлі қоғамдық қатынастар барысында жеке адамдардың бір-бірімен қарым-қатынас жасау барысындағы мінез-құлық әрекеттері тұрғысынан анықтайды. Қазақстандық философ Г.Г.Соловьева руханилық адамның жарықты, нұрды қабылдай білу қасиеті деп көрсетеді. Бұл құбылыстың негізін адамдар өздерінен іздеу қажет, материалдық болмыстың заңдылығын мойындау керек деп ескертеді. Ал Дальдің түсіндірме сөздігінде бұл ұғымның мәні танымдық деңгейде қысқа ғана берілген. Ал рухани жөнінде көрнекті ғалым Ш.Майғаранова:

«Рухани даму - тұлғаны қалыптастырудың өзегі және ол адамның тәндік, жандық, рухтық сипатының біртұтас үйлесімділікте өрбуі», - дей отырып, - «рухани дамудың өлшемі ретінде адамның әлеуметтік дамуын алуға болады», - деп түсіндіреді.

Қазіргі таңда жастардың рухани-адамгершілік қасиеттерінің қалыптасып-дамуы ғылыми-психологиялық және педагогикалық білімдер жүйесінде, сондай-ақ білім беру тәжірибесінде негізгі орындарға ие[2]. Әртүрлі психологиялық-педагогикалық бағыттар негізінде тұлғаның рухани-адамгершілік өсу көздерінің ізденісі жатыр. Тұлғаның рухани-адамгершілік жақтарын дамытудың үлкен тәжірибесі жинақталған (Андреев В.И., Аминев Г.А., Асмолов А.Г., Библер В.С., Вайцехович В.Э., Грот Н.Я., Зинченко В.П., Кандинский В.В., Мухаметзянова Г.В., Надеева М.И., Попов Л.М., Кашин А.П., Старшинова Г.А., Столович Л.Н. және басқалар).

Қазіргі қоғам өміріндегі рухани-адамгершілік қасиеттерді қалыптастырып-дамыту мәселесі ерекше маңызды, өйткені - әртүрлі жастар арасында заңсыздық, қылмыскерлік, дөрекілік, пайдакүнемділік, менменшілдік, проституция, нашақорлық, сондай-ақ жастардың өмір маңызын жоғалтуы, материалдық құндылықтарды рухани құндылықтардан жоғары қоюы, психосоматикалық және рухани денсаулықтың төмендеуі өріс алуда. Ал рухани мәдениеттің тоқырауы ізгілік пен адамгершіліктің төмендеуіне, қара бастың қамын ойлап, тек материалдық дүние шырмауында қалуға ықпал етуде.

Жастардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастырудың негізгі бағдарлы идеялары еліміздің Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан - 2030» стратегиялық бағдарламасында толық өркениетті ел болу үшін алдымен өз мәдениетімізді, өз тарихымызды бойымызға сіңіріп, содан кейін өзге дүниені игеруге ұмтылғанымыз жөн екендігі айтылған[3]. Олай болса, басты мақсат – жас ұрпақты ұлттық игіліктер мен адамзаттық құндылықтар, рухани-мәдени мұралар сабақтастығын сақтай отырып тәрбиелеу. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу дегеніміз - олардың өмірдегі өз орнын, атқаратын міндетін, қазіргі және болашақ ұрпақ алдындағы жауапкершілігін, дүниенің күрделі құрылымын түсінуі және өзін-өзі үздіксіз, жетілдіруімен рухани даму қасиеттерін қалыптастыру.

«Рухани-адамгершілік» ұғымы тұлғаның өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани-адамгершілік бағдарды, мінез-құлық мәдениетін тәрбиелеу қиын, әрі күрделі процесс. Адамгершілік - адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы. «Кісілік, ізгілік, имандылық» тәрізді ұғымдармен мәндес. Адамгершілік - адамшылық, қаталдықпен салыстырғанда жақсылық тілеу қарым-қатынастары. Халықтық дүниетанымда мінез-құлықтың әр түрлі жағымды жақтары осы ұғымнан таратылады. Мінез-құлық пен іс-әрекеттерде көзге түсетін төмендегідей адамгершілік белгілерін атап өтуге болады: адамды қастерлеу, сыйлау, сену, ар-ұятты сақтау, имандылық пен рахымдылық, ізеттілік пен кішіпейілділік, әділдік, қанағатшылдық, т.б.

Руханилық-адамгершілік тәрбиесі халқының өзіндік мәдениетінің дамуы мен тіл тазалығын сақтау жөніндегі ойларына байқалады[4]. Бүгінгі күнге дейін өзінің тәрбиелік мәнін жоймаған XV –XVII ғғ. өмір сүрген М.Х.Дулати (1499-1551), Асан қайғы (XV ғ.), Бұқар жырау (1693-1787), Шалкиіз тіленшіұлы (1465-1560), Ақтамберді Сарыұлы (1675-1768), Үмбетай жырау (1706-1778), Шал ақын (1748-1819) сияқты ұлы ғұламалар өсиеттері жастарымызды рухани-эстетикалық тәрбиелеуде құнды дүниелер деп айта аламыз. Бір ғана түркі дүниесі тарихының атасы ретінде танылған бабамыз М.Х.Дулатидің кейінгі ұрпаққа қалдырған мұрасы қаншама. Мұхаммед Хайдар Дулатиді (1499-1551) тарихшы ғана емес, гуманист, ойшылдардың да қатарына жатқызамыз. Ол әдет-ғұрып, салт-дәстүр, өзіндік психологиялық ерекшеліктерді тарихи шындыққа негіздей жазған ұлы тұлға. Адам бойындағы рухани даму мүмкіндігін көрсететін жағы оның айқын өмірлік позицияларының болуы. Егер адам тек баюды ғана ойлап, имандылық пен адамгершіліктен аулақ тұрғын болса, ондай адамның руханилығы туралы сөз болуы мүмкін емес дейді. Байлықтың өзі



әділдік пен қайырымдылық болған кезде ғана келеді, қайырымды бол, әділдік пен парасаттылықтың жаршысы болу керек деген идеялар айтады.

Жеке тұлғаның рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру жағымды қарым-қатынас орната отырып, ішкі сезімдерін қозғап, бойындағы ізгі адамди қасиеттердің дамуына ықпал етеді. Адамгершілік - адам бойындағы гуманистік құндылық, әдеп ұғымы. «кісілік, ізгілік, имандылық» тәрізді ұғымдармен мәндес[5]. Адамгершілік қоғамдық өмірдің объективтік заңдылығына сәйкес, адамдар арасындағы қарым-қатынастарды реттеуге негіз болып табылатын талапқа сай белгілі бір имандылық шарттарын білдіретін ұғым. Адамгершілік-адамшылық, қаталдықпен салыстырғанда жақсылық тілеу қарым-қатынастары. Халықтық дүниетанымда мінез-құлықтың әр түрлі жағымды жақтары осы ұғымнан таратылады. Мінез-құлық пен іс-әрекеттерде көзге түсетін төмендегідей *адамгершілік белгілерін* атап өтуге болады: *адамды қастерлеу, сыйлау, сену, ар-ұятты сақтау, имандылық пен рахымдылық, ізеттілік пен кішіпейілділік, әділдік, қанағатшылдық, т.б.*[6].

Жастардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру - өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды[7]. Рухани-адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Жастардың рухани-адамгершілік тәрбиелеу, болашағына жол сілтеу – бүгінгі қажетті, кезек күттірмес мәселе.

Рухани бай адам басқалардан өзінің мінез-құлық өлшемдерімен ерекшеленеді. Руханилық адамзаттық өлшемінің жоғары көрсеткіштері арасындағы өзара тәуелділікті күшейтеді. Өмірлік рухани күштер адамзаттық құндылық қасиеттерінің өзара байланысы мен әлеуметтік мәдени тәрбиені бекітуде еркке көрінеді. Руханилық – адамның ішкі жан дүниесінің күйінен көрінеді.

Жастардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру білім берумен ғана шектелмейді. Жастардың сезіміне әсер ету арқылы ішкі жан дүниесін ояту нәтижесінде оның рухани-адамгершілік қасиеттері қалыптасады. Жастардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қалай іс жүзіне асырамыз? Олар мына қағидаларды сақтағанда нәтиже береді[8]. Біріккен Ұлттар Ұйымы (БҰҰ) қабылдаған «Адам құқықтарының жалпы декларациясының» басты баптарын адамдық қарым-қатынас нормаларына айналдыру адамгершілік құндылықтарын қастерлеу шарттарының біріне жатады. Оның басты әдептік баптары төмендегідей:

- барлық адамдар тең құқықты, ерікті және қадірлі;
- азаматтар нәсіліне, ұлтына, жынысына, тіліне, шыққан тегіне, дініне, сеніміне, мүліктік және лауазымдық жағдайына қарамай заң алдында бірдей;
- өмір сүру құқығы, адамның бас бостандығы мен жеке өмір сүру еркі қасиетті болып табылады.

Адамгершілік қағидаттарының сақталуы өтпелі қоғам жағдайында ерекше маңызды мәнге ие болады. Бұл кезеңде ұлттық дәстүрлі дүниетаным мен әдепке жат маскүнемдік пен нашақорлық, рәкет пен жезөкшелік, қатыгездік сияқты теріс мінез-құлықтар өріс жаюы мүмкін. Өркениеттілікке апаратын жол халықты адамгершілікке, имандылық пен ізгілікке, салауатты өмір салтына баулу.

Жастардың рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыру мәселесін зерттеу қажеттілігі қазіргі заманғы этномәдени тәрбие кеңістігін (органы), қоғамдық қатынастардағы өзгерістер нәтижесінде пайда болған: отбасын неуклеаризациялау, тұлғаны маргинализациялау, қазіргі заманғы жоғары ұшқырлы, көптеген этникалық және көптеген мәдени қоғамдағы жастардың әлеуметтену ерекшеліктерін, дағдарыс аясында жалпыұлттық мәдениетті және ұлттық рухани-адамгершілік құндылықтарды тапсырудың әлеуметтік механизмдерін күрделендіру және қазіргі заманғы рухани өндірістің нәтижесі болып

табылатын және бұқаралық ақпарат құралдарымен ынталандыруды ұғыну қажеттілігінен туындайды.

### Қолданылған әдебиеттер

1. Қазақстан: Ұлттық энциклопедия, А: 1999, ҚЭ, 1 том, 258 б.
2. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2011.
3. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан -2030» Ел Президентінің Қазақстан халқына жолдауы. 2015 ж.
4. Жарықбаев Қ «Этнопсихология және Этнопедагогика» Алматы-2003.
5. Айтмамбетова Б. Педагогика тағылымдары Алматы, Рауан баспасы, 1993.
6. Қалиев С. Қазақ халқының тәлім-тәрбие тарихынан – Алматы: Мектеп, 1987.
7. Табылдиев Ә. Қазақтың халық педагогикасы және тәрбие. – Алматы: Қазақ университеті, 1990. – 120 б.
8. «Мәдени мұра» бағдарламасы мемлекеттік бағдарлама болуы тиіс. //Егемен Қазақстан. 29 қараша, 2003ж.

ӘОЖ: 172.2

### Жылқайдаров Айқын Серикбаевич

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты қ. Семей, Қазақстан*

### Ғылыми жетекшісі: Абдуллина Г.К.

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы қ. Семей, Қазақстан*

## ҰЛТТЫҚ САНА ҚАЛЫПТАСУЫ ЖАЙЛЫ ЭТНОПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР

### Аңдатпа

Мақалада ұлттық сана қалыптасуы жайлы этнопсихологиялық зерттеулер мәселесі жан-жақты қарастырылған. Ұлттық психологияның ғылым ретінде қалыптасуына үлес қосқан ғалымдардың этнопсихологиялық зерттеулер талданған. Ұлттық мінез, ұлттық тәрбие және ұлттық сана мәселелері сипатталады.

**Түйін сөздер:** этнопсихология, ұлттық сана, ұлттық мінез, ұлттық тәрбие.

### Аннотация

В статье всесторонне рассмотрены проблемы этнопсихологического исследования формирования национального сознания. Проанализированы этнопсихологические исследования ученых, внесших вклад в формирование национальной психологии. Охарактеризованы проблемы национального поведения, национального воспитания и национального сознания.

**Ключевые слова:** этнопсихология, национальное сознание, национальное поведение, национальное воспитание

### Annotation

The article comprehensively considers the problems of ethnopsychological research of the formation of national consciousness. The article analyzes the ethnopsychological research of scientists who contributed to the formation of national psychology. The problems of national behavior, national education and national consciousness are described.

Этнопсихология (грек тіліндегі «ethnos» - «ру, тайпа, халық» деген мағына) элеуметтік және саяси психологияның құрамдас бөлігі; адамдар психикасының этникалық ерекшеліктерін, ұлттық мінез-құлқын, ұлттық сана-сезім қызметі мен заңдылықтарын, этникалық стереотиптерді зерттейтін пәнаралық бағыт [1]. Ұлттық психологиядағы «ұлттық рух» деп қараған М.Ланарус пен Х.Штейнтальдың көзқарастары (1860) «халықтар психологиясы» мектебінен бастау алады.

Этнопсихология – адамдардың қоғамдық және жеке тәжірибесінен, өмірдегі пайымдауларынан туындайтын қарапайым психологиялық білімдердің жүйесі [2]. Этнопсихология 19 ғасырдың орта шенінде Ресейде, кейінірек Батыс Еуропа елдерінде пайда болды. Этнопсихологияда қазіргі кездегі өзекті проблемалардың бірі этнопсихологиялық зерттеулердің логикасын жасау, ұлттық-психологиялық ерекшеліктерді қолданылатын әдіс-тәсілдерді топтастыру. Оның объектісі ретінде ғылыми сана, өзіндік сана, ғылыми құндылықтар мен бағдарланулар, қажеттіліктер мен мотивтер, автостереотиптердің және гетеростереотиптердің спецификасы мен этникалық шарттар, дәстүрлер, әдеттер мен салт-дәстүрлер. Қазақстан халқының жазу өнері сақталмағандықтан этнопсихологиялық ойлардың қалыптасу деңгейлері жайлы мәліметтер анықталмаған. Республикамыздың орналасуына байланысты мекен ететін халықтардың ұлттық ерекшеліктерін ескеріп, өз ауыз әдебиет үлгілерінде бейнеленген.

XX-ғасырдың 50-жылдары қазақ халқының психологиясы жайлы зерретеулерге тиым салынса да, «XIX-ғасырдың екінші жартысындағы Қазақстандағы педагогикалық ойлар мен ағартудың дамуы» атты ғылыми жұмысты Т.Т.Тәжібаев жазды. Қазақстан этнопсихологиялық дамуына үлкен үлес қосқандар: Н.Д.Джандильин, М.Муханов, Н.Еликбаев, К.Жукеш. Қазіргі кезде Қазақстан этнопсихология мектебінің өзіндік бағытын жасап, жаңғыртуда психология ғылымдарының докторы К.Б.Жарықбаевтың үлесі зор [3].

Қазіргі тәуелсіз елімізде қазақ ұлтының ерекшеліктерін жан-жақты зерттеумен көптеген ғалымдар айналысуда. Олардың ішінде: Қ.Жарықбаев, С.Жакупов, Т.Тәжібаев, С.Бердібаева, Н.Елікбаев және т.б. Н.Елікбаевтың «Ұлттық психология» еңбегіндегі ұлттық психологияның құрылымдық элементтерінің бірі ұлттық мінез-құлық болып саналады. Ұлттық мінез-құлық ұрпақтан-ұрпаққа беріліп қалған биологиялық психикалық құбылыс емес, географиялық ортаның жемісі немесе нәсілдік белгісімен байланысты ұлттық субстанцияның туындысына да жатпайды. Негізгі шындықты ұлт өмірінің өзінен, оны қоршаған табиғи өзгешеліктен қарастыру шарт [4]. Ұлттық мінез-құлықты халықтардың өзі жасаған тарихтағы материалдық және рухани тіршілігінің бейнеленген көрінісі деп түсінеміз. Тарихи жағдай мен географиялық орта мәңгілік нәрсе емес, сондықтан ұлттық мінез-құлық та белгілі өзгерістерге ұшырап отырады. Ұлттардың мінез-құлқы олардың тарихи даму нәтижесі.

Этнопсихологияға түбегейлі қызығудың жаңа кезеңі XX-шы ғасырдың ортасынан басталады. Этнопсихологиялық қызығушылықты зерттеулердің бастамасын Ш.Монтескье, И.Фихте, И.Кант және т.б. еңбектерінен кездестіруге болады. Ш.Монтескьенің географиялық детерминизм принципiне сүйеніп, ұлттық мінез климаттық жағдайлардың әсерінен өзіндік ерекшелікке ие болатындығын білдік.

«Халықтар психологиясы» атты 1860 жылы жарық көрген М.Лацарус пен Х.Штейнталь еңбектерінен ұлттық мінез жайлы сипаттамалар бастау алады. Өз еңбектерінде бір ұлт өкілдеріне қатысты индивидтердің психикалық ұқсастықтарын, өзіндік саналарын, тіл, миф, адамгершілік қасиеттерін зерттеп, салыстырмалы түрде мазмұнын ашуды ұсынды. Антикалық кезеңнен бастап тарихшы, философ, саясаткерлер, адамдар арасындағы айырмашылықтарға көңіл аударған [5]. Этнопсихологиялық білім элементтері Гиппократ, Платон, Страбон еңбектерінде көрініс береді. Ағартушылық дәуірде Д.Юм, Г.Гегель еңбектерінде халықтар психологиясына философиялық ой-толғаулар беріледі. Ең алғаш халықтарды психологиялық бақылау пәні ету талпыныстары XVII ғасырда болды. Адамдар арасындағы айырмашылықтың болуын түсіндіруші фактор климат жағдайы және орта болды. Интеллектегі айырмашылықтардың болуын климат жағдайымен түсіндіріп, Орта Шығыстың

және Батыс Еуропаның қалыпты климаттық жағдайы интеллекттің дамуына жағдай жасайды, соған байланысты цивилизацияның өркендеуіне әсер етеді деген тұжырымдар жасалды.

Ұлттық сананың қалыптасуына және оның дамуына екі тұрғыдан қарауға болады: біріншісі- сезімдік, түйсіктік; екіншісі-саналы теориялық. Біріншісі өз елін, халқын, ұлтын сыйлайтын, сүйетін алғашқы ыстық сезімнен туса, екіншісі өз елінің, халқының, ұлтының өткенін, қазіргісін, келешегін толық біліп, тексеріп, халық тағдырына, ұлт мәселелеріне мемлекеттік, елдік, тіпті дүниежүзілік тұрғыдан теориялық ұлттық бағыт-бағдарлама тұрғысынан қарап, аңғару арқылы болатын саналы ойдан туады[6].

Ұлттық сананың жасаушысы, қолдаушысы, қорғаушысы, сақтаушысы әрқашанда [ұлттық интеллигенция](#), ұлттық зиялы қауым халықтың тек сезімі ғана емес, ойы, санасы оянған өкілдері. Әлеуметтік ғылымдарда ХХ-шы ғасырдың екінші жартысындағы этникалық қайта тірілудің бірнеше түсіндірмелік концепциялары бар: - а) дамыған халықтың экономикалық және техникалық экспансиясына халықтың дамуы артта қалғандарының реакциясы; - б) бүкіл әлемдік әлеуметтік бәсеке; - в) үлкен әлеуметтік топтың экономикасында және саясатта әрекет-қылқтың жоғарылауы.

«Этнопсихология» ұғымы Батыстағы ғылыми әдебиеттерде жиі кездесе бермейді. ХХ-шы ғасырдың басында этнопсихология жайлы идеяларды В.Вундт «халықтар психологиясында» жалғастырды және психологияға В.Вунд еңбектері арқылы енді [6]. Г.Шпеттің 1927 жылы айтқан ойы «Жалпы психологиядағы жетістіктер, этнопсихологияда орын таба алмай жатқандығы» бүгінгі күнге дейін өзекті мәселелердің бірі болып отыр.

Қазіргі этнопсихологияның өзекті мәселелері мен зерттеу әдістерінің біртұтастығы жайлы бірнеше бағыттар анықталған:

а) жалпы және әлеуметтік психологиямен байланысты психофизиология, когнитивті процестер, жадында сақталған, көңіл-күй, сөздің этникалық ерекшеліктерін салыстырмалы зерттеу;

ә) этнографияның, фольклористиканың, өнертанудың бөлімдерімен байланысты символдық элем мен халық мәдениетінің құндылықты бағдарларын мәдениеттанулық зерттеу;

б) топаралық қатынастарды, ұстанымдарды, стереотиптерді зерттейтін әлеуметтік және саяси психо- логиядан алынған әдістер мен түсініктемелерді пайдаланып этникалық сана-сезімді зерттеу;

в) әлеуметтендірудің этникалық ерекшеліктерін зерттеу. Өйткені ұлттық мәдениет мәні мен этносты құрайтын индивидтер ерекшеліктері бір емес, мәдениеттанулық және психологиялық зерттеулердің арасында қашан да алшақтық болады.

Саяси психология этнопсихологияны зерттеудің біртұтас нысаны ретінде екі негізгі деңгейден тұрады. Негізгі деңгейі ұлттық сана-сезім қалыптасатын ұлттық мінез-құлық және оның саяси іс-әрекетте көрініс табуы. Бүгінгі полиэтникалық Қазақстанда этностардың даму динамикасын, ұлттық ерекшеліктерді зерттеу өте өзекті мәселелердің бірі. Қазіргі кезге дейін қарастырылып келе жатқан этнопсихологиялық тұжырымдамалардың барлығы дерлік жеке сипатқа ие. Л.Н.Гумилевтың этногенез концепциясы бүгінгі күні аса қызығушылық танытады [7]. Өз теориясында «этнос», «этностың дамуы»және оның толығымен жоғалуы мәселелерін қарастырды. Теориясының негізі ретінде этностың табиғи-биологиялық сипатын алып, белгілі бір ұлттың қалыптасып, өсіп-өркендеуіне әсер ететін факторына географиялық және климаттық жағдайларды шарттады [8].

Халықтардың мінез-құлқының белгілері: еңбекті сүю, бостандықты аңсау, қайырымдылық, қонақжайлылық, селқостық, қаталдық, ерлік т.б. қасиеттер барлық ұлттарда болатыны белгілі. Әрбір ұлттың өзіндік өмір ерекшелігіне сәйкес түрлі формада, көріністе анықталып отырады. Ұлттық мінез-құлық тарихи жағдайлардың, объективті процестердің себептерінен әрі тәрбиенің ықпалымен қалыптасады. Ұлттық мінез – құлық дегеніміз халықтың қоғамдық - өндірістік тәжірибесі арқылы тарихи тұрғыда қалыптасқан машығы мен әдетінің жиынтығы, әрі жалпы (барлық халыққа тән) және ерекше қасиеттердің бірлігі [9].

Еліміздегі ұлттардың мінез-құлқын, мәдениет пен тұрмыстан, әдет – ғұрыптар мен дәстүрлерден байқай аламыз.

Ұлттық сана құндылықтары ұлттық мәдениет пен философияда, тарихта, дінде, ғылымда, әдебиетте, поэзияда және де т.с.с. әртүрлі белгілермен және жасырын үлгіде болмағы белгілі. Қазақ мәдениеті өз әдебиетінен көрінеді және түркі тілдес халықтарымен ортақ болып келеді. Ежелгі дәуірі мен қазақтың өзіндік төл әдебиеті арасында көркемдік дәстүр жалғастығы бар. Бүкіл қоғамдық ой сана қайта құрылып, қазақ елінің әдеби, мәдени, қоғамдық, әлеуметтік рухани тарихы қайта жазылып жатыр. Ендігі міндет – сол мұраның аса мазмұнды элементтерін заман талабына сай айқындап халық санасына жеткізу.

Қоғамдық тәжірибенің өзгеруімен бірге адамның санасы да өзгеріп отырады. Сананы меңгеруші және оның иесі – жеке адам. Ол – тарихи қоғамдық дамудың жемісі, жан мен тән бірлікте болғанымен, оларды бірін-бірімен шатастырмау керек. Себебі, жеке адам әлеуметтік қоғамдық ұғым болса, тән тек қана биологиялық ұғым. Жеке адамның қоғамдағы орнын және әрекеттерін қоғамдық ғылымдар зерттейді.

Сондықтан адам психологиясын дұрыс ұғыну үшін, ең алдымен, оның әлеуметтік жағдайын, қандай ортаның өкілі екендігіне, қандай көзқарасы, наным-сенімі, бағыт-бағдары, білімі мен іс-тәжірибесі, икем-бейімділігі, нақты кәсіби, білімі бар екендігіне назар аударуымыз қажет. Осы айтылғандар жөнінде мағлұмат алғанда ғана оның психологиясы жайлы азды – көпті пікір білдіруге мүмкіндік аламыз.

#### **Әдебиеттер:**

1. Жарықбаев Қ., Наурызбаев Ж., Қазақтың ұлттық тәлім-тәрбие атауларының түсіндірмелі сөздігі. –А: «Ғылым».1993.
2. Аймағанбетова О.Х. Основные теоретические проблемы этнопсихологии// Мат.ІІІ межд. Симпозиума «Восток-Запад: диалог культур» - Алматы: КазНУ, 2001. ЧІІІ.-С101-108
3. Қазақстан Ұлттық энциклопедия /Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «Қазақ энциклопедиясы» Бас редакциясы, 1998 ISBN 5-89800-123-9
4. Жетісу. Энциклопедия. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2004. — 712 бет. ISBN 9965-17-134-3.
5. Джакупов С.М. Этнопсихологические исследование этнических предупреждений // Мат. 2 науч.-теорет. К-ции «Развитие пс.пед мысли республиках. Центр. Азии» - Алматы: КазНУ, 2002:
6. Жарықбаев Қ «Этнопсихология және Этнопедагогика»Алматы-2003.
7. Гумилев Л.Н. Этногенез и биосфера Земли. – М7: Ди ДИк, 1997.
8. Гумилев Л.Н. Психологическое несходство этносов. // Психология национальной нетерпимости . – Мн.: Харвест, 1998.
9. Крысько В.Г.Этнопсихология и межнациональные отношения. – М.: Экзамен, 2002.

ОӘЖ: 159.964.

#### **Жылқайдарова Айнаш Қайырбековна**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты қ. Семей, Қазақстан*

#### **Ғылыми жетекшісі: Абдуллина Г.К.**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы қ. Семей, Қазақстан*

### **ПСИХИКАНЫҢ ДАҒДАРЫС ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ ШЫҒУ СЕБЕПТЕРІ МЕН КӨРІНІСТЕРІ**

### *Аңдатпа*

*Бұл мақалада психикалық дағдарыс жағдайларының шығу себептері мен көріністері толық ашылған. Психикалық дағдарыстар мен жарақаттардан пайда болған психогения, психоздар мен дисгармониялық жағдайлардың ерекшеліктері қарастырылды.*

**Түйін сөздер:** *психикалық дағдарыс, психикалық жарақаттар, дисгармония, депривация, тұлғаның регресс.*

### *Аннотация*

*В настоящей статье полностью раскрыты причины и проявления состояния психического кризиса. Рассмотрены особенности возникновения психогении, психозов и дисгармоничных состояний в результате психического кризиса и травм.*

**Ключевые слова:** *психический кризис, психические травмы, дисгармония, депривация, регресс личности.*

### *Annotation*

*In this article, the causes and manifestations of the state of mental crisis are fully disclosed. The features of psychogeny, psychoses and disharmonious States arising as a result of mental crisis and trauma are considered.*

**Keywords:** *mental crisis, mental trauma, disharmony, deprivation, regression of personality.*

Психикалық дағдарыс жағдайлары дегеніміз [1] психиканың қалыпты дамуы барысындағы жағымсыз ықпалдардан пайда болатын психикалық, соматикалық, сенсорлық, интеллектуалды, тұлғалық-әлеуметтік дамуларындағы кемістіктер. Психикалық дағдарыс жағдайларының көріністері әртүрлі болады: өз-өзіне сенімі мен өзін-өзі бағалауы төмен, қозулары мөлшерден жоғары, агрессия мен депрессивті жағдайларғы бейім, әртүрлі себептерге байланысты құрбы-құрдастарымен қарым-қатынастары шектелген және т.б.

Психиканың қалыпты жағдайы бұзылуына әсер ететін факторлардан туындаған жағдайларды психикалық дағдарыстар немесе жарақаттар деп атайды. Психикалық дағдарыстар мен жарақаттан қандай механизмдер науқастық күйлерге ұшырайтындығы жайлы И.П.Павлов пен оның ізбасарларының жоғары жүйке қызметінің физиологиясы мен патофизиологиялық зерттеулерінде жарияланған. Психикалық дағдарыстар пен жарақаттың ықпал етуінен психогения пайда болуының үш механизмі бар: а) тітіркенгіштерге шектен тыс күш түсуі; ә) тежелу үрдісіне шектен тыс күш түсуі; б) қимылдық жүйке процестеріне шектен тыс күш түсуі. Осы механизмдерді И.П.Павлов пен оның шәкірттері иттерге тәжірибе жасау жолымен алынып, адамзат тарихында алғаш рет психогенияның моделі «невроздар» анықталды.

Психикалық дағдарыс – бүкіл организмнің сырқаты, әсіресе ми мен ми әрекетінің бұзылуы және зақымдалуынан болатын сырқат, патологиялық күй, мызғымай өзгеру, патологиялық процесстер мен жағымсыз әдеттер, даму барысынан ауытқу нәтижесі [2]. Психикалық дағдарыс – өз іс әрекетін бағалау, жан өзгерістерін қабылдау қабілетінің төмендеуімен, өз-өзін ұстай алмау, іс әрекетін тоқтата алмау және психиканың әртүрлі деңгейлеріндегі ауытқулармен сипатталады.

Психикалық дағдарыс ұғымын анықтау психиатрияның даму дәрежесіне орай үнемі өзгеріске ұшырауда және психикалық аурулардың баламасы ретінде «психоздар» деген сөз де алынады. Психикалық дағдарыс кезінде тұлғаның психикалық реакциясы ақиқат қарым-қатынастарға шұғыл, дөрекі қарама-қайшы келеді, ақиқат дүниені бейнелеудің бұзылуынан және мінез-құлықтың өзгеріске ұшырауынан байқалады. В.А.Ананьев психикалық дағдарыс кезінде психикалық қызмет сыртқы дүниемен катыста өзгеріске

ұшырайды, осының әсерінен ішкі жағдайлар өзгереді: мидың рефлекстік қызметі бұзылады немесе ми қызметі әлсірейді, бұрмаланады, тіпті толық істен шығады деген пікірде [3]. Соның салдарынан көңіл күй, пайымдау, шешім қабылдау іштей болады. Ал дені сау адамда шешім қабылдау, пайымдау, сезім сыртқы әсерлер себебінен туып, ақиқат дүниемен үйлесімді байланыста болып келеді.

Психикалық дағдарыс жағдайларында мидың патологиялық жай-күйі психиканың жеңіл, болмашы өзгерістеріне де әкеп соқтыруы мүмкін. Бұл жағдайда ақиқат дүниені бейнелеу бұзылмайды да, мінез-құлықта елеулі өзгеріске ұшырамайды. В.М.Астапова пен Ю.В.Микадзе сынды ғалымдар психикалық дағдарыс көп жағдайда психикалық дисгармониялық ерекшеліктермен де сипатталады (невроз, психопатия, психикалық дисгармония) деген пікірде [4]. Психоздар мен басқа да психикалық аурулардың арасындағы айырмашылықты белгілеудің теориялық жағынан ғана емес, практикалық жағынан да маңызы бар.

Психикалық дағдарыс жағдайларының пайда болу себептері әртүрлі. Психикалық дағдарыс жағдайлары психикалық күрделі аурулар қатарына қосылмайды, адамдардың танымдық-интеллектуалды дамуында ауытқулар мен кемістіктер болмайды. Психикалық дағдарыс мәселесіне қатысты тұлға дамуының толық мағынасында психологиялық саулық мәселелерін шешудегі жолдарды ғалымдардың еңбектерінен көреміз. В.Франкл [5] былай жазған: «Әр уақыттың өз невроздары бар...Бүгінгі таңда біз, негізінен, З.Фрейдтің кезеңіндегі сияқты сексуалды қажеттіліктер фрустрациясымен емес, экзистенциалды қажеттіліктер фрустрациясымен істес болып отырмыз. Бүгінгі күнгі адам А.Адлердің кезеңіндегідей толыққандылықты қажетсіну сезімінен зардап шексе, тұнғықты сезінумен жалғасқан мән-мағынаны жоғалтуды терең сезінуден де соншалықты зардап шегеді. Ол өз өмірінің мән-мағынасынан айырылғандығын сезінген, жай ғана бақытсыз емес, сонымен қатар өмір сүру қабілетінің болуы екі талай» деп көрсеткен А.Эйнштейннің пікірін мысалға алады.

Психикалық дағдарыс басталғанда аурудың қабілетсіздігі байқалады. Қоғамға қауіпті әрекет жасағанда ондай ауруға сот жауапкершілік жүктемейді, медициналық шаралармен қорғауды қажет етеді. Сонымен бірге мұндай аурулар мемлекеттік және қоғамдық органдарға сайлауға қатыспайды, өздері де сайлана алмайды. Алайда мұндай айырмашылық үнемі бола бермейді. Көптеген психикалық дағдарыстар дамуының алғашқы кезеңінде олардың барысы қолайлы өткен кезде немесе ремиссия уақытында ақиқат дүниені бейнелеудің бұзылуы бола бермейді, сана-сезім мен мінез-құлық елеулі дәрежеде бұзылмайды. Психикалық дағдарыс жағдайларында танымдық қызметтің бұзылуындағы мұндай айырмашылықтарды бүтіндей бір оқшау өзгеріс ретінде түсінуге болмайды. Танымдық әрекеттің белгілі бір түрі зақымданған жағдайда оның басқа түрі де белгілі дәрежеде зақымданады.

В.Л.Маришук пен В.И.Евдокимов «Поведение и саморегуляция человека в условиях стресса» атты еңбектерінде психикалық дағдарыс көрінісі психикалық процестердің әр алуан өзгеріске ұшырауынан байқалатынын анықтаған [6]. Бұл жағдайларда нақты қабылдау бұзылады, ой ағымы өзгереді, пайымдау бұрмаланады, ес әлсірейді, көңіл-күй өзгереді, дәлелденбеген іс-қылықтар жасалып, сана тұмандана түседі.

Психикалық дағдарыс жағдайларда депривация жиі кездеседі. Депривация психология мен медицинада кең қолданылатын термин, ағылшынның «deprivation» сөзінен шыққан, қазақша мағынасы: өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндігінің шектелуі немесе жойылуы [7]. Бала толыққанды даму үшін оның ең алдымен махаббатқа деген қажеттілігі қанағаттандырылуы қажет. Кейбіреулер оны туылғаннан пайда болатын қажеттілік десе, енді басқалары өмір сүру барысында қалыптасатын қажеттілік деп есептейді.

Депривацияның психикалық, эмоциялық, сенсорлық, әлеуметтік түрлері бар. Психикалық депривациялық жағдайда мінез құлықтың өзгеруі байқалады: адамдармен



қарым қатынасының шектелуі, баланың негізгі психикалық қажеттіліктерінің қанағаттандырылмауымен байланысты. Психикалық дағдарыс жағдайларында жалпы және дербес ерекшеліктерінің өзгерістері, тұлғаның мінез-құлқы мен бағыттылығы, қызығушылығы жоғалып, мынандай жағдайлар байқалады:

- кейбір жағдайларда эмоциональды-еріктің төмендеуі, гипобулия мен апатияның көрінуіне әкеп соғады;
- адам ішкі дүниесіне қатты үніліп, сыртқы ортамен қарым-қатынасы шектеледі, интеллектуальды ойлау функциясының жетіспеушілігі айқын байқалады;
- тексерген кезде интеллектінің сақталғаны анықталады;
- ойлауы бұзылып, шындықтан қашқақтап, жүйке жүйесінің бұзылуы, аморфтық және ойлауы тұрақты жеміссіз болады;
- тұлға деңгейінің төмендеуі, эгоистік-утилитарлық қызығушылықтардың өсуімен байланысты, аффектілі әрекеттер байқалады;
- ойлаудың бұзылуы, есте сақтау қабілеті мен зейіннің тұрақты болмауы, орын ауыстырудағы және қозғалысындағы қиыншылықтар байқалады;
- ойлау жүйесінің жемісі нашарлап, ауру өз жағдайын түсіне алмайды [8].

Жоғарда аталғандар ақыл кемістігінің бастапқы белгілері. Тұлғалық деңгейі төмендеуінің жалпы белгілері: астения мен гипобулиядан спонтандық кезеңге дейін жетуі мүмкін. Кейбір ауруларда жағымсыз ықпалдар: алаңғасарлық, көңіл-күйінің болмауы байқалады және аурулар осы жағдайларды сезіне алмайды.

Психикалық дағдарыс жағдайларда тұлғаның жағымсыз өзгерістері - регресс жағдайы жиі байқалатын құбылыс. Тұлғаның регресс жағдайы индивидуальды құрылымы жойылудың бастамасы. Ол көптеген клиникалық формада көрінуі мүмкін. Жағымсыз бұзылулар байқалады: жансыздық, қоршаған ортаны елемейді, әрбір психикалық тітіркендіргіштерге эмоциональды реакцияның болмауы. Еріктік процесстің барлық кезеңдерінде интенсивтілік бірден төмендейді. Мақсатқа бағытталған еріктік әрекеттің жойылуы, өз беттерінше өмір сүре алмай, туысқандарының қарамағында болады. Бұл формадағы жағымсыз бұзылулар апатиялық-булимиялық синдромға сәйкес келеді. Апатия мен булиямен бірге таңғалу, мінез-құлықтың моторикалық ерекшеліктері көрінеді, қозғалыстың үйлесімділігі мен пластикасы өзгереді.

Психикалық дағдарыстағы амнистикалық бұзылулар, ең алдымен еске зақым тигізеді, жоғарғы интеллектуальды функциялар зардап шегеді. Естің бұзылуы гипомнезия көрністері айқындала түсуі мүмкін. Белсенділіктің төмендеуі, тез шаршауы, зейіннің тұрақсыздығы байқалады. Бұл бұзылулар ағымды сипатта болады. Айтылған психопатологиялық жағдай өзінің мазмұны бойынша лакунарлы деменцияға ұқсайды. Оның ең басты айырмашылығы тұлғалық қасиеттердің ұзақ сақталуы. Көп уақытқа дейін моральді-этикалық сапалар аймағында бұзылулар байқалмайды [9]. Ауру адамдарда интеллектуальды-мнистикалық бұзылуларға деген сын көзқарасы сақталады. Бірақта мұнда темперамент пен мінездің кейбір қасиеттерінің ерекшеленуі, оған тән емес жақтарының пайда болуы: тітіркенгіштік, аффектілі тұрақсыздық, басқару функциялар мен еріктің әлсізденуі. Кейбір жағдайларда амнистикалық бұзылулардың прогрессивтілігі байқалады.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Таланов В.Л., Малкина – Пых И.Г. Справочник практического психолога. – СПб: Сова. М.2002. 928 с.
2. Степанов С. Популярная психологическая энциклопедия. М., 2005.
3. Ананьев В.А. Введение в психологию здоровья. – СПб, 2008.
4. Психология детей с отклонениями и нарушениями психического развития / Общая редакция В.М. Астапова, Ю.В. Микадзе. СПб.: Питер, 2001.-384.
5. Франкл В. Человек в поисках смысла. М.. Прогресс, 1990. 368 с.



6. Марищук В.Л., Евдокимов В.И. Поведение и саморегуляция человека в условиях стресса. - СПб.: Питер, 2001. – 258 с.
7. Зейгарник Б.В. Патопсихология :Учеб.пособие для вузов /Б. В.Зейгарник.-2-е изд., стереотип.-М.:Академия, 2003.
8. Бондаренко А.Ф.Психологическая помощь: теория и практика. — Изд. 3-е, испр. и доп. — М.:Независимая фирма “Класс”, 2001. — 336 с.
9. Нордонэ Дж., П. Вацлавик. Искусство быстрых изменений М., 2006.

УДК:37.013

**Кабирова Назерке Уалиханқызы**

*БМ010300 «Педагогика және психология» мамандығының магистранты  
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

## **ЭТНОПЕДАГОГИКАЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ НЕГІЗІНДЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІБИ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДАМЫТУ**

Мақалада этнопедагогикалық білім беру негізінде студенттердің кәсіби құндылықтарын дамыту мәселесі қарастырылады.

**Түйін сөздер:** білім беру, этнопедагогикалық білім беру, кәсіби құндылықтар.

В статье рассматриваются проблемы развития профессиональных ценностей студентов на основе этнопедагогического образования.

**Ключевые слова:** образование, этнопедагогическое образование, профессиональные ценности.

The article deals with the problems of development of professional values of students on the basis of ethno-pedagogical education.

**Keywords:** education, ethno-pedagogical education, professional values

Заманауи қоғамның рухани жаңғыру жағдайында еліміздегі әлеуметтік-мәдени, саяси-экономикалық қатынастар сипатының өзгеруі жоғары білім беру мазмұнына жаңа талаптар қоюда. Осындай талаптың бірі – бойында ұлттық коды сақталған, әлемдік бәсекеге қабілетті, білікті де білімді маман даярлау. Осы орайда Қазақстан Республикасының заңнамалық құжаттарында «ұлттық сананы», «ұлттық құндылықты», «ұлттық мәдениетті», «ұлттық рухты», демек интеллектуалды ұлтты қалыптастыру міндеті ерекше аталады.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында: «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – ұлттық кодыңды сақтай білу», -деп, әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бәсекелік қабілет, прагматизм, ұлттық бірегейлікті сақтау, білімнің салтанат құруы, Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы және сананың ашықтығы сияқты бағыттарын айшықтай келе, «табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді», -деген бүгінгі ұрпаққа ой-түрткі болатын, мағынасы тереңде жатқан ұлттық ұстанымды ұсынған. Демек, мемлекет пен қоғамның жалпыадамзаттық құндылықтарын қалыптастыру іс-әрекетінің негізгі бағыттары мыналар: бүгінгі рухани жаңғырудағы талаптарға сәйкес мінезқұлық нормалары мен принциптерінің теориясын жасау, идеяларды негіздеу; әрбір жеке адамның санасына құндылық туралы білім мен талаптарды сіңіру; қоғамдық пікір, құндылық бағдарлар және т.б. әлеуметтік, педагогикалық құралдар арқылы кәсіби құндылықтарды меңгерту механизмін жасау. Білім мен тәрбиенің этникалық мазмұны назардан тыс қалуы көптеген ұлт өкілдерін құлдырауға тіреп, ақырында ұлттық қасиеттерді жоғалту адамзат перзентін тамырынан айырып, тексіздік құрдымынан бір-ақ шығарары тарихта дәлелденгені ақиқат. Этнопедагог-ғалым Г.Н.Волковтың тұжырымдауынша, осындай халықтық рухты жоюға жеткізген қатаң

тарихи-әлеуметтік тәжірибе күтпеген жерден халық педагогикасының күдірет күшін, өміршеңдігін еселей арттырып, әсіресе, шағын халық тағдырының ұлттық қорғаны екендігін дәлелдейтін табиғи этнопедагогикалық экспериментке айналған. Халықтық тәрбие мазмұнына, мүмкіндіктеріне сараптама жасап, оны қайта жаңғырту уақыт талабының көрінісі ғана емес, ол – қажеттілік. Өйткені, дәстүрлі мәдениетті танып-білу барысында адам оның рухани бастауына терең бойлайды, ата-баба мұрасын құрметтеуге, халқының өзіндік ерекшелігін түсініп, аялауға үйренеді, өзінің де ұлт өкілі екендігін сезінеді.

Ұрпаққа өшпес із қалдырған көне ғалымдар мен педагогтар еңбектерінде (Аристотель, Конфуций, Демокрит, Т. Кампанелла, Сократ, Платон, Әбунәсір әл-Фараби, Я. А. Коменский, Ж. Ж. Руссо, Г. Песталоцци, К. Д. Ушинский, Ы. Алтынсарин және т. б.) халықтық тәрбиенің негізі мен халықтың тәрбие құралдарының педагогикалық тиімділігі мазмұндалған. А. С. Макаренко, С. Т. Шацкий, В. А. Сухомлинский, А. Байтұрсынұлы, Ж. Аймауытұлы, М. Жұмабаев, Ғ. Қараш сынды бірқатар педагогтар ұлттық идеялардың тиімділігі мен қажеттілігін тәжірибе жүзінде дәлелдеген. Бүгінде ТМД елдерінде халықтың этнографиялық шығармалары мен фольклорлық ескерткіштеріндегі педагогикалық көзқарастарды талдауға арналған зерттеулер: Г. Н. Волков (Чуваш), Я. Ф. Хинтивидзе (Грузия), Я. И. Ханбиков, М. Г. Тайчинов (Татарстан), А. Ш. Гашимов (Әзірбайжан), З. Мыртұрсынов, Б. Қадыров, Н. Сафаров (Өзбекстан), С. М. Саинбаев, Н. И. Имаева, Т. Орманов, А. Әлібеков, А. Ә. Измаилов (Қырғызстан), К. Пірлиев (Түрікменстан), М. Сайфуллаев, С. Исаев (Тәжікстан), Е. Л. Христова, Ю. А. Рудь (Ресей), А. П. Орлова (Белорусия), М. И. Стельмахович, Е. И. Сяваско (Украина), Н. В. Селистрару (Молдавия), В. Ф. Афанасьев (Якутия), Б. М. Ховротович (Хакасия), И. А. Шоров (Адыгей), Р. М. Пашаева, Ш. А. Мирзоев (Дағыстан), Ю. З. Кутлугильдинова (Башқұртстан), В. Х. Арутюнян (Армения), У. Әлеуов (Қарақалпақстан) және т. б. ғалымдар тарапынан орындалған. Мұнда авторлар халық тұрмысының, мәдениетінің, фольклорының өзіндік ерекшеліктерін, ондағы тәрбие, білім беру идеяларын қарастырады, жеткіншек ұрпаққа ақылой, адамгершілік, еңбек тәрбиесін берудегі халықтың арман-мүдделері мен түсініктерін ашып көрсетеді. Қоғам талабынан туындаған міндеттерді шешуде Қазақстанның ғалымзерттеушілері жеке тұлғаға ұлттық тәрбие беру, оқыту үдерісінің тәрбиелік мүмкіндігін күшейту арқылы болашақ мамандарға этнопедагогикалық білім мен тәрбие беру мәселелері бойынша бірқатар зерттеулер жүргізген. Олар: Қ. Б. Жарықбаев, С. Қалиев, С. А. Ұзақбаева, К. Ж. Қожахметова, Ж. Ж. Наурызбай, Қ. Қ. Шалғынбаева, Р. К. Төлеубекова, А. Қисымова, Ж. Сәдірмекова, С. Әбілдина, Р. Дүйсембінова, А. С. Мағауова, Ш. И. Жанұзақова, Ә. Табылдиев, Қ. Бөлеев, Ж. Т. Сарыбекова, Н. Албытова, Н. А. Сейтқұлов, Р. А. Джанабаева, Г. Бахтиярова, Т. С. Сламбекова, Ә. Ашайұлы, Ф. Бөрібекова, Л. А. Бөлетова, Л. Н. Ибрагимова, Н. М. Көшерев және т. б.

Бүгінде аталған ғалымдардың тұжырымды ойлары білім беру жүйесі практикасында кеңінен қолданылуда. Зерттеушілер жеке тұлғаға ұлттық тәрбие берудің және ұлттық тәрбие арқылы маман дайындау бүгінгі күннің өзекті әлеуметтік педагогикалық проблемасы деп санаған. Себебі ұлттық тұрғыда тәрбиеленген әрбір азамат ұлтжанды, өз ойы бар, кез-келген жағдаяттан шыға алатын, жанжақты ізденгіш, ғылыми жұмыспен тұрақты айналысатын субъект ретінде қалыптасады. Алайда уақыт бір орында тұрмайтындықтан, бүгінгі күнде жаңа тұрпатты ізденістерге сұраныстар да баршылық. Олай болса, біздің зерттеуімізге сәйкес этнопедагогикалық білім беру негізінде студенттердің кәсіби құндылықтарын дамытудың тиімді жолдарын іздестіру – заман талабынан туындаған мәселе.

### **Пайдаланылған әдебиеттер:**

1 Болашақ мұғалімнің этнопедагогикалық даярлығын жетілдірудегі педагогикалық жоғары оқу орнының білімдік ортасының ерекшелігі // Жаһандану және қазіргі замандағы университеттер: халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары (26-27 қыркүйек 2008ж). – Қарағанды, 2008. – Б. 51-54. (С. Т. Каргинмен авторлық бірлестікте).

УДК 37.01

**Қарабекова Бақыт Сайлауқызы**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қаласы  
МПП 221, 2 курс, мамандық «Педагогика және психология»*

### **ЖАСӨСПІМДЕРДІҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

*Бұл мақалада жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерін дамыту ерекшеліктері қарастырылып, жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістері мен тәсілдері анықталды. Мақала жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттері туралы теориялық, сипаттамалық сипатқа ие.*

**Түйін сөздер:** жасөспірім, шығармашылық қабілет.

*В данной статье рассмотрены особенности развития творческих способностей подростков, определены методы и приемы развития творческих способностей подростков. Статья носит теоретический, описательный характер о творческих способностях подростков.*

**Ключевые слова:** подросток, творческие способности

*This article describes the features of the development of creative abilities of adolescents, and defines methods and techniques for developing creative abilities of adolescents. The article is theoretical and descriptive about the creative abilities of teenagers.*

**Keywords:** teenager, creativity

Қазіргі уақытта қазіргі мектептің оқу-тәрбие үдерісінде жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерін дамытуға көп көңіл бөлінуде. Шығармашылық әлеуетінің дамуы бірнеше стихиялық сипатқа ие: мүмкін, жасөспірім шығармашылық студияға, көркем мектепке барады, мүмкін "өзіне-өзі" берілген. Қазіргі қоғам жеке тұлғаға ерекше талаптар қояды: дербестік, креативтілік, даралылық, стандартты емес жағдайдан шығу мүмкіндігі. Осылайша, білім беру жүйесіне әлеуметтік тапсырыс қалыптасады, ол берілген қасиеттері бар тұлғаны "шығуда" қалыптастыруға мүмкіндік береді. Екінші жағынан, ХХІ ғасырдың басы білім беру жүйесінің жаңа тұжырымдамасына - жеке тұлғаға бағытталған, даралыққа, өзіндік ерекшелікке, әр оқушының бірегейлігіне бағытталған. Бұл екі үрдіс, бір жағынан, бір - біріне қарама-қайшы келеді, екінші жағынан-әрбір оқушының жеке басының маңыздылығын, оған салынған табиғи мәліметтердің, шығармашылық қабілеттерінің қайталанбастығын мойындайды. Соңғы жылдары қоғам алдында ұлттың зияткерлік әлеуетін сақтаудың өзекті проблемасы, сондай-ақ біздің елімізде дарынды адамдарға жағдай жасау және дамыту проблемасы тұрды, өйткені дәл осы санаттағы адамдардың прогрестің басты өндірістік және шығармашылық күші болып табылады. Бүгінгі таңда көптеген орта білім беру мекемелері (интернаттар, мектептер, лицейлер, гимназиялар және т. б.), сондай-ақ әр түрлі жеке-психологиялық ерекшеліктері бар балаларға бағытталған білім беру бағдарламалары бар: дарынды балалардан бастап және психикалық дамуында ауытқулары бар балалармен аяқтай отырып.

Шығармашылық — өте күрделі психологиялық процесс. Кейбір адамдар білім игеруде, іс-әрекетті меңгеруде, оны белгілі үлгіде жүзеге асыруда жоғары іскерлік көрсетеді. Ал басқа адамдар жаңа туынды жасауға жақын тұрады. Бірақ репродуктивті әрекеттің қандай түрінің де шығармашылық элементі болады, ал шығармашылық әрекетке репродуктивтік

қызметтің қатысы болады. Тіпті өте дарынды адамдардың өздері де өмір жолын біреуге еліктеуден, үйренгеннен, тек тәжірибеге ие болғаннан кейін ғана шығармашылық қабілетін дамытқаны белгілі [1].

Шығармашылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылу, іздену. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өмірден өз орнын табуға көмектеседі.

«Шығармашылық» ұғымының жалпы теориясын зерттеген С.Л.Рубинштейн «оқушы шығармашылығының ерекшелігі оның сапалы түрде мақсатты әрекет жасауымен анықталады» — дей келе, «шығармашылық, шешімінің нәтижесі баланың өзі үшін жаңалық болса жеткілікті» екендігін айтады, яғни баланың шығармашылық өнімді еңбегі оның жеке тәжірибесімен салыстырылады.

Шығармашылық жұмыста, әсіресе, бала қиялының орны ерекше.

Адамзаттың қозғаушы күші - бұл шығармашылық тұлға. Мұндай тұлғаларды анықтау психологияның теориялық негіздерін әзірлеу сияқты маңызды міндеті болып табылады. Психология саласында көптеген зерттеулер жүргізілгеніне қарамастан, оның философиялық, өнертанушылық, психологиялық және педагогикалық ойдың сұраныстарына жауап беретін біртұтас тұжырымдамасы жоқ. Шығармашылықтың көздері мен детерминанттары, жеке тұлға мен шығармашылықтың өзара байланысы туралы сұрақтар әзірленбеген, жеке тұлғаның шығармашылық әлеуеті мен шығармашылық өзін-өзі іске асыру шарттары туралы бірыңғай түсінік жоқ [2].

Жасөспірімдердің шығармашылық қабілеттерін дамыту әдістері мен тәсілдерін зерттей отырып, келесілерді жасауға болады:

- жасөспірімдермен жұмыс барысында үдерісті шығармашылық ойлауды дамыту үшін маңызды қалыптастыруға бағыттау, жас себебін пайдалану маңызды;
- жасөспірімде қабылданатын шешімдердің бастамасы мен дербестігін ояту;
- "жаңа" ойлауды жоғары деңгейде оятып, балалардың шығармашылығын жеңуге көмектесу.

- оң нәтижелерге қол жеткізу үшін түрлі әдістер мен тәсілдерді қолдану қажет.

Осылайша, танымдық және шығармашылық белсенділікті, ойлаудың икемділігі мен жүгіруін, жасөспірімдердің командада жұмыс істей білуін ынталандыру мақсатында сабақтан тыс және сабақтан тыс іс-әрекеттерде келесі тәсілдер мен әдістерді қолдануға болады: ойын психотехникалық тәсілдері, "ми шабуылдары", рөлдік ойындар және басқа да жаттығулар. Оның негізінде дивергентті ойлауға, қайта құрулар мен ассоциацияға, жаңа идеяларды тудыру және оларды әзірлеу қабілеті жатыр.

Жасөспірімдер жасындағы балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін біз келесі әдістерді ұсынамыз:

1. Ми шабуылы.
2. Сынамалар мен қателер әдісі
3. Синектика әдісі (У. Гордон).
4. ТРИЗ (өнертабыстық есептерді шешу теориясы)
5. Морфологиялық талдау (Ф. Цвикки).
6. Фокальды объектілер әдісі.
7. Бақылау сұрақтары әдісі.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Хмель Н.Д. Теоретические основы профессиональной подготовки учителя. А.: Ғылым, 1988.
2. Богоявленская Д.Б. Психология творческих способностей: Учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений. — М.: Издательский центр «Академия», 2002. — 320 с.

3. Ильин Е. П. Психология творчества, креативности, одаренности. — СПб.: Питер, 2012. — 144 с.
4. Кудрявцев В. Т. Творческая природа психики человека // Вопросы психологии. — 1995. — №3. — С. 113-120.

**ОӘЖ: 159.9.019.**

**Қасымханов Р.Б.**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты қ. Семей, Қазақстан*  
**Ғылыми жетекшісі: Абдуллина Г.К.**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы қ. Семей, Қазақстан*

## **НЕВРОТИКАЛЫҚ ҚОБАЛЖУЛАР ЖАЙЛЫ ҒЫЛЫМИ – ТЕОРИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР**

*Аңдатпа*

*Бұл мақалада невротикалық қобалжулар жайлы ғылыми – теориялық зерттеулер толық ашылған. Невроз және невротикалық қобалжулардың шығу тегі мен көріністері талданған. Симптоматикасына қарай невроздың ажыратылатын формалары қарастырылған.*

**Түйін сөздер:** *невроз, невротикалық қобалжулар, жүйке жүйесінің патологиясы, психоневроз.*

*Аннотация*

*В настоящей статье полностью раскрыты научно-теоретические исследования о невротических переживаниях. Проанализированы проявления и причины возникновения невроза и невротических переживаний. Рассмотрены формы неврозов, отличающиеся по симптоматике.*

**Ключевые слова:** *невроз, невротические переживания, патология нервной системы, психоневроз.*

*Annotation*

*In this article, the causes and manifestations of the state of mental crisis are fully disclosed. The features of the emergence of psychogeny, psychoses and disharmonious States as a result of mental crisis and trauma are considered.*

**Keywords:** *mental crisis, mental trauma, disharmony, deprivation, regression of personality.*

Невроз шамадан тыс психикалық жағдайдың себепші болуынан дамиды, өте жиі таралған дерт. Невроз (лат. neurosis — жүйке тозуы) – адамда болатын психикалық-жүйке жүйесінің өтпелі психогенді, созылмалы аурулар тобы. Невроз – өмірдегі жағымсыз жағдайларға тұлғаның реакциясы. Медицина және психология ғылымдар саласында невроздың үрейлену, мазасыздану, қорқу сияқты көріністерін невротикалық қобалжулар ретінде қарастырады. Невротикалық қобалжулар адамның жас және дербес ерекшеліктеріне байланысты түрлі деңгейде орын алады.

Невроздың клиникалық, психоаналитикалық тұрғыдан анықтамалары бар. Клиникалық анықтамасы: невроздар – өзіне тән психикалық симптомдары (тежелу, көңіл-күйдің бұзылуы, үрей, қорқыныш, жабысқақ ойлар, психикалық автоматизмдер) немесе соматикалық ауытқу-бұзылулары (әсіресе шағын сипатты функционалды шағымдары) бар аурулар және тұлғалық ерекшеліктер мен мінез-қылықтық өзгерістерде көрінеді. Ағымы созылмалы түрінде жиі кездеседі. Невроздардың пайда болуы негізінен психореактивті деп

саналады, ал психоаналитикалық тұрғыдан: невроз балалық кездегі психикалық дамудың бұзылуы (ауытқуы) нәтижесінде пайда болатын психикалық ауру.

Ал невропатология ғылымы саласында неврозды:– қозу мен тежелу жүйке үрдістері бұзылуынан болатын жүйке жүйесінің функционалды ауруы. Невроздың негізгі себебі психикалық жарақаттар. Невроздарды – психогенді патологиялық реакциялар немесе психиканы жарақаттайтын жағдайларға жүйке жүйесі реакциясының формасы деп санайды.

Алғаш «невроз» терминін 1776 жылы Шотландия психиатры В.Куллен ұсынды. Осы атаумен ол қызба жағдайы болмайтын сезім және қозғалыс бұзылыстарын және осы функциялардың жергілікті немесе жалпы бұзылыстарымен байланыссыз ауруларды суреттеп жазды. Ары қарай невроздардың клиникасы және оларға ықпал ететін факторлар анықтала түсті. Невроздардың клиникалық суретін және оның пайда болуындағы әртүрлі факторлардың рөлін бағалауда жарақаттық және әскери невроздар және т.б. себепші болды.

Невроз феноменін зерттеуде ғалымдар жүйке жүйесінің патологиясы мен ағымдық ерекшеліктерін жан-жақты зеттеген. Невроз жүйкелік-психикалық бұзылу формаларының бірі. Невроз –жүйке жүйесіне мөлшерден тыс салмақ түсуден адамның үрей, мазасыздану, қорқу сияқты жағымсыз күйге ұшырауы.

Невроз немесе жүйке жүйесінің патологиясы жайлы көптеген ғылыми зерттеулер бар. Атап айтқанда, И.П.Павлов, В.Куллен, М.И.Дорки, А.М.Прихожан, Р.В.Овчарова, В.Н.Мясищев, З.Фрейд, А.Фрейд, К.Г.Юнг, А.Адлер, Э.Эриксон, К.Хорни, Е.Савина, Н.Шанина, М.И.Чистякова, Р.Тэмпл, В.Амена, Ч.Д.Спилбергер, К.Г.Юнг, Г.Н.Кассиль, Г.Гольдштейн және т.б.

Невроздар - негізінде жүйке жүйесінің уақытша функционалды бұзылуына жататын, негізгі жүйке үрдістерінің (қозу, тежелу) және олардың қозғалысының зорығуымен шартталған, жіті немесе ұзақ уақыттық психожарақаттаушы факторлар әсерімен туындайтын аурулар тобы.

Невроздың патогенетикалық негіздемесін жасаған В.Н.Мясищев. 1934 жылдан бастап ол неврозды жеке тұлға ауруы деп, бірінші кезекте жеке тұлғаның дамуына әсер ететін ауру деп айта бастаған. В.Н.Мясищев жеке тұлға ауруы түсінігіне нервті-психикалық бұзылу, тұлға өзінің өмір сүру шындығын қабылдауы және уайымдауы және сол шындықта өзінің өмір сүруін және өз орнын табу категорияларын жатқызған. Қиын жағдайлардан рационалды және өнімді шешім таба алмау өзінің артынан жеке тұлғаның физиологиялық және психологиялық жағынан ұйымдастыра алмаушылығын тудырады [2].

Мағжан Жұмабаевтың балалардағы невроздардың шығу тегі мен алдын-алу, болдырмау шаралардың маңызын сипаттауында, ішкі сезім - таза жан көрінісі [3]. Ішкі сезім арқылы біз заттарға, көріністерге баға береміз. Мағжан Жұмабаев ішкі сезімді екіге бөледі: өзімшілдік (эгоизм) және (альтруизм) ішкі сезімдері. Кіндігі өзімізде болған, яғни біздің не әлсіздігімізді, не күштілігімізді көрсететін ішкі сезімді өзімшілдік ішкі сезім деп атап, оған: ұялу, қорқу, батырлық, ашу, жек көру, тәкаппарлық, күншілдік жатады. Ал басқа адамдар және жаратылыс үшін болатын ішкі сезімдер, оған: достық, аяу жатады.

Мағжан Жұмабаевтың еңбегінде балалардағы невроздар жайлы төмендегідей сезім құбылыстарына қысқаша түсінік береді: қорқу сезімі - адам жанында бір бақытсыздық күткенде болады. Қорқу сезімінің екі түрі: жеңіл қорқу тынышсыздану деп, қатты қорқу үрей ұшу деп аталады[3]. Қорқу сезімі неғұрлым күшті болса, оның жанға, яғни денеге әсері де сонша күшті болады. Үрей ұшқанда адам қозғала және сөйлей алмай қалады. Қорқыныштың болуымен біріккен үрей сезімі мазасызданумен сипатталады. Адам мазасызданады, дірілдеген дауыспен сөйлейді не болмаса кекештеніп қалады. Анықталған фактілерге байланысты зерттеушілер үрейдің деңгейлері мен бірнеше түрлерін айқын көрсетеді.

З.Фрейд невроздың патогенетикалық негізін әдебиеттерде заттық мәселе ретінде қарастырған[11]. Невроздың патогенетикалық негізі психопатологиялық көрініс пен психикалық бейімделудің клиникалық көрінісіне байланысты. К.Г.Юнгтың пікірі бойынша, невроздық қорқыныш – бұл түсініксіз сансыз құбылыс, күтпеген қауіптер мен өлшемге толы.

Қорқыныштар: а) табиғи қорқыныштар; ә) әлеуметтік қорқыныштар; б) өзіміз жасайтын қорқыныштар; в) кәрілік пен өлімнен қорқу;

Невроздық қорқыныш қашанда адамның қара көлеңкесі сияктанып, өне бойы оның серігі болып келді. З.Фрейд: «қорқыныш адамның туылу актісі кезінде басталады», - дейді. Туылу процесінде жағымсыз сезімдер бірігіп, соматикалық түйсіктерден бастауын алған өлім қаупі мен қорқыныш біздің өмірімізде өне бойы қайталанып отырады екен.

Невроздық қорқыныш көрінісі индивидтің – биологиялық немесе әлеуметтік тіршілік етуіне қауіп төнген ситуацияда пайда болатын, ақиқат немесе қияли қауіп – қатерге бағытталған эмоция. Өмірдегі ситуациялардағы сынақ сәттерде кездейсоқ жағдайларда эмоционалды мазасыздық туындап, күрделі психологиялық мәселелерді, қиындықтарды, шешілген немесе шешілмеген қабылдау көрінісін елестетуге болады. Күнделікті өмірде әртүрлі қиыншылықтардағы мазасыздық, адамдарда туындайтын уайым қорқыныш пен үрейдің пайда болуына әкеледі. Психологияда невроздық қорқыныш пен үрей психикалық қысым, адамды қолайсыз жағдайға қалдырады. Адамның қоршаған ортаны қабылдауы мен сезінуі оның ес, ойлау және қиял процестері әбден қаруланған қоғамдық тәжірибеге толы нақты – тарихи белгілер жүйесімен шектеледі.

Шетел әдебиеттерінде невроз әр әдебиеттерде әртүрлі қарастырылады: онтодоксальді психоанализде бала қорқынышын шешуде маңызды деп саналады. Индивидуалды психологияда баладағы невроз паталогия болып саналады. Невроз проблемасы бойынша айналысатын атақты шетел маманы К.Хорни неврозды «психикалық бұзылу» деп қорқыныш пен және сол қорқыныштан қорғанумен шақырылады, сонымен қатар қарама-қарсы тенденциялар арасынан конфликт кезінде компромисс іздеуге болатындығын айтқан. Невроз ауруының психогенді мінездемесі психикалық әрекеттің факторларларына негізделген. Невроз түрлі көңіл-күйлермен көрінеді және «ішкі немесе невротикалық конфликт» деп аталуы мүмкін.

Неврозды жүйелеу жайлы бірнеше бағыттар болғанымен, олардың неврозды топтастыруда өзара ынтымақтастығы жоқ. Симптоматикасына қарай психоневроздар мен ағзалық невроздарды және мінез-қылық невроздарын ажыратады. Психикалық невроздар симптомдарының кейбіреулері өз-өзіне сенімсіздік, тежелу, қарым-қатынасқа түсудегі қиындықтар, көңіл-күйдің бұзылуы және вегетативті симптомдар ретінде көп жағдайларда кездеседі. Мұндай жағдайлар невроздың жекеленген түрлерін айқындайды, мысалы: фобиялар, жабысқақтық, оқшаулану. Арнайы симптомдар жекелей де және кейбір психикалық ауруларда да дәл сондай түрлерінде пайда болуы мүмкін.

Соматикалық симптомдар көптеген невроздың әртүрлі формаларында кездеседі. Ағзалық невроздар психосоматикалық бұзылулардан терминологиялық және клиникалық жағынан ешбір айырмашылықтары жоқ. Мінез-қылық невроздары тұлғаның клиникалық бұзылуларымен, тұлғаның белгілі көріністерімен айқындалады.

Жүйке жүйесі патологиясы жайлы ғылыми зерттеген шетел және ресейлік психологтар невроздың үрей деңгейінің бала психикасына әсеріне ерекше тоқталған К.Монпардтың ойынша, қатал тәрбие баланың құрылымдық дамуында қорқынышпен сипатталады, бір мезгілдегі танымалдылығымен, үлгідегі қабылдау (бүгін жол - бермеу, ертең – жол беру) баланың аффектілік жағдайын бейнелейтін, төменгі күштің сезімін сезінуге қажеттіліктің туындауы, тәрбиенің жетіспеуі – әлеуметтік бейнелеудегі қиыншылықтар.

А.М. Захаров, А.М. Прихожан және т.б. ғалымдардың тұжырымдаулары бойынша балалардағы үрейдің пайда болуы ата-анасымен қарым-қатынастарының ерекшеліктеріне байланысты. Зерттеуші ғалымдар балалардағы невроздың үрей деңгейінің пайда болуын отбасындағы ата-ана мен балалар арасындағы сенімсіздік, қатыгездік, қатаң талап қою, неқұрайлылық сияқты жағымсыз қарым-қатынастардан туындайтынын дәлелдеген [33].

П.А.Лесгафт, балаға жеткіліксіз немесе қарым – қатынаста болудың салдарынан «қатігез» баланың типі қалыптасады, іштен тынған, тәрбиеде тұрақсыз, коммуникативті ортада бұзылыстары кездеседі, ұмытылған «жұмсақ тынған» мұндай тип тәрбиеге зәру, суық

қанды, типтегі тәртіп «отбасы тұтатын үлгі» - таза махаббатқа толы, жоғары қабілетті, әрқашанда бірінші болуға деген құмарлық және басқа біреулермен басқара алу.

И.М.Белинскийдің ойынша, ата-ананың қатал әділетсіз қарым – қатынасы балаға жан-жақты ықпалын тигізеді. Баланың рухани жағдайына асқан мұқияттылық баланың эмоциясынан туындаса, асқан сұраныстың болуы – баланың рухани кемшілігінің себебіне әкеледі.

В.М.Мясищев, Е.К.Яковлева, Г.А.Зачепецкий, С.Г.Фейерберг және т.б. ғалымдардың тұжырымдаулары бойынша: қатал шартпен тәрбиелеу, сұраныста қарама-қайшылық тудырады және невроздың пайда болуына әкеледі. Истерикалық жақтарының дамуына, эмоциональдылықтың жоғары болуына және өзіндік бақылаудың жетіспеуі, баладан қолынан келмейтін нәрсені жасауын сұрамау неврастениядағы этиологиялық фактор [41].

Е.Г.Сухарева мынандай қорытынды жасайды: қарама-қайшы және намысқа келетіндей тәрбие түрі - агрессивті қорғаныс типіндегі баланың қалыптасуына, ал тәрбиедегі асқан қызбалылықпен және тұрақсыздық, қатігездік – балалардың сенімсіздік пен құмарлық, аффектілік реакцияларын туғызады.

Ғалымдардың пікірінше ата-ана өзінің баласымен қарым – қатынасқа түсе бастағанда, әр бала өз ата – анасының әрекетін қайталайды. Баланың психикалық ерекшеліктерін және балалармен жүргізілетін тәрбиелік әдіс-тәсілдерді дұрыс қолданбау, бала жанын түсіне білмеуден балаға деген негативті қарым-қатынасы қалыптасады.

Невроздық зақымданудан үрей, мазасыздану, қорқыныш сияқты жағдайлар диффузиялық қауіптік сезімі және үрейлік күту, анықталмаған мазасыздану деңгейі, күтудегі фрустрация және психикалық стресс белгілерімен сипатталады. Невроздық зақымдану механизмінің шынайылығының негізі психикалық стресске, психологиялық қауіп – қатерге, үрей элементінің деңгейі және сәтсіздік пен қауіптің биологиялық маңыздылығына тікелей байланысты болады.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Таланов В.Л., Малкина – Пых И.Г. Справочник практического психолога. – СПб: Сова. М.2002. 928 с.
2. Степанов С. Популярная психологическая энциклопедия. М., 2005.
3. Ананьев В.А. Введение в психологию здоровья. – СПб, 2008.
4. Психология детей с отклонениями и нарушениями психического развития / Общая редакция В.М. Астапова, Ю.В. Миладзе. СПб.: Питер, 2001.-384.
5. Франкл В. Человек в поисках смысла. М.. Прогресс, 1990. 368 с.
6. Марищук В.Л., Евдокимов В.И. Поведение и саморегуляция человека в условиях стресса. - СПб.: Питер, 2001. – 258 с.
7. Зейгарник Б.В. Патопсихология :Учеб.пособие для вузов /Б. В.Зейгарник.-2-е изд., стереотип.-М.:Академия, 2003.
8. Бондаренко А.Ф.Психологическая помощь: теория и практика. — Изд. 3-е, испр. и доп. — М.:Независимая фирма “Класс”, 2001. — 336 с.
9. Нордонэ Дж., П. Вацлавик. Искусство быстрых изменений М., 2006.

**ОӘЖ: 159.922**

#### **Қасымханов Р.Б.**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты қ. Семей, Қазақстан*

#### **Ғылыми жетекшісі: Абдуллина Г.К.**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы қ. Семей, Қазақстан*

### **НЕВРОТИКАЛЫҚ ҚОБАЛЖУЛАРЫ БАР СТУДЕНТТЕРДІҢ ЭМОЦИОНАЛДЫ ТҰРАҚТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІ**



### **Аңдатпа**

Мақалада невротикалық қобалжулары бар студенттердің эмоционалды тұрақтылық деңгейі жан-жақты қарастырылған. Эмоционалды тұрақтылық пен эмоционалды ұстамдылық, мазасыздану, қорқу сөздерінің мағынасы мен түсініктік анықтамасы сипатталған. Студенттердегі невротикалық қобалжулардың пайда болу себептері мен көріністері талданған.

**Түйін сөздер:** невротикалық қобалжулар, эмоционалды тұрақтылық, эмоционалды ұстамдылық, мазасыздану.

### **Аннотация**

*В статье всесторонне рассмотрена важность уровней эмоциональной стабильности у студентов с невротическими переживаниями. Описаны определения понятий и содержания слов - эмоциональная стабильность и эмоциональная сдержанность, беспокойствие, страх. Проанализированы причины и проявления невротических переживаний у студентов.*

**Ключевые слова:** невротические переживания, эмоциональная стабильность, эмоциональная сдержанность, беспокойствие.

### **Annotation**

*The article comprehensively examines the importance of levels of emotional stability in students with neurotic experiences. The article describes the features of using relaxation methods for the correction and prevention of neurotic experiences. The technique of using relaxation methods is analyzed.*

**Key words:** neurotic experiences, relaxation attitude, relaxation methods, psychotherapy.

Қазіргі кезде студенттердің эмоционалды тұрақтылық деңгейлерінің көріністері мен өзгерістерінің себептерін зерттеу өзекті мәселе. Эмоция - өмірлік процестердің реттеуші механизм ретінде қарастырылады. Студенттердің эмоционалды тұрақтылығы физиологиялық, психологиялық - педагогикалық, әлеуметтік тұрғыда аса маңызды. Студент тұлғасы қалыптасуында іс-әрекет нәтижелілігінің төмендеуі өз кезегінде эмоционалды тұрақтылық деңгейінде (невротикалық сипаттағы) қобалжуын, күйзелісі мен мазсыздануын күшейтеді. Студенттердің эмоционалдық дамуы іс – әрекетінің мазмұны мен құрылымына, қоршаған адамдармен қарым – қатынасының сипатына, мінез – құлық ережелерін меңгеруіне байланысты.

Невротикалық бұзылулар мен қобалжулар немесе жүйке жүйесі патологиясы жайлы көптеген ғалымдардың: И.П.Павлов, В.Куллен, М.И.Дорки, А.М.Прихожан, Р.В.Овчарова, Е.Савина, Н.Шанина, М.И.Чистякова, Р.Тэммл, В.Амена, Ч.Д.Спилбергер, К.Г.Юнг, Г.Н.Кассиль, Г.Гольдштейн және т.б. зерттеулері бар.

Эмоционалды тұрақтылық пен эмоционалды ұстамдылық сөздерінің мағынасы бірдей және түсініктік анықтамасы әрқилы екендігін көптеген ғалымдар зерттеген[1]. В.М.Писаренконың пікірі бойынша «бұл жеке тұлғаның эмоционалды аймағына байланысты болатын мінез-құлық»; ал О.А.Черникова «эмоционалды тұрақтылық пен ұстамдылық - белсенділік деңгейіндегі эмоцияның оңтайлы деңгейі» - деген пікірде; А.В.Родионов – «стресс жағдайында қажетті психологиялық сапа» ретінде қарастырған.

Невроздың клиникалық, психоаналитикалық тұрғыдан анықтамалары бар[2]. Клиникалық анықтамасы: невроздар – өзіне тән психикалық симптомдары (тежелу, көңіл-күйдің бұзылуы, үрей, қорқыныш, жабысқақ ойлар, психикалық автоматизмдер) немесе соматикалық ауытқу-бұзылулары (әсіресе шағын сипатты функционалды шағымдары) бар аурулар және тұлғалық ерекшеліктер мен мінез-қылықтық өзгерістерде көрінеді. Ағымы созылмалы түрінде жиі кездеседі. Невроздардың пайда болуы негізінен психореактивті деп

саналады, ал психоаналитикалық тұрғыдан: невроз балалық кездегі психикалық дамудың бұзылуы (ауытқуы) нәтижесінде пайда болатын психикалық ауру.

Ғылыми зерттеулерде эмоционалды тұрақтылық мәселесіне көңіл қойып зерттеген ғалымдар[3]: З.Фрейд, К.Юнг, В.Франкл, Ж.П.Сартр, К.Роджерс, Ф.Перлз, Г.С.Абрамова, Н.А.Аминов, Р.В.Овчарова, Н.И.Обозов, М.В.Молоканов, В.Ю.Моховиков, Р.Кочюнас және т. б. Ал эмоционалды тұрақтылықтың психолог маманның кәсіптік әрекетіндегі маңызына ерекше ден қойып зерттегендер: О.Я.Соловиенко, А.И.Чебикин, О.А.Черкашин, М.С.Блинов, В.М.Корольчук, П.П.Крайнюк, В.В.Стасюк. Психолог маманның кәсіби көмек көрсетуде эмоционалды ұстамдылығы іс-әрекетінде үлкен жетістіктерге жеткізетіндігі жайлы Л. М.Аболин, В. Л.Марищук, О.Я. Чебикин, А. И. Черкашин өз тұжырымдарын жасаған.

Невротикалық қобалжулар деңгейінің және қорқыныштың критерийлік базасын К.Ясперс невроз стимулымен байланыстыра отырып зерттеген. Оның пікірі бойынша қорқыныш анықталған стимул мен объектіге сай болады. Невротикалық қобалжулардың гиперестезиялық бейнесі, невроз деңгейінің өсуі ішкі бұзылыстар мен оларға қосылу ерекшеліктерімен сипатталып отырады. Невроздағы гиперестезиялық реакцияның пайда болуын П.В.Симонова тәрбиеден тыс, арнайы мамандандырылған деген пікірде. А.А.Ухтомскийдің доминанта типіне әсер етуі, нәтижесінде ол субъектіге маңыздырақ болып табылады.

Эмоцияның жағымсыз көріністері күйзеліс, агрессия, қобалжу, қорқыныш, үрейден тұрады. Кез келген қобалжу бұл индивидтің қандай да бір қажеттілікке қанағаттану үрдісін бағалауы. Адамның эмоционалдық қобалжуы эмоция және эмоционалдық күйге бөлінеді. Д.О.Хебб адамның эмоционалдық қозуымен практикалық әрекетінің табыстылығы деңгейінің арасындағы тәуелділікті эксперименталды жолмен анықтауға мүмкіндік алды [4]. Әр адам үшін жұмыстағы тиімділікті қамтамасыз ететін эмоционалдық қозу дәрежесі болады. Эмоционалдық қозудың тиімді деңгейі көптеген факторлардан, әсіресе орындалатын әрекеттің шартына, ерекшелігіне байланысты. Аса әлсіз эмоционалды қозу әрекетті қажетті мотивациямен қамтамасыз етпейді, ал күштісі оны бұзып, тәжірибеде басқаруды мүмкін емес етеді.

Қобалжу жеке адамның сипаты ретінде, адам миының генетикалық детерминациялы қасиеттерімен байланысты болады. Бұл қобалжу түрі жоғары ситуативті мазасызданумен өзара әрекеттесе отырып, стресспен дистрестің күшеюіне әкеліп жеткізеді. Қобалжу жеке адамның қасиеті және оның қалпы ретінде ажыратылады. Қобалжу – жеке тұлға сипаты, оның эмоционалды аймағын сипаттайды. Қобалжу деңгейі стресске деген жеке сезгіштікті білдіреді. Өте жоғары қобалжу психологиялық қолайсыздықтың субъективті байқалуы. Сонымен, қобалжу - көп мағыналы психологиялық термин, индивидтің нақты уақыт кезеңінде белгілі — бір қалпын суреттейтін және оның эмоционалды аумағын сипаттайтын жеке адам сипаты, әрі тұрақты қасиеті.

Әдебиеттерге талдау жасау қобалжуды түрлі тұрғыдан қарауға әкеліп жеткізді. Яғни, психологиялық күйзеліс ретінде, әрі үнемі алаңдаушылық сезініп тұру сезімі сияқты, түрлі ситуацияларды қауіп төндіретіндей бастан кешіру. Өте жоғары деңгейдегі қобалжу психологиялық қолайсыздықтың субъективті байқалуы сияқты болуы мүмкін. Қобалжу басынан-ақ жеке адамның жағымсыз сипаты болып саналмайды. Әрбір адамда өзіне тән оптимальды қобалжу деңгейі болады. Бұл жеке адамның белсенділігінің шарты ретіндегі пайдалы қобалжу. Ол қобалжу өзін-өзі қайта құруға, өзін немесе ситуацияны өзгертуге дайындық сигналы ретіндегі мазасыздану болып табылады. Жекелеген қобалжу бұл ситуацияға қатысты субъектінің іс-әрекет құрылымының сәйкес еместігі сигналы ретінде болады. Жекелеген қобалжу деңгейі өзара тұлғалық қарым-қатынас құрылымында тұрақсыз ситуациялардың болуына реакция білдіру және бағдарланушы іс-әрекетке жоғары деңгейде дайын болуды қажет етеді. Невротикалық қобалжу деңгейінің психологиялық негізі ретінде жан-жақты формаларды бейнелей алу мүмкіншілігіне ие.

Студенттердегі невротикалық қобалжулардың себептері әртүрлі: отбасындағы, әлеуметтік ортадағы даулы жағдайлар, қорқу, жақын адамынан айырылу, қорқыныш сезімімен байланысты іс-әрекетті күштеніп орындау т.с.с. Бір формалары түрлі жағдайларға байланысты біртіндеп, жайлап дамиды. Отбасындағы, күнделікті өмірдегі қолайсыз жағдайлар, жағымсыз сезімдік-эмоциялық жағдайлар жүйке жүйесін шиелендіріп, невроздардың қалыптасуына мүмкіншілік тудырады.

Студент тұлғасы қалыптасуында іс-әрекет нәтижелілігінің төмендеуі өз кезегінде оның эмоционалды күйзелісі мен мазсыздануын күшейтеді, осылайша тұйық шеңбер пайда болады. Мазсызданудың жоғарғы деңгейі невротикалық сипаттағы түрліше функционалды бұзылуларға әкеп соғуы мүмкін. Біз мазсызданудың қолайсыздық қаупін алдын-ала сезумен байланысты, эмоционалды дискомфортты бастан кешу екенін анықтадық. Қобалжу мен қорқыныш — адам өміріне және сәттіліктеріне төніп тұрған қауіптің мидағы бейнесі. Мазсыздық – қорқынышты эмоционалды түрде сезіну. Мазсыздану сезіміне алып келетін қорқу мынандай себептерге байланысты болады: өз қатарластарымен дұрыс қатынаста болмау, ата-анасының өзара келіспеушілікте болуы, психикалық жарақат алуы, ата-ана тарапынан қатал тәртіп және т.б.. Эмоция қалпындағы сезімдерді бастан кешіру азды – көпті байқалатын сыртқы көріністермен (бет – әлпет кейпі, ым – ишарат т.б) қатар жүреді. Сезімдер адамның тіршілік қажетіне, өзара қарым-қатынасына байланысты сан алуан формаларда көрінеді. Сыртқы дүние заттары мен құбылыстарының адамның қажеттіліктеріне сәйкес келу-келмеуіне байланысты пайда болып отыратын психикалық процестің түрін сезім деп атайды[5].

К.Изардтың пікірі бойынша эмоциялық ахуалдар және олардың психологиялық сипаттамалары сыртқы көріністері көрсетіледі[6]. Эмоционалды жағдай ағзаның өмірлік қызметінің белсенді формасын қамтамасыз ететін негізгі реттеу жүйесінің бірі. *Эмоциялар мынандай қызметтер атқарады:*

- Эмоцияны жағымсыз бағалау ролі – адамның оқиғаға түрлі әсерінің болу мүмкіндігін білдіреді.
- Эмоцияның басқарушы ролі – қоршаған шындықты, оқиғаға қатынасын бейнелеуден басқа, адамның мінез құлқын басқаруда эмоция маңызды роль атқарады.
- Эмоцияның қорғаныс қызметі – адамға төнген шынайы немесе жалған қауіп туралы ақпарат береді. Эмоцияның бұл қызметі қорқыныштың туындауымен тығыз байланысты.
- Эмоцияның сигналдық қызметі – сыртқы көрініс арқылы адамның басқа адамға жай күйін хабарлауы.
- Эмоцияның жоғары түрі адамның іс - әрекетінің өнімді болуына мүмкіндік туғызады.
- Жағымсыз эмоция адамның іс - әрекетіне азды - көпті зиян келтіреді. Олар қорқыныш, қайғы, абыржу, налу, үмітсіздену, үрейлену т.б.

Эмоционалды тұрақтылық пен ұстамдылық - жеке тұлғаның интегралды қасиеттері ол эмоционалды, еріктік, интеллектуалды, іс-әрекетіндегі мақсатқа жетудегі мотивацияның тиімді компоненті. Эмоционалды күрделі жағдайда әлеуметтік-рөлдік мінез-құлықтың тиімділігі мен іс-әрекеттің мақсатты және сәтті болуын жүзеге асырады[7].

Қорыта келе, адамның дербес тұлғалық сапалары, мінез-құлық ерекшеліктері күнделікті тұрмыс-тіршілігінде аса маңызды. Сондықтан болашақ мамандарды даярлауда олардың өзін-өзі тану мен өзін-өзі өзектендіруіне, өзін-өзі дұрыс бағалауы мен рефлексиясының жоғары деңгейде болуына психологиялық-педагогикалық жағымды әсер ету арқылы эмоционалды тұрақтылық пен ұстамдылық деңгейлерін сапалы қалыптастырып невротикалық қобалжуларын болдырмауға және алдын-алуға болады.

### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Митина Л.М., Асмаковец Е.С. Эмоциональная гибкость учителя: Психологическое содержание, диагностика, коррекция: Учебно-методическое пособие, М., 2011.
2. Макеев Г. Неврозы – вечная проблема. ВИТА. Традиции. Медицина. Здоровье. 2013.
3. Ильин Е. П. Эмоции и чувства. – С. -Пб. : Питер, 2011.
4. Ананьев Б.Г. Избранные психологические труды (Под рук. А.А.Бодалева и др.) В 2-х тт. - М, 1980, т 1.
5. Основные тенденции развития высшего образования: Глобальные и Болонские измерения //Под науч.ред.д.пед.наук профессора В.И.Байденко. – Астана: Исследовательский центр проблем качества подготовки специалистов, Независимое Казахстанское агентство по обеспечению качества в образовании (НКАОКО). – 2010.- 352 с.
6. Изард К. Э. Психология эмоций: Пер. с англ. – С. -Пб. : Питер, 1999.
7. Карандашев В.Н. Психология. Введение в профессию. М., 2013.

ӘОЖ: 316.6

### **Құдайбергенова Тоғжан**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты қ. Семей, Қазақстан*

### **Ғылыми жетекшісі: Абдуллина Г.Ж.**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті педагогика және психология кафедрасының аға оқытушысы қ. Семей, Қазақстан*

## **ӘЛЕУМЕТТІК КОНФЛИКТТЕРДІ ЗЕРТТЕУДІҢ ҒЫЛЫМИ-ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

### *Аңдатпа*

Мақалада әлеуметтік конфликттерді зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері мәселесі жан-жақты қарастырылған. Конфликт жайлы әлеуметтік, психологиялық, философиялық және тарих ғылымдары саласындағы зерттеулер талданған. Дау-дамайлардың шығу себептері мен түрлері сипатталады.

**Түйін сөздер:** дау-дамайлар, адам, қоғам, әлеуметтену.

### *Аннотация*

В статье рассмотрены проблемы научно-психологических основ исследования социальных конфликтов. Проанализированы научные исследования о конфликтах в области социальных, психологических, философских и исторических наук. Охарактеризованы виды и причины возникновения конфликтов.

**Ключевые слова:** конфликт, человек, общество, социализация.

### *Annotation*

The article deals with the problems of scientific and psychological foundations of the study of social conflicts. Scientific research on conflicts in the field of social, psychological, philosophical and historical Sciences is analyzed. The types and causes of conflicts are described.

**Key words:** conflict, person, society, socialization.

Конфликт – (лат.тіл. conflictus- қақтығыс) – күрделі қайшылықтардың пайда болуы, қарама-қарсы қызығушылықтардың қақтығыстары, күшті эмоциялық күйлермен байланысты әр түрлі мәселер бойынша өзара түсіністіктің болмауы [1]. Конфликттер әр түрлі себептерге және мотивтерге байланысты болады, мысалы: психологиялық, экономикалық, саяси, құндылықты, діни және т.б. Конфликт әрқашан өзара қарама-қайшы келетін қызығушылықтар мен көзқарастардың әсерінен пайда болады. Конфликтінің пайда болуына

әсер ететін жағдайлардың қатарына қарама-қайшылықтарды жатқызуға болады. Конфликтіге бір-біріне өзара зақым (моральды, материалды, психологиялық) келтіру арқылы көрініс табатын әлеуметтік қарым-қатынас субъектілерінің күресі тән [2]. Дау-дамайлар немесе конфликт түрлеріне келетін болсақ, олар келесідей болып жіктеледі: - тұлғашылық; - жеке тұлғалық; - топтық болып бөлінеді. «Психологиялық дау» деп шамасы жағынан бірдей, бірақ қарама – қарсы күштердің, мүдделердің, ұстанымдардың, өзара әрекеттесетін оппоненттердің немесе субъектілердің пікірлерінің, көзқарастарының үйлеспеуін атайды.

А.В.Дмитриев дау-дамайды екі жақтың қақтығысуы немесе келіспеушілік көзі болатын болжам немесе қақтығысуы мен келіспеушілік нақты бар екендігі туралы мәселе ретінде қарастырады [3]. Қарама-қайшылық дау-дамайдың пайда болуына түрткі болады. Даулы жағдаяттың маңызды психологиялық құрамды бөліктері: түрткілер, екі жақтың мақсат-ниеттері, мінез-құлықтың стратегиясы мен тактикасы, даулы жағдаятты қабылдауы, дау-дамайдың ақпараттық модельдері болып табылады. Адам баласының ілгері дамуы немесе кері кетуінің алғы шарты ретінде қарама-қайшылықтардың әртүрлі үлгіде көрініс беріп отыратындығы қоғамдық ғылымдарда жиі аталады. Осындай қарама-қайшылықтардың бір көрінісі дау-дамай (конфликт) әлеуметтік феномен ретінде қарастырылады.

Қазіргі кезде қоғамдағы әлеуметтік дау-дамайлар мен шиеленістер көптеген ғалымдардың назарын аударуда. Мейірімсіздікке, төзімсіздікке, озбырлыққа әкелетін, қоғамды бүлдіріп, тығырыққатірейтін саяси шиеленістердің шығу заңдылықтарын біліп, реттеу жолдарын іздестіріп, оның алдын алуға бағытталады.

Дау-дамай мәселесі жайлы әлеуметтік, психологиялық, философиялық және тарих ғылымдары саласындағы зерттеулер бар [4]. Дау-дамайлардың әлеуметтік-психологиялық аспектілері жайлы Ғ.Айталипова, С.Қоңырбаева, Б.Н.Қылышбаева, Э.Хамитова, Ә.Усманов, К.Өстеміров, Н.С.Ахтаева, А.І.Әбдіғаппарова, З.Н. Бекбаева, М.И. Станкина, Н.В.Гришина, А.В.Дмитриев, А.Г.Здравомыслов, А.И. Кравченко, В.Н.Лавриненко, Д.Пруйт, Дж. Рубин, А.А.Радугин, А.К.Радугин, С.В.Соколов, С.Ф.Фролов, О.Ф.Шабров, И.С.Веренко, З.Видоевич, З.Т.Голенкова және т.б. ғалымдар зерттеген.

Қазіргі кездегі әлеуметтік-экономикалық өзгерістерге және қоғам талаптарына байланысты әлеуметтік тұрғыдан теңсіздік, адамдардың әртүрлі жағдайға тез бейімделмеулері, кәсіби өсу, табыс табудағы ерекшеліктер және т.б. негізгі мәселелерге айналып отыр. Әлеуметтік дау-дамайлар күнделікті өмірдің бөлігі болып табылады. Конфликт әлеуметтік салада екі жақтың таласы, конфликт ретінде олардың мүдделерінің, мақсаттарының қарама-қайшылығы ретінде болады.

«Әлеуметтік шиеленіс» деген терминді алғаш рет ғылыми айналымға енгізген неміс ғалымы Г.Зиммель болды. Г.Зиммель шиеленісті қоғам өмірінің қалыпты және маңызды формасы ретінде қарастырған. Г.Зиммельдің бұл бағыттағы ғылыми көзқарастарын ХХ ғ. 20 – жылдары Чикаго мектебінің көрнекті өкілдері Роберт Парк, Эрнст Бюрджесс және Альбион Смолл қолдады. Олар «әлеуметтік өзара ықпалдасу теориясын» негіздеді. Бұл теория бойынша шиеленіс еркін бәсеке, бейімделу, ассимиляция, әлеуметтік өзара ықпалдасудың түрлері ретінде қарастырылған.

Әлеуметтік дау-дамайлар жайлы Р.Фишер, М.Дойч, Г.Райфф, Сеймур Липсеп, Ральф Далендорф, Кеннет Баулдин, Т.Адорно, Е.С.Кузьмин, Д.П.Зеркин, А.И.Кочетов және т.б. ғалымдар жан-жақты зерттеген. Р.Фишердің айтуы бойынша, әлем неғұрлым әртүрлі болған сайын, соғырлым көп қайшылықты ситуацияларға тап болуға тура келеді. Американдық зерттеуші М. Дойч конфликт қоғам стагнациясын болдырмауға мүмкіндік береді, оның дамуына әкеледі, мәселелерді шешу ізденісіне себепші болады және т.с.с дейді. Бейбіт жолмен шешілген конфликт анағұрлым күрделі конфликттердің алдын алады. Осы айтылғандарға сүйене отырып, конфликттердің өршуі мен шешудің күштеу формаларына байланысты жағымсыз функциялары ғана емес, сондай-ақ жағымды жақтары да бар екен деген қорытынды жасауға болады.

А.Г.Здравомыслов «әлеуметтік дау-дамайлар әлеуметтік қарама-қайшылықтардың шиеленісу шегіне жеткен жағдайындағы әртүрлі әлеуметтік бірліктердің қақтығыстарын атайды» деген пікірде [5]. Әлеуметтік дау-дамайлардың туындауына белгілі бір себептер әсер етеді, ол себептер реакция туындатады, реакциялардан конфликтіні ретттеу тәсілдері шығады, соңында конфликт оң шешімін табады немесе ол қайтадан басынан басталуы мүмкін. Профессор Е.С. Кузьминнің тұжырымдамасына сүйенсек, адамның енуі, тұлғаның әлеуметтік–психологиялық ерекшеліктерінің қалыптасуындағы, оның негізгі қатынастарының көрініс беруіндегі, дамуындағы, негізгі бастау көзі. Бұл қатынастар іс - әрекеттің мінез құлықтық, танымдық, эмоционалды және ерік – жігерлік қортындыларды қамтиды. Осындай қатынастар адамның жалпы қоғамға, өзіне деген мінез – құлқының стратегиялық, тактикалық және жағдайлық бағдарламасының негізін құрайды.

Д.П.Зеркин әлеуметтік дау-дамайлар мен әлеуметтік шиеленістердің бірнеше себептерін сипаттаған [6]. Ең бірінші, жалпы себебіне адамдардың теңсіздігі жатады. Себебі әркімнің қоғамдағы мәртебесі, қызметі, билікке қатынасы әртүрлі. Біреулер билік етеді, екіншілері оларға бағынады, дегендерін істейді. Дарендорф: «Бұл қайшылық әрқашан болған және бола бермек, сондықтан Маркстің коммунистік қоғамда таптар, дау-дамайлар болмайды деуі бекер сөз» дейді. Әлеуметтік дау-дамайлар мен шиеленістің екінші себебіне қажеттілік, мұқтаждықтың, талап-тілектің өтелмеуі немесе қанағаттандырғысыз өтелуі жатады. Үшіншіден, адамдар өздерін белгілі бір әлеуметтік, этникалық, діни, т. б. бірлестіктердің мүшесіміз деп санайды. Бұл олардың өмірдегі орнын айқындайды және өздерінің жағдайын басқалардан төмен сезініп, мүдделеріне қысым жасалды деп ұғады. Мысалы, жеке адам мен қоғамдық құндылықтар туралы түсініктері сәйкес келмеуі, өмірден адам бір нәтижені күтуі, шындығында басқаша шығуы, адамдардың өзара түсініспеушілігі, олардың ішкі сезімдерінің жетілмегендігі, т. т. с

Әлеуметтік дау-дамайлар мен шиеленістер қоғам өмірінде маңызды рөл атқарады. В.Н.Лавриненко, Н.А.Нартов, О.А.Шабанова, И.С.Веренко сынды ғалымдар әлеуметтік бақылауға алынған шиеленіс адамдар, топтар арасында пайда болған дау-дамайларды уақытында ушықтырмай, асқындырмай шешуге септігін тигізеді деген пікірде [7]. Әлеуметтік дау-дамайлар мен әлеуметтік шиеленістер сан алуан келеді. Олар мемлекеттер, ұлттар, ұйымдар, жұмысшылар мен әкімшілік басшылары, ері мен әйелі және т. с. с. арасында кездеседі. Олар әр түрлі топтастырылады, жіктеледі. Мысалы, оларға қатынасатын субъектілерге байланысты мемлекеттер, ұлттар, діндер, нәсілдер арасындағы; қатынасатын жақтарға байланысты саяси, экономикалық, идеологиялық, экологиялық, сауда, қаржы, әскери, мәдени; қамтыған шеңберіне қарай халықаралық, аумақтық, жергілікті болып бөлінеді.

Әлеуметтік дау-дамайлардың туындауына белгілі бір себептер әсер етеді, ол себептер реакция туындатады, реакциялардан конфликтіні ретттеу тәсілдері шығады, соңында конфликт оң шешімін табады немесе ол қайтадан басынан басталуы мүмкін (шеңбер бойымен айналған сияқты). Осы айтылғандарды келесі сызба түрінде көрсетуге болады:

*Қатысушылар → себеп → реакция → амал-тәсілдер → компромисс немесе жаңа конфликттер*

Мәселе конфликттерді қалай шешуде. Конфликтіні шешу немесе реттеу жолының үш түр бар [8]:

- конфликтіге қатысушы жақтардың біреуі (немесе барлығы) жеңіске жетуге талпынады (бір жақты әрекеттер);
- конфликтіге қатысушы (қатысушылар) оның бар екенін елемейді және әрекетсіз қалады (бір жақты әрекеттер);
- үшінші жақтың көмегімен немесе олардың қатысуынсыз қатысушылар өзара тиімді шешім табу үшін конфликтіні туғызған проблеманы талқыға салады (бірлескен әрекет).

Әлеуметтік дау-дамайлардың жағымды жақтарымен қатар олардың кері, жағымсыз да салдары бар екендігін баса айтқанымыз жөн. Әлеуметтік дау-дамайлар мен саяси шиеленістер қоғамның дамуына тән қасиет. Олардың жекелеген түрі ғана қиратып, бүлдіруге әкеледі. Олай болмау үшін өсіп келе жатқан дау-дамай, кикілжіңдерді дер кезінде ашып, реттеген, одан да жақсысы олардың алдын алған ләзім. Оған саяси және қоғамдық өмірдің демократиялық жағдайында ғана қол жеткізуге болады.

Әлеуметтік бейімделу ұғымын отандық ғалымдар жан-жақты зерттеген. Отанымыз Қазақстанның ірі педагог тұлғалары да Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев және белгілі ғалым-психолог Қ.Жарықбаев, С.Жақыпов, Р.Әбеуова, Н.Қ.Токсанбаева, Х.Халитова, Қ.Тыныштықов, А.Құдиярова, Е.Иманғалиевтардың еңбектерінде аталған мәселелерге көп көңіл бөлген.

Социологиялық тұрғыдан алғанда әлеуметтік бейімделудің жоғары деңгейінің көрсеткішіне тұлғаның осы ортадағы жоғары статусы және оның осы ортаға толықтай немесе өзіне маңызды деген элементтеріне психологиялық тұрғыдан қанағаттануы. Бейімделудің табыстылығы ортаның сипаты мен индивидтің мінезіне байланысты: жаңа орта күрделіленген сайын (әлеуметтік байланыстардың көптігі, күрделі өзара іс-әрекеттер, бір-біріне ұқсамайтын әлеуметтік топтар) ондағы әлеуметтік өзгерістер де көбейіп, бейімделу процесі қиындай түседі.

В.Н.Кудрявцева дау-дамай жағдайлар кезіндегі басты міндет одан қашу емес, оны тани білу керек әрі жақсы нәтижеге жету үшін оны бақылай білу керектігін ұсынады [9]. Психологияда дау-дамай жағдайларды жоюға бағытталған жекелеген әдістер мен тәсілдердің көптеген қатары бар. Олардың барлығы қарым-қатынас процесін жақсартуды көздейді. Дау-дамай жағдайларды болжау - бұл оны жоюдың тек қана алғы шарты ғана және кейде ескертуге болмайтын кезеңдер болатынын ескеру керек. Дау-дамай жағдайларды ескерту әдістері мен шаралардың кешенді жүйесі арқылы жүзеге асады және оның бөлшектеріне әсер етуден тұрады, ол бөлшектер кикілжің мүшелері, мінез-құлық мотивтері, объектілер, қарсылық пайда болмас бұрынғы қолданылатын күштер мен шаралар. Сондықтан дау-дамай сипатына орай, дау-дамайдың ескертуші іс-әрекеті түрліше болуы мүмкін.

#### Қолданылған әдебиеттер:

1. Вердербер Р., Вердербер К. Психология общения. – СПб: «Прайм-ЕВРОЗНАК», 2003. – 318 с.
2. Этика делового общения. Юнита. Для студентов Современного Гуманитарного Университета. – М.: СГУ, 2002. – 88 с.
3. Дмитриев А.В. Социальный конфликт: Учебное пособие. – М.: ЮНИТИ. 2012.
4. Б.Н. Қылышбаева. Қақтығыстану. Алматы. 2009 жыл. 156-170 б.
5. Здравомыслов А.Г. Социология конфликта. – М., 2004. АО Аспект Кравченко А.И. Социология. – М.: Акад. Проект, 2001.
6. Зеркин Д.П. Основы конфликтологии. Ростов н/Д, 1998. Конфликты и согласие в современной России: Социально-философский анализ. М., 1998.
7. Лавриненко В.Н., Нартов Н.А., Шабанова О.А., Веренко И.С. Конфликтология. – М.: концерн Swiss, 1990.
8. Пруйт Д., Рубин Дж. Социальный конфликт: эскалация, тупик, разрешение. М., 2009.
9. Психология и этика делового общения //Под ред. В.Н. Кудрявцева. М., 1997.

**ӘОЖ: 159.922**

#### **Құдайбергенова Тоғжан**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты қ. Семей, Қазақстан*  
**Ғылыми жетекшісі: Абдуллина Г.К.**

## **СТРЕСС КҮЙІНДЕГІ КОНФЛИКТ ЖАҒДАЙЛАРДЫ АЛДЫН-АЛУДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ТӘСІЛДЕРІ**

### *Аңдатпа*

Мақалада стресс күйіндегі конфликт жағдайларды алдын-алудың психологиялық тәсілдері мәселесі жан-жақты қарастырылған. Стрестің адам өміріндегі маңызы және психикасына әсері талданған. Конфликт жағдайларды болдырмаудың психологиялық тәсілдері сипатталады.

**Түйін сөздер:** *конфликт, стресс, денсаулық, психологиялық әдіс-тәсілдер*

### *Аннотация*

В статье рассмотрены проблемы психологических приемов предупреждения конфликта в виде стресса. Проанализировано влияние и значение стресса на психику и жизни человека. Охарактеризованы психологические приемы предупреждения конфликта.

**Ключевые слова:** конфликт, стресс, здоровье, психологические приемы

### *Annotation*

The article deals with the problems of scientific and psychological foundations of the study of social conflicts. Scientific research on conflicts in the field of social, psychological, philosophical and historical Sciences is analyzed. The types and causes of conflicts are described.

**Key words:** conflict, person, society, socialization.

Стресс күйіндегі адам конфликт немесе дау-дамай жағдайларға жиі түседі. Стресс көп жағдайда тұлғаишілік кикілжіңнің туындау себебі мен салдары болып табылады. Сондықтан да ерекше шамадағы стрессті алдын-алу әлеуметтік және тұлғааралық кикілжіңдерді ескертуде маңызды шарт болып келеді. «Стресс» (ағылш. Stress - зорлану, күштену, қиналу) деп қоршаған ортаның кез келген қолайсыз әсерлеріне организмнің арнайыланбаған бірбеткей серпілістермен жауап қайтаруымен көрінетін, оның қорғану - бейімделу мүмкіншіліктерінің жаңа деңгейде қалыптасуын айтады [1]. Стресс ағзаның әртүрлі әсерлеріне қайтарған жауабын түсіндіретін ұғым ретінде қарастырылады.

Стресс мәселесі төңірегінде, өз еңбектерінде психофизиологиялық негізі мен ықпалы жайлы жете зерттеген ғалымдар: Г.Селье, О.М.Радюк, Дж.Мейсон, У.Кеннон, П.К.Анохин, П.В.Симонов, К.В.Судаков, В.В.Суворова, В.С.Мерлин, Л.А.Орбели, Ф.З. Меерсон, Ю.В.Щербатых және т.б. «Стресс» атауын медицинаға Канада ғалымы Ганс Селье алғаш ХХ ғ. 60-шы жылдары енгізген [1]. Стресті басқарудың ерекшеліктері жайлы маңызды ойларды О.М.Радюк талдап зерттеген. Ал П.К.Анохин, П.В.Симонов, К.В.Судаков стрестік, дистрестік күйлермен байланысты психосоматикалық аурулардың дамуындағы орнын ашқан. А.А.Виру стресті ағзаның гомеостатикалық реакцияларды жүзеге асыруға жағдай жасайтын жағымды күйі ретінде сипаттаған.

Қазіргі кезде стресті ағзаның тіршілігіне қауіп төндіретін және сол себептен бейімделуге қажетті қалыпқа келу реакциясы деп қарастыруды ұсынады. Реакция деңгейі стрессорлы жағдайлардың әсеріне байланысты ағзаны бастапқы күйі мен функциональды резервтеріне сай өзгеріп отырады.

Г.Сельенің сипаттауы бойынша стрестің ортақ адаптациялық синдромы бойынша *қобалжу* сатысы (шок, контршок) және *төзімділік* сатысы мен *әлсіреу* сатыларынан тұратын фазалы реакция [2]. Стрестің бейімделу сатысы даму заңдылықтарында салыстырмалы түрде терең зерттелген. Стрестің психофизиологиялық механизміне медицина саласы ғалымдарымен қатар, психологтар, әлеуметтанушылар ерекше мән беруде.



Стрессің организм тіршілігінде маңызы өте үлкен. Оның әсерінен организмнің тіршілігіне қажетті барлық мүмкіншіліктерінің жұмылдырылуы болады. Осыдан ұдайы өзгеріп тұратын қоршаған ортаның жағдайларына организмнің икемделіп, бейімделу мүмкіншіліктері артады. Стрестік реакция - белгілі стрессорлардың әсерінен белсенділік деңгейінің өзгеруі. Л.А.Смык-Китаевтың көзқарасы бойынша стресс нерв жүйесі мен эндокриндік бездердің қатысуымен дамиды организмнің күрделі нервтік-гуморалдық серпілісі [3]. Бұл серпіліс дамуында орталық нерв жүйесі, мидың сыртқы қыртысы, гиппокамп, лимбикалық жүйе, мидың торлы құрылымы, гипоталамус ж.б. мидың құрылымдары, шекті нервтер мен вегетативтік нерв жүйелері қатысады. Көптеген қолайсыз ықпалдардың организмге әсері нервтік-рефлекстік жолдармен болады. Сыртқы және ішкі қабылдағыштардан (рецепторлардан) нервтік серпіндер орталық нерв жүйесіне түсіп, ми қызметтерінің өзгерістеріне әкеледі.

Қоршаған әлеуметтік ортамен күнделікті қарым – қатынасқа түсу барысында, тұлғааралық дау-дамай жағдайларында адамдар бір – біріне әртүрлі ықпал етіп, әсерлер алады. Олардың жағымды, жағымсыздығына қарай ішкі жан дүниелерімен жауап қайтарады. Жүйкелік- психикалық эмоциональды қозу–стресс деп анықталған. Стрестің деңгейлеріне қарай, психикаға әсері де әртүрлі: физиологиялық және психикалық. Р.А.Тригранян стресті ағзаның тіршілігіне қауіп төндіретін және сол себептен бейімделуге қажетті қалыпқа келу реакциясы деп қарастыруды ұсынады [4]. Реакция деңгейі стрессорлы жағдайлардың әсеріне байланысты ағзаны бастапқы күйі мен функциональды резервтеріне сай өзгеріп отырады.

А.Г.Здравомыслов тұлғааралық дау-дамай жағдайлар себептерін төмендегідей жіктеп көрсетеді [5]: қиын өмірлік жағдайларды қабылдау; қалыптаспаған өмірлік құндылықтары мен қағидалары; үнемі тұрақсыздық; жағдайды шынайы түсінбеу, икемді бола алмау; өз әрекеті мен мінез-құлқын дұрыс басқара алмау; қажеттіліктерді қанағаттандыруға байланысты өз мүмкіндіктерін бағалай алмау; өзін-өзі дұрыс бағалай алмау; не асыра бағалау, на төмен бағалау; мәселелердің көптігі, өз уақытында оларды шеше алмауы, шектен тыс үнемі стрессе болуға әкеледі.

Дау-дамай жағдайларды жоюдың психологиялық деңгейі субъективті сипаттағы факторларға әсер етуді білдіреді. Жеке психологиялық кеңес беру, әлеуметтік психологиялық тренинг және психологтың ортадағы іс-әрекеті кикілжің жағдайларды шешу функциясын атқарып қана қоймай, оны ескерту функциясын да атқарады, кикілжің алды кезеңінде да қолданылуы тиіс. Дау-дамай жағдайлардың түрлері мен деңгейлеріне және сатыларына қарай, оны шешу тәсілдерін таңдауда анықтаушы қызмет атқарады.

Дау-дамай жағдайлар, кикілжің индивидтердің өзара қарым-қатынасы негізінде, өзара әрекет үрдісі барысында пайда болады және қаншалықты адам бар жерде, соншалықты туып отырады. Дау-дамай жағдайлардың қозғаушы күштерін білмеу, оған тиімді әсер етуде қиындық келтіреді. Дау-дамай жағдайларды талдау олардың пайда болу себептерінің дамуындағы қозғаушы күштерін білуге мүмкіндік береді.

Г.М. Андреева дау-дамай жағдайларды ескерту, бұл дау-дамайлардың пайда болуына жол бермейтін және әлеуметтік жүйедегі кикілжіңнің салдарының деструктивті әсерінің азаюындағы шаралар кешені болып табылады деген пікірде [6]. Дау-дамай жағдайларды ескерту тар мағынада нақты дау-дамай жағдайлармен жұмыс істеуді білдіреді. Бұл дау-дамайларға қатысушы мүшелердің іс-әрекеті мен дау-дамай жағдайлардың үшінші бір мүшелерінің объективті, субъективті себептерін шешудегі әрекеттерімен шарттанады. Дау-дамай жағдайларды ескерту технологиясы дегеніміз «кикілжің алды жағдайларға әсер ете білу тәсілдері, шаралары, әдістері туралы білімнің жиынтығы және бұл әрекеттегі адамдардың, үшінші бір тұлғаның қарама-қайшылықты шешуге бағытталған әрекеттерінің кезектестігі» болып табылады.

Дау-дамай жағдайлар кезіндегі басты міндет одан қашу емес, оны тани білу керек әрі жақсы нәтижеге жету үшін оны бақылай білу керек. «Терең дау-дамай жағдайларға эмоциялар тән, сондықтан ең бірінші адам өз ақылы мен интуициясын қолдану үшін

эмоцияларды баса білу керек». Міне, осыдан біздер американ оқымыстысы Д.Г.Скоттың еңбектерінде ұсынған кикілжіңді шешудің үнемді-интуитивті әдісін айтуға болады. Әуел бастан, бұл әдіс дау-дамай жағдайлардағы әрекет бейнесін таңдауға интуиция сананың жұмысының бірігіп жұмыс істеуін қамтамасыз етеді. Бұл бағыт кикілжіңге түскен адамдардың өз жағдайын, мінезін, қызығу мен қажеттіліктерін бағалауға негізделген, әрі өз қызығулары мен мақсаттарын бағалауға негізделеді. Сонымен қатар, автордың пікірінше, үнемді интуитивті бағытты қолданудағы тәсілдің басты мәні кез келген кикілжің жағдайдағы келелі мәселені шешуді қажет етеді деп қарастырады. Сонда ғана, көптеген стратегиялық шаралар ішінен ең қолайлысын таңдауға мүмкіндік береді.

Таңдалатын стратегия дау-дамай жағдайлардың қандай сатыда екендігіне байланысты және нақты шешімге, қажеттілік, адамдар қалауына, эмоция сипатына да байланысты болады. тиісті әдісті таңдағаннан кейін оны қолданудың ең жақсы тәсілі анықталады деп атап көрсетеді.

Дау-дамай жағдайларды алдын-алудың психологиялық кейбір тәсілдері мен әдістерін тоқталып кетуге болады. Соның ішінде:

1. *Әлеуметтік-психологиялық тренинг (ӘПТ)*. ӘПТ жеке адамның кикілжіңдегі мінез-құлқын түзетуде қолданылуы мүмкін. Мұндай мәліметтерді Ресейлік әлеуметтік психологтары Е.Баранов, А.Гончаров, В.Девятко, Ю.Емельяновтар жүргізген зерттеулерде көруге болады. ӘПТ-нің негізгі әдістеріне жататындар: топтық пікірталас пен ойындық әдістер. Топтық пікірталас проблеманы ұжымдық талқылауға әрі шешуде ортақ пікірге келу мақсатын көздейді. Ойындық әдістерге келетін боолсақ, бұл өте кең тараған іскерлік ойын мен рөлдік ойын әдістерін жатқызуға болалды. Іскерлік ойында кикілжің жағдайдағы ойын мүшелерінің өзара іс-әрекетін ойыннан көп көруге мән беріледі. Рөлдік ойында тұлға аралық қарым-қатынас заңдылықтары зерттеледі. Бұл топтық пікірталас бірақ, ондағы қатысушы әрбір адам кикілжің мүшесінің мінез-құлқын елестетіндеі сол рөлге енуі тиіс. Қалған тренинг мүшелері көрермен рөлінде болулары тиіс. ӘПТ көмегімен ашық бәсекелестік стратегиясын төмендетуге болады және компромисске бағдарлануға болады, әрі бірлесуді таңдауға мүмкіндік туады.

2. *Жеке дара психологиялық кеңес беру* қарым-қатынасты түзету мақсатында қолданылады. Жеке адамның мінез-құлқы мен дүниетанымын өзгертуге бағытталған психологиялық көмек беру тәсілі ретінде қарастырылады. Психологиялық кеңес көмегімен адамдардың кикілжіңді мінез-құлқы позитивті өзгеріске ұшырайды.

3. *Аутогенді жаттығу (АЖ)*. Берілген әдіс адамның бұлшық етті босаңсыту, өзін-өзі иландыру зейінін шоғырландыруды дамытуды, өз мінез-құлқын бақылай білуді үйретеді. Аутогенді жаттығу көмегімен психикалық көңіл-күйді басқаруға болады және ситуативті мазасыздану мен агрессияны азайтуға болады.

4. *Психологтың арадағы іс-әрекеті*. Бұл психологпен жеке-дара әңгіме, үштіктегі жұмыс («Мен, Ол, психолог») кикілжіңді конструктивті шешуге көмектеседі. Үштікте жұмыс істеу адамға өз мінез-құлқын бағалауға үйретеді.

Психологияда аталған әдістерден басқа, дау-дамай жағдайларға жоюға бағытталған жекелеген әдістер мен тәсілдердің көптеген қатары және бар. Олардың барлығы қарым-қатынас процесін жақсартуды көздейді. Дж.Скоттың ұсынған кикілжіңді ескерту стратегиясы оны психологиялық тұрғыда сауатты жүзеге асырғанда ғана тиімді болуы мүмкін. Бұл стратегия,, яғни белсенді (немесе рефлексивті) таңдай білу және өзіндік сезімді білдіре білу технологиясы болып табылады. Тәжірибеде көрсеткендей-ақ осы технологияларды қолдану түрлі кикілжің жағдайларды ескертуді, себебі қарым-қатынастағы субъектілердің құқылы екендігін білдіретін негізгі шара болып табылады.

Д.П.Зеркин пікірінше, «кикілжіңді ескерту оны болжауды білдіру [7]. Мүмкін болатын кикілжің жағдайды негіздеп болжамай оның болуын ескерту мүмкін емес. Болжау-кикілжіңді белгілі бір ықтималдықпен орнымен пайда болу уақытын елестету. Болжаудың ғылыми және

практикалық құндылығы оның шынайылығымен негізделгендігімен анықталады»,- деп қарастырады.

Дау-дамай жағдайларды болжау - бұл оны жоюдың тек қана алғы шарты ғана және кейде ескертуге болмайтындар да кезеңдер болатынын ескеру керек. Дау-дамай жағдайларды ескерту әдістер мен шаралардың кешенді жүйесі арқылы жүзеге асады және оның бөлшектеріне әсер етуден тұрады, ол бөлшектер кикілжің мүшелері, мінез-құлық мотивтері, объектілер, қарсылық пайда болмас бұрынғы қолданылатын күштер мен шаралар.

### **Қолданылған әдебиеттер**

1. Селье Г. Очерки об адаптационном синдроме. - М., 1960.
2. Селье Г. Стресс без дистресса. - М.: Прогресс, 1982.
3. Смык-Китаев Л.А. Психология стресса. М. 2003. б. 321.
4. Тригранян Р.А. Стресс и его значение для организма (отв. ред. навст. предисл. О.Г. Газенко. - М.: Наука. 2008.
5. Здравомыслов А.Г. Социология конфликта. – М., 20014. АО Аспект Кравченко А.И. Социология. – М.: Акад. Проект, 2001.
6. Андреева Г.М. Социальная психология. -М.: МГУ, 2000.
7. Зеркин Д.П. Основы конфликтологии. Ростов н/Д, 1998. Конфликты и согласие в современной России: Социально-философский анализ. М., 1998

УДК: 371.39

#### **Қыстаубаев Ұлан Ержанұлы**

*6М010300 «Педагогика және психология» мамандығының магистранты  
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

### **ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУ ІС-ӘРЕКЕТІ АРҚЫЛЫ БОЛАШАҚ МАМАНДАРДЫҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

Мақалада ғылыми зерттеу іс-әрекеті арқылы болашақ мамандардың педагогикалық шығармашылығын қалыптастыру мәселесі қарастырылады.

**Түйін сөздер:** ғылыми зерттеу, іс-әрекет, ғылыми зерттеу іс-әрекеті, педагогикалық шығармашылық

В статье рассматривается проблема формирования педагогического творчества будущих специалистов через научно-исследовательскую деятельность.

**Ключевые слова:** научные исследования, деятельность, научно-исследовательская деятельность, педагогическое творчество.

The article deals with the problem of formation of pedagogical creativity of future specialists through research activities.

**Keywords:** research, activity, research activity, pedagogical creativity.

Қазақстандағы саяси-әлеуметтік және экономикалық даму жоғары білім беру жүйесін жаңартуды, яғни бәсекелестікке қабілетті, еңбек нарығында сұранысқа ие бола алатын кәсіби мамандар дайындауды талап етуде. Бүгінгі күні адамзаттың шығармашылық әрекетінің нәтижесін тиімді пайдалану арқылы ғылыми техникалық прогресті одан әрі дамытуға болатындығы белгілі болып отыр. Өйткені, ол экономика, техника, ғылым, саясат және жалпы қоғам дамуының шешуші күшіне айналуда. Қазіргі кезеңдегі білім беру үдерісіне ғылыми зерттеу қызметін енгізудің, сонымен қатар студенттің ғылыми зерттеу мәдениетін дамытудың негізгі ерекшелігі оның қолданбалы бағыттылығын, пәнаралық байланыстарды

сәйкестендіретін оқудың мазмұны мен мақсатын нақты көрсететін жолдарын іздестіру болып табылады.

«Қазақстан-2030» [1] және «Қазақстанның 2015 жылға [3] дейінгі даму стратегиясы» және білім беруді дамытудың 2005-2010 жылдарға [4] арналған Мемлекеттік бағдарламасы білім беру жүйесінің алдына нәтижеге бағытталған білім моделін жасауды қамтамасыз ету және оны халықаралық білім беру кеңестігіне интеграциялау мақсатын қойып отыр. Демек, жастарды еңбектің қай саласында болмасын, әсіресе, білім алуда тек мәлімет жиынтығын меңгертумен шектелмей, іс-әрекетін өздігінен тиімді ұйымдастыра отырып, шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын құзыретті маман ретінде даярлау қажеттілігін негізге алып отыр.

Ғылымның барлық саласында білім мазмұны мен көлемі қауырт өсіп отырған қазіргі әлемдік жаһандану кезінде осы мақсат өздігінен оқу іс-әрекетін тиімді ұйымдастыруға да тікелей байланысты. Осыдан келіп, студенттердің өздігінен оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың оңтайлы әдістері мен тәсілдерін, оқыту түрлерін, нысандарын іздестіру өзекті сипатқа ие болады. Сондықтан, студенттердің ғылыми-зерттеу ірекетінің педагогикалық жүйесін арнайы ұйымдастыру – оқу үдерісін жетілдірудің негізгі шарты болып табылады.

Қазақстанның ғылыми-техникалық потенциалының дамуы жоғарғы оқу орындарында ғылыми-зерттеулердің өнімділігі мен ұйымдастыру деңгейін көтеруді қажет етіп отыр. Ғылымсыз әлеуметтік-экономикалық прогресс мүмкін емес. Қазіргі Қазақстанның даму кезеңінде білім мен ғылымның мықты өзара байланысы оның тиімділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттырудың, экономикалық өсуінің қозғаушы күші болып отыр.[2]

Ғылыми-зерттеу әлеуеті бар ғылым адамының, ғылыми ұжым мүшесінің қалыптасу үдерісінің бастапқы кезеңі-жоғары оқу орнына дейінгі және жоғары оқу орны кезең-дерінде жүзеге асырылады. Жоғары білім беру саласындағы алға қойылған мақсаттардың бірі- білім беру үдерісіне қатысушылардың интеллектуалдық белсенділігін арттыру, сол арқылы білім беру жүйесінің дамуын жетілдіру.

Білім беру жүйесінде мұндай талаптарды қанағаттандыру – білім беру жүйелеріне жоғары білікті мамандарды дайындау мәселелерін ғылыми негізде шешу қажеттілігімен тікелей байланысты.

Соңғы жылдардағы жоғары білім берудің жалпы теориясының қалыптасуын ғалымдар С.И.Архангальский, Н.В.Александров, Б.С.Гершунский, Н.В.Кузмина, В.А.Сластенин, Н.Ф.Талызина, Ф.В.Беркуштене, В.И.Журавлев, Э.Я. Ганон, В.А.Козаков, Г.И. Кулагина, және т.б. өз еңбектерінде қарастырған [5].

Қазақстанда болашақ мамандардың кәсіби-педагогикалық және әдістемелік даярлығын қалыптастыру бойынша, қоғамдағы реформаларға сай білім беру саласының дамуы туралы Қ.Б.Сейталиев, А.С.Иманғалиев, Қ.М.Арынғазин, С.Ж.Піралиев, А.Қ.Құсайынов, Р.М.Қоянбаев, П.Х.Аренова, Ә.М.Мұханбетжанова, Ш.Х.Құрманалиналар студенттердің зерттеушілік әрекетін қалыптастыру, дамыту және оқу белсенділігі мәселелерін Т.С.Садықов, А.Е.Әбілқасымов, З.А.Исаева, А.Ш.Байтоқаева және т.б. ғалымдардың еңбектерінен көруге болады[6].

Студенттерді кәсіби дайындау мәселесін зерттеуде мол тәжірибе жинақталған. Оқу үдерісін жетілдіру және жеке тұлғаны қалыптастыру мәселесіне көптеген педагогтардың О.А.Абдуллина, Ю.К.Бабанский, В.И.Михеев, В.В.Краевский, А.К.Маркова, В.П.Беспалько, И.Я.Лернер, А.Ф.Қазмағамбетов, Д.М.Джусубалиева, М.Қ.Қаламқалиев және тағы басқалардың еңбектері арналған.

Жеке тұлғаның дамуы туралы теориялық ұсыныстардың негізі К.А.Абульханова-Славская, Б.Г.Ананьев, А.В.Брушленский, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, С.Л.Рубинштейн және т.б. ғалымдардың еңбектерінде қаланды. Бұл еңбектер жеке адамды қалыптастырудың әдіснамалық негізін құрайды[16].

Мамандардың кәсіби шеберлігі мен кәсіби маман ретінде қалыптасуының заңдылықтарына (Л.С. Подымова, В.Д.Шадриков, А.И.Щербаков, В.А.Сластенин,

А.П.Сейтешов, А.Г.Уманов, М.В.Семёнова, Ж.С.Хасанова, Б.Ғ.Сарсенбаева, А.Е. Байбатшаева, және т.б), танымдық ізденімпаздық, танымыдық дербестік мәселелеріне (А.Е.Әбілқасымова, Т.С.Сабыров, Р.С.Омарова, Ғ.Е.Алимухамбетова) студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысын дамытудың жолдарына (Н.Д.Хмель, Л.Г.Квиткина, М.А.Байдан, Р.Н.Насиров, және т.б.) ғалымдардың еңбектері арналған. Мұғалімдердің зерттеу әрекеттерінің мәселелері де ғылымда жете зерттелген (В.И.Андреев, В.И.Загвязинский, Н.В.Кузьмина, А.К.Маркова, Ш.Таубаева және т.б.).

Қазақстандық авторлардың ішінен біздің жұмысымызға бағдар болған зерттеушілер: А.П.Сейтешов, Г.А.Уманов, Н.Д.Хмель, А.Е.Әбілқасымова, Ш.Таубаева, З.А.Исаева, А.Ш.Байтоқаева және тағы басқалар.

Студенттер жұмысының спасын арттырудың міндетті шарты-жоғары оқу орыны ғылымының жоғары деңгейде болуы. Қазақстан Республикасында жоғары білімді дамыту стратегиясында жоғары оқу орындарындағы студенттік ғылымды одан әрі дамыту мынадай жағдайларда табысты болмақ деп көрсетілген:

- іргелі және іздестіру-қолданбалы зерттеулерді жүргізіп, қаржының көлемін арттыру арқылы ғылым мен білімнің тығыз интеграциясын жүзеге асыру;
- ғылыми зерттеулерді қаржыландырудың көп арнаулы жүйесін дамыту;
- жоғары оқу орнындағы ғылымның дүниежүзілік ғылыми қауымдастыққа интеграциялануына жағдайлар түзу;
- Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің стратегиялық мақсаты – мемлекеттің әлеуметтік және кәсіптік мәселелерін өз бетінше тұжырымдай отырып, іш жүзінде шеше алатын, жоғары білімді әрі бәсекеге түсуге қабілетті шығармашылық тұлғаны қалыптастыруға неғұрлым қолайлы жағдай жасау болып табылады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Н.Ә.Назарбаев Барлық қазақстандықтардың өсіп-өркендеуі, қауіпсіздігі. Әл-ауқатының артуы. //Қазақстан – 2030 жылға дейінгі стратегиялық даму бағдарламасы, Алматы, 1997 жыл 10 желтоқсан – 41 бет.
- 2 «Н.Ә.Назарбаевтың халыққа Жолдауы» //«Егемен Қазақстан» газеті, 7 ақпан, 2008 жыл, 2 бет
- 3 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы. Астана, 2004. 7-бет
- 4 Қазақстан Республикасының білім беру жүйесін 2010 жылға дейін дамытудың Мемлекеттік бағдарламасы.
- 5 Абдрахманова А. Формирование учебной деятельности студентов в процессе обучения //«Ізденіс» №3,2011. 275 – 276 бет
- 6 Адамова З.Х. Студенттердің ғылыми – зерттеу жұмыстарын ұйымдастыру. //«Білім» №5,6. 2011. 42 бет

УДК 376

**Мазанбекова Меруерт Ержановна**

Қазақ инновациялық

гуманитарлық-заң университетінің 1 курс магистранты, Семей қ.

#### **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУГЕ ДАЯРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

*Бұл мақалада инклюзивті білім беруге даярлық мәселелері түсініктері беріледі, педагогтың кәсіби дайындығының әр түрлі авторлар көзқарастары қарастырылған. Қазіргі педагогикада педагогтың дайындығын анықтау үшін кәсіби құзыреттілік ұғымы*

ұсынылған. Сонымен қатар, мақалада педагогтың инклюзивті құзыреттілік компоненттері қарастырылады.

**Түйін сөздер:** білім беру, ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар, инклюзивті білім беру, педагогтардың кәсіби дайындығы, педагогтардың кәсіби құзыреттілігі

*В статье дается представление о проблемах подготовки к инклюзивному образованию, рассматриваются подходы различных авторов профессиональной подготовки педагога. В современной педагогике предложено понятие профессиональной компетентности для определения готовности педагога. Кроме того, в статье рассматриваются компоненты инклюзивной компетентности педагога.*

**Ключевые слова:** образование, дети с особыми образовательными потребностями, инклюзивное образование, профессиональная подготовка педагогов, профессиональная компетентность педагогов

*The article gives an idea of the problems of preparation for inclusive education, discusses the approaches of various authors of teacher training. In modern pedagogy, the concept of professional competence is proposed to determine the readiness of the teacher. In addition, the article discusses the components of inclusive competence of the teacher.*

**Keywords:** education, children with special educational needs, inclusive education, professional training of teachers, professional competence of teachers

Қоғамның қазіргі даму кезеңінде білім берудегі реформаларға байланысты инклюзивті оқытуды енгізу туралы мәселе өткір тұрды. Бұл жалпы үлгідегі мектептер мен балабақшаларда – қалыпты дамып келе жатқан құрдастарымен бірлесіп, ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың білім алуын болжайды. Біздің елімізде білім беру мекемелерінде психикалық және физикалық ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға инклюзиясы процесінің таралуы уақыттың көрінісі ғана емес, сонымен қатар білім беру туралы заңға сәйкес балалардың білім алу құқығын іске асыруды білдіреді.

Республикадағы инклюзивті білім беруді дамыту жұмыстарын жетілдіру және барлық балалардың білім алу құқығы келесі құжаттармен реттеледі:

– Қазақстан Республикасының Заңдары: «Білім туралы», «Балалар құқықтары туралы», «Мүгедектер құқықтары туралы», «Мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзетудегі қолдау туралы» заңдарда бекітілген. [1-2] Ал, қазіргі кезде 2016 – 2019 жылдарға Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың арналған Мемлекеттік бағдарламасында көрсетілген орта білім берудің инфрақұрылымдық дамуын қамтамасыз ететін міндеттердің бірі ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды инклюзивті ортада қолдау, ал орта білім берудің мазмұнын жаңарту аясындағы міндеттердің бірі білім беру ұйымдарын өлшемшартпен бағалау жүйесіне көшуді жүзеге асыру деп көрсетілген. [3]

Жаңа әлеуметтік жағдайларда, жаңа білім беру стандарттары бойынша жұмыс істей отырып, мекемелердің педагогикалық құрамы түзету және арнайы педагогика саласында қажетті білімді меңгеруі тиіс. Болашақ педагогтардың кәсіби құзыреттілігі мен кәсіби дайындығын дамыту проблемаларының әртүрлі аспектілері отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеу пәні болып табылады.

Біз «Болашақ педагогтардың инклюзивті білім беруге даярлық мәселелері» мақаламызда Л.И. Акатов, Д.В. Зайцев, Э.Ф. Зеер, В. В. Краевский, М. Н. Скаткин еңбектері негізінде педагогтың кәсіби дайындығы үшін тек білім қоры ғана емес, ғылыми-педагогикалық құрамдауыш қажет деп санаймыз. [4]

Басқа көзқарасты, Ю.Л. Загуменнов, Н. Ф. Ильина, О. Н. Никитина ұстанады. Ғалымдар болашақ педагогтың өзін дамыту тұрғысынан инклюзивті білім беру жағдайындағы жұмысқа дайындау процесін қарастырады. Олар тек қарқынды дамып келе

жатқан білім беру ортасы жағдайында дербестік пен оқу белсенділігі, өз білім беру жолдарын жобалау қабілеті қамтамасыз етілетіндіктен туындайды. [5]

В. А. Слостенин мен Л. С. Подымовтың пікірінше, педагогты дайындау дәйекті кезеңдерден тұрады:

- шығармашылық даралықты дамыту;
- ғылыми таным және педагогикалық зерттеу әдіснамасы негіздерін меңгеру;
- инновациялық қызмет технологиясын меңгеру;
- педагогикалық үдеріске жаңашылдықты енгізу бойынша практикалық жұмыс;

Ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға білім беру қызметін көрсетуге педагогтарды дайындау қазіргі уақытта өте өзекті болып отыр. [6]

С. И. Сабельникова өз жұмыстарында болашақ педагогтардың кәсіби және жеке тұлғалық дайындығы үшін келесі психологиялық-педагогикалық білімдер қажет екенін атап өтті: инклюзивті білім берудің дәстүрлі білім беру формаларынан айырмашылығы неде екенін түсіну және түсіну;

инклюзивті білім беру ортасы жағдайында балалардың жас және тұлғалық дамуының психологиялық заңдылықтары мен ерекшеліктерін білу;

бұзылған және қалыпты дамуы бар балаларды бірлесіп оқыту үшін білім беру процесін психологиялық және дидактикалық жобалау әдістерін білу;

білім беру ортасының барлық объектілері арасындағы педагогикалық өзара әрекеттестіктің әртүрлі тәсілдерін іске асыра білу (балалармен жеке-жеке және топта, ата-аналармен, әріптестерімен-педагогтармен, мамандармен, басшылықпен). [7]

Қазіргі педагогика педагогтың дайындығын анықтау үшін кәсіби құзыреттілік ұғымын енгізеді (А. К. Маркова, В. И. Кашницкий, Л. А. Петровская, В. А. Слостенин және т.б.), ол педагогтардың педагогикалық қызметті жүзеге асыруға теориялық және практикалық дайындығының бірлігін білдіреді және олардың кәсібилігін сипаттайды.

Құзыреттілік табиғатын зерттеген зерттеушілер оның көп қырлы және жүйелі сипатына назар аударады. Сондықтан ғылыми еңбектердегі "педагогтың кәсіби құзыреттілігі" түсінігі әртүрлі. Соңғы бірнеше жылда ғалымдардың ерекше назары кәсіби белсенділікті дамытудың субъективті-тұлғалық аспектісіне және кәсіби педагогикалық қызметтің субъектісі ретінде педагогтің бастаманы іске асыруға аударылды.

Кәсіби дайындық барысында болашақ педагогтардың инклюзивті құзыреттілігін қалыптастыру бойынша ғылыми жұмыстар пайда болды. И. Н. Хафизуллина болашақ педагогтардың негізгі мазмұнды және функционалдық құзыреттілігін қамтитын кәсіби құзыреттілігін құрайтын инклюзивтік құзыреттілігін түсінеді. [8]

Инклюзивті құзыреттілік құрылымына мотивациялық, когнитивті, рефлексивті және операциялық компоненттерді қамтиды.

Педагогтердің инклюзивтік құзыреттілігінің мотивациялық компоненті жеке басының терең қызығушылығын, қалыпты дамып келе жатқан құрдастары ортасына ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларды енгізу жағдайында педагогикалық қызметті жүзеге асыруға оң бағыттылығымен, уәждер жиынтығымен (әлеуметтік, танымдық, кәсіби, тұлғалық даму және өзін-өзі бекіту, жеке әл-ауқаты және т.б.) сипатталатын мотивациялық құзыреттілікті қамтиды. Мотивациялық құзыреттілік инклюзивті оқытудың мақсаттары мен міндеттеріне барабар құндылықтар, қажеттіліктер, уәждер жиынтығы негізінде Өзін белгілі бір кәсіптік іс-әрекеттерді орындауға уәждемелеу қабілеті ретінде айқындалады.

Педагогтердің инклюзивтік құзыреттілігінің когнитивтік компоненті когнитивті құзыреттілікті қамтиды, ол инклюзивті оқытуды және танымдық іс-әрекет тәжірибесін жүзеге асыру үшін қажетті білім жүйесі негізінде педагогикалық ойлау қабілеті, қабылдау, санада қайта өңдеу, жадыда сақтау және қажетті сәтте инклюзивті оқытудың теориялық және практикалық міндеттерін шешу үшін маңызды ақпаратты қалпына келтіру қабілеті ретінде айқындалады.

Педагогтердің инклюзивтік құзыреттілігінің рефлексивті компоненті инклюзивті оқытуды жүзеге асырумен байланысты өзінің оқу, квазипрофиялық, кәсіби қызметін талдау қабілеттілігінде көрінетін рефлексивті құзыреттілікті қамтиды, оның барысында өзінің кәсіби іс-әрекеттерінің нәтижелеріне саналы бақылау, нақты педагогикалық жағдайларды талдау жүзеге асырылады.

Педагогтардың инклюзивтік құзыреттілігінің операциялық компоненті педагогикалық үдерісте нақты кәсіптік міндеттерді орындау (баланы оқыту, тәрбиелеу және дамыту) қабілеті ретінде айқындалатын операциялық құзыреттіліктерді қамтиды және инклюзивті оқытуды табысты жүзеге асыру, туындайтын педагогикалық жағдайларды шешу, педагогикалық міндеттерді дербес және ұтқыр шешу, іздестіру-зерттеу қызметін жүзеге асыру үшін қажетті педагогикалық қызметтің игерілген тәсілдері мен тәжірибесін білдіреді.

Қорытындылай келе, педагогтарды даярлауды ұйымдастыру және іске асыру барысында жүргізілген ғалымдардың зерттеулері ерекше мазмұннан басқа инклюзивті білім беру үдерісіне енгізілген педагогтардың кәсіби құзыреттілігін шығармашылықпен дамытуға бағытталған технологияларды таңдау қажеттігін көрсетті. Бұл жалпы білім беру жүйесі педагогтарының кәсіби құзыреттілігін қалыптастыруды қамтамасыз етеді және жалпы үлгідегі мекемелер жағдайында денсаулығы шектеулі балаларды оқытуға байланысты міндеттерді дұрыс және тиімді шешуге мүмкіндік береді.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақстан Республикасындағы бала құқықтары туралы» ҚР-ның 2002 жылғы 8 тамыздағы № 345 Заңы.
2. «Қазақстан Республикасында Мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» ҚР-ның 2005 жылғы 13 сәуірдегі № 308 -II Заңы.
3. Қазақстан Республикасында білімді және ғылымды дамытудың 2016- 2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2016 жыл.
4. Акатов Л.И. Социальная реабилитация детей с ограниченными возможностями здоровья. Психологические основы- 2003. [Текст] - С. 77-80
5. Загуменнов Ю.Л. Инклюзивное образование: создание равных возможностей для всех учащихся / Ю.Л. Загуменнов // Минская школа сегодня. - 2008. [Текст] - С. 39-44
6. Слостенин В. А., Исаев И. Ф., Шиянов Е. Н. Педагогика /Под ред. В.А. Слостенина. - М.: Академия, 2012.
7. Сабельникова С.И. Развитие инклюзивного образования. Справочник руководителя образовательного учреждения. - 2009. [Текст] - С. 25-28
8. Хафизуллина И.Н. Формирование инклюзивной компетентности будущих учителей в процессе профессиональной подготовки: Автореф. дис. канд. пед. наук. - Астрахань, 2008 – 22 с.

УДК: 37(091)

#### **Мейіргазиева Әсем Мейіргазықызы**

*6M010300 «Педагогика және психология» мамандығының магистранты  
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

#### **ЖОҒАРҒЫ ОҚУ ОРНЫ СТУДЕНТТЕРІН КӨПҰЛТТЫЛЫҚҚА ТӘРБИЕЛЕУДЕ ЭТНОТОЛЕРАНТТЫЛЫҚТЫҢ МӘНІ**

Мақалада болашақ әлеуметтік педагогтардың толеранттылығын қалыптастыру мәселелері қарастырылған.



**Кілт сөздер:** *әлеуметтік педагог, толеранттылық, білім беру, білім беру ортасы.*

В статье рассмотрены вопросы формирования толерантности будущих социальных педагогов.

**Ключевые слова:** *социальный педагог, толерантность, образование, образовательная среда.*

The article deals with the issues of formation of tolerance of future social teachers.

**Keywords:** *social pedagogue, tolerance, education, educational environment*

Қазіргі ғаламдану заманында еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы әлемдік деңгейде көтерілуге бет бұруы кезкңіндегі ұлттық мәдени-тарихи рухани құндылықтарымызды бойына сіңірген азаматтарға қоғамның сұранысының өсуі жасөспірімдердің бойына толеранттылық пен ұлтаралық мәдени, ұлттық құндылықтарды сіңіре отырып, білім жетістіктеріне өркениетті елдердің білім деңгейіне көтеру қажеттігін алға тартады. Ел болып еңсемізді көтерген кезде, қолға алар ісіміздің бірі ұрпақ тәрбиесі. Жоғарғы оқу орнының білім беру ісіндегі алған бағаты ертеңгі ел тұтқасы, бүгінгі университет шәкірті- жеке тұлғаның білім алуын, ізденісін, тәрбиесін қазіргі өркениет талабы сай жаңа үрдісте ұйымдастыру болып табылады. [66] «Оқу мен тәрбие – егіз» дегенді басшылыққа алған педагогикалық ұжым білім берудің ұлттық үлгісін жүзеге асыруда шығармашылықпен еңбек етуде. «Адам баласын заман өсіреді, кімде-кім жаман болса, оның замандасының бәрі кінәлі»- деп Абай атамыз айтқандай, балаға қоршаған орта әсер етеді. Бүгінде дүниежүзілік қоғамдастық қатынастардың және көп мәдениетті қоғамда өмірсүруге деген даярлы сұрақтарына алаңдаулы. Қоғамда саяси үрдістердің дамуы, сөз бостандығы, адам құқығы мәселелері өткір қойылып, діндер мен этностардың, салт-дәстүр мен мәдениеттердің бәсекелестігі үнемі назарда болып, адамзат алдына да, зорлық-зомбылық, лаңкестік, нәсілшілдік пен ұлтшылдық алға шықты. Әсіресе діндер арасындағы қақтығыстар әлемді мазалауда. 1974-жылы ЮНЕСКО «Халықаралық өзара түсінушілік, ынтымақтастық және бейбітшілік, адам құқықтарына және бостандықтарына сыйлаушылық рухында тәрбиелеу» құжаттарын жасаған еді. [56]

Толеранттылық түсінігі латынның шыдау, төзу, көндігу түсініктерін беретін *tolero* етістігінен шығады. Неофрейдизм өкілдерінің еңбектеріне сүйене отырып, агрессия жауығудың негізінде, ал толеранттық бейбітшілдік пен зорлық-зомбылыққа қарсылықтың негізі екенін көреміз. В.Лекторский «Две концепции толерантности» деген еңбегінде В.Золотухин толеранттық түсінігін талдап, бұл ұғымның тұрмыстың жан-жақтылығын ескеру екендігін анықтайды. Оның ойынша толеранттық бір жағынан, дүниетанымның ерекше типін қалыптастыратын адами қызметті реттеуші адамгершілік қағида болса, екінші жағынан қарама-қайшылық пен жан-жалды тиімді шешуге мүмкіндік беретін практикалық құрал. [53] Қазіргі шетел сөздерінің сөздігінде толеранттық *tolerantia* деген латын терминінен алынған ұғым, біріншіден, ағзаның кез-келген бір улы заттың қолайсыз жағдайына төзімділігі, екіншіден, біреуге, бір нәрсеге деген шыдамдылық, жұмсаттық деп көрсетілген. Испан тілінде *tolerancia*- «өз пікіріне қайшы келетін идеялар мен пікірлерді қабылдау қабілеті» деп көрсетілсе, немісше-орысша сөздікте *tolerant* «біреудің пікіріне шыдау» деген білдіреді. Қытай тілінде толеранттық «басқаларға кеңпейілдікпен қарау» дегенді білдірсе, парсы тілінде «шыдам, шыдамдылық, төзім, татуласуға дайындық» дегенді, француз тілінде *tolerant* «шыдамды, мейірбан,» ал, *tolerance* «төзу, қолдау көрсету», дегенді білдіреді. [52]

Толерантты тұлғаны тәрбиелеу, егер оны өзге мәдениеттің ерекшелігіне түсіністікпен қарайтын педагог жүзеге асырған жағдайда нәтижелі болуы мүмкін. Мұғалімнің өзгелерге шыдамсыз студенттен басқа адамдарға, басқа мәдениетке төзімділік қатынасын тәрбиелей алуын елестету қиын. Біздің көзқарасымыз бойынша, бүгінгі таңда ең бастысы – педагогті өзінің жеке және кәсіби резервтерін пайдалануға үйрету, біртұтас педагогикалық қызметтің

жеке жүйесін құру. Толеранттылыққа тәрбиелеу ісінде педагогтің жоғары кәсіби машығы – шеберлігі, білімі, шығармашылығы және ептілігінің жиынтығы деп есептейміз.[55]

Толеранттылық, толеранттылыққа тәрбиелеуге байланысты халық арасында, философия, мәдениеттану, саясаттану, тарих, педагогика ғылымдарында түрлі ойлар бар. Мысалы: XVIII ғасырдағы француз жазушысы және философ Вольтер: «Сіздің пікіріңіз маған жат, бірақ сізге оны жақтау үшін мен өмірімді құрбан етуге дайынмын», – деген. Ал осы ой толеранттылықтың басты қағидасы болып табылады.

«Толеранттылық» терминін саралау барысында ғалымдар арасында елеулі қайшылықтар туындайды. Біраз жағдайда оны тікелей «төзімділік» сөзімен байланыстырады. Қазақ тілінде «төзім» сөзі «шыдам», «сабыр», «тағат» мағынасында да қолданылады. Яғни, «төзімді болу» - басқаға, оның ісіне, құбылыстарға шексіз төзу, шыдауды білдіреді.

Негізінен төзімділік, яғни «толеранттылық» (лат. «tolerantia» — шыдам, төзім) терминіне шет тілдері сөздігінде «бір нәрсеге, біреуге төзімділік, төзу, шыдау» деген түсініктеме беріледі.[51]

«Толеранттылық» сөзі ең алғаш рет 1361 жылы ұғым ретінде пайда болған» деп, ХҮІІ ғ. француз филологы, педагогы Пьер Ларусстың энциклопедиялық сөздігінде жазылған.

Ағылшын этимологиясының Оксфорд сөздігі «tolerance» ұғымының ХҮ ғасырға, ал «toleration» ұғымының пайда болуын ХҮІ ғ. жатқызады. Егер ХҮ ғасырда ол «төзімділік», «ауруға төзу қабілеті» мағынасында қолданылса, ХҮІ ғасырда «ризалық», «ұстамдылық», «сабырлылық» ұғымдары ретінде қолданысқа енген.

«Толерантный» («толеранттылы»), «толерантность» («толеранттылық») сөзі латын тілінен француз тіліне, кейін еуропа тілдеріне енген. Сөздің мәні «рухани, адами, идеялық, діни көзқарастар менің ұстанымдарыма жат болса да, қабылдаймын» дегенді білдіреді. Ал педагогика ғылымында толеранттылық төзімділік, шыдамдылық, ымыраластық, байсалдылық, кісілік, ізгілік, кемелін таңдау, келісімін табу деген мағына береді.

«Төзімділік» ұғымы алғаш рет 1953 жылы медицина саласында пайда болған. ХХ ғ. 80-ші жылдардың аяғында саяси термин ретінде ресімделген, ол «толеранттылық» ұғымының синонимі болып табылады.[40]

«Толеранттылық» терминінің мағынасын терең талдап, құрылымын білу үшін ресми құжаттарға да назар аударайық. 1995 ж. [ЮНЕСКО-ның](#) Бас конференциясы бекіткен «Толеранттылықтың принциптері Декларациясында» толеранттылық былай қарастырылады:

1) әлемнің бай мәдениеттерін, өзін-өзі көрсетуін, жеке адамның қасиеттерінің көрініс табуын дұрыс түсініп, қабылдап, құрметтеу;

2) наным-сенімдерден, ақиқатты шексіздендіруден бас тарту және халықаралық құқықтық актілерде бекітілген адам құқы саласындағы ережелерді бекіту. Қазақ түсінігіндегі «қонақжайлық» ұғымы осы толеранттылық ұғымымен мағыналас келеді.

Аталған ұғымды талдау нәтижесінде әлемдегі мәдениеттердің түрлі әралуандылығын қабылдау мен түсіну мағынасындағы «құрметтеу» ұғымы, адам даралығын білдіру әдістері мен өз өзін білдіру нысандары «төзімділік» ұғымының басты мағынасы мен негізі болып табылатындығы анықталды.[69]

Толеранттылық проблемасы мынадай мәселелермен тікелей байланысты анықталады: ұлтаралық қарым-қатынас, ұлтаралық қарым-қатынастарды тәрбиелеу, дінаралық қарым-қатынас, этномәдени білім беру, көпмәдениеттілік, көптілділік т.б. Толеранттылықтың көрініс беруі салалары бойынша мынадай бағытта ажыратылады: қоғамның еркін дамуы мен жалпы өмір сүруіне деген күреске қажетті принциптер мен құндылықтарды алға қою бүгінгі таңда толеранттылыққа тәрбиелеу мәселелерімен тікелей байланысты. Саяси мәдениеті жаңа қалыптасып келе жатқан біздің мемлекетімізде саяси толеранттылық орнығып болды деу қиын. «Бізде демократиялық мәдениетте терең дәстүрлерінің жоқтығы, еркіндікті ойыңа келгенді істеуге болады деп түйсіну елді тұрақсыздыққа ұрындыруы, біздің болашаққа арналған барлық жоспарларымызды белінен басып, өзімізді алысқа кері серпіп тастауы әбден мүмкін екенін мойындауымыз керек», - деді Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. [42]

Толеранттылық рухани, адами, идеялық, діни көзқарастар менің ұстанымдарыма жат болса да, қабылдаймын дегенді білдіреді. XVII ғасырдағы француз жазушысы Вольтер: «сіздің пікіріңіз маған жат, бірақ сізге оны жақтау үшін мен өмірімді құрбан етуге дайынмын», - деген. Ол – толеранттылықтың басты қағидасы. Бұл адамдар арасында өзара сыйластықты, мейірбандықты білдіреді. Сондықтан, толеранттылық екі жақты сана: мемлекеттер, діндер, этностар, жеке адамдардың бір-біріне шапағат жасай білуі. [43]

Қоғамда ізгілендіру негізінде білім беру мәселесімен айналыса отырып, жастар арасында толерантты тәрбие беру жұмыстарын тең дәрежеде жүргізу қажет. Қазақстандық білім беру жүйесінде – толеранттылық арқылы тәрбие беру мақсаттары, қазақ халқының мәдениеті мен дәстүрінің құндылықтарын игеру, жаһандану кезеңіндегі жастарға білім беру мен тәрбие берудегі басты бағыттардың бірі болуы керек. Бұл үшін толеранттылыққа тәрбиелеуде педагогтың біліктілігі білім беру ісі мен тәрбие үздіксіз, сабақтастық принциптерге сәйкес жүйелі, сатылы әрі кешенді түрде жалғасын табуы тиіс. [44]

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Аубакирова С.С. Қазақ қоғамындағы толеранттылықтың тарихи-мәдени типтері: кросс мәдени зерттеулер. 6D041600 – Мәдениеттану философия докторы (PhD) ғыл.дәрежесін алу үшін дайын. дисс. – Алматы, 2016. -153б.
- 2 Идентичность и толерантность /Под ред. Н.М.Лебедевой. М.: Институт этнологии и антропологии РАН, 2002. С. 10-34.
- 3 Молдағалиев Б.А. Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырудың теориясы мен практикасы. Батыс Қазақстан Мемлекеттік университеті, 2006. –166б.

УДК: 378.125:378.194 22

#### **Мұхаметшәріпова Айдана Өмірбекқызы**

*6M010300 «Педагогика және психология» мамандығының магистранты*

*Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

### **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ СЫНИ ОЙЛАУЫН ДАМЫТУДА МЕДИА-РЕСУРСТАРДЫ ПАЙДАЛАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мақалада болашақ педагог-психологтардың сыни ойлауын дамытуда медиа-ресурстарды пайдаланудың ерекшеліктері туралы баяндалған.

**Түйін сөздер:** білім беру, сыни ойлау, кәсіби білім беру, медиа-ресурстар.

В статье изложены особенности использования медиа-ресурсов в развитии критического мышления будущих педагогов-психологов.

**Ключевые слова:** образование, критическое мышление, профессиональное образование, медиа-ресурсы.

The article describes the features of the use of media resources in the development of critical thinking of future teachers-psychologists.

**Keywords:** education, critical thinking, professional education, media resources.

Жоғары білім беру жүйесіндегі ақпараттандырудың даму қарқыны замануи болашақ мамандардың алдына биік талаптар қояды. Бүгінгі күндегі ақпараттық қоғам жағдайында шығармашылық белсенділігі мен адамгершілік болмысы бірдей үндескен, сыни ойлай білетін, ақпаратты өз қажетіне орынды қолдана алатын, ақпараттық сауаттылығы мен ақпаратпен жұмыс істеу құзыреттілігі қалыптасқан болашақ мамандарды дайындаудың қажеттілігі алдыңғы орынға шықты. Бұл мәселе төңірегінде Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға

бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау, оқытудың жаңа технологияларын, оның ішінде білім беру бағдарламаларының қоғам мен еңбек нарығының өзгеріп отыратын қажеттеріне тез бейімделуіне ықпал ететін кредиттік, қашықтықтан оқыту, ақпараттық технологияларды енгізу және оны тиімді пайдалану жоғары білім берудің алдында тұрған жаңа міндеттер екендігі көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев 2017 жылғы 31 қаңтардағы «Қазақстанның үшінші жаңғыруы: жаһандық бәсекеге қабілеттілік» атты Қазақстан халқына Жолдауында адами капитал сапасын жақсарту мәселесіне тоқталып: «Ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруі тиіс. Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламаларын сыни ойлау қабілетін және өздігінен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет», - деп, сыни ойлау қабілеті мен шығармашылық дағдысы дамыған болашақ мамандарды даярлаудың маңыздылығына ерекше тоқталып өтті. Ақпараттық қоғам заңдылықтарының өзгеруі мен медианың тұлға дамуына тигізетін ықпалының артуына байланысты қазіргі кезде жоғары кәсіптік білім беруді ақпараттық технологиялар мен бұқаралық коммуникация құралдарынсыз жүзеге асыру мүмкін емес. Бүгінгі күнге дейін медиабілім беру, студенттердің ақпараттық сауаттылығы мен құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселелері әртүрлі бағытта зерттеліп, қарастырылды. Осы уақытқа дейін ресейлік ғалымдар тарапынан масс-медианың аудиовизуалды (О.А.Баранов, Ю.И.Божков, Е.А.Бондаренко, В.А.Возчиков, Н.В.Гончарова, Ю.Н.Усов, А.В.Федоров және т.б.) және интеграциялық (А.А.Журин, Л.С.Зазнобина, Н.П.Рыжих және т.б.) медиабілім мәселелерін қарастырған ғылыми зерттеу жұмыстары орындалды. Сонымен қатар, оқытуда экрандық құралдарды қолдану ісі (Н.В.Змановская, Н.А.Леготина және т.б.), баспасөз материалдары негізіндегі медиабілім (Е.Л.Вартанова, Е.В.Мурюкина және т.б.), фотография (Н.Ф.Хилько), радио (Г.Я.Власкина және т.б.), телекөрсетілім және видео (С.Н.Пензин, А.В.Шариков), жарнама (Е.А.Столбникова), музыка (Т.Ф.Шак), компьютерлік жүйелер (В.В.Гура, Е.С.Полат), медиабілім берудің тарихы (А.А.Новикова, А.В.Федоров, А.В.Шариков, И.В.Челышева және т.б.) сияқты бірқатар бағыттары бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілген. Аталған ғалымдардың зерттеу жұмыстарында медиабілім берудің аса маңыздылығы және медиалық білім арқылы болашақ ұрпақтың медиасауаттылығын, ақпараттық құзыреттілігін, медиаәтіндермен мәдени тұрғыда қарым-қатынас жасай алу, оларды сын тұрғысынан талдау қабілетін дамыту мүмкіндіктері жоғары екендігі нақтыланған.

Отандық ғалымдар Ү.Ж.Жұмабекова, А.А.Тіленбаева, С.Абдукадинова, Ә.О.Оразова, П.Б.Сейітқазы, Б.М.Жапарова, М.С.Мәлібекова, Б.Д.Сыдықов және т.б еңбектеріне талдау жасау нәтижесінде бұқаралық ақпарат құралдарын жоғары мектептің оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану мәселесіне қатысты бірқатар диссертациялық жұмыстар қорғалғандығына көз жеткіздік. Дегенмен, масс-медиа арқылы кедергісіз таралып жатқан бүгінгідей ақпараттық кезеңде медиа өнімдерін ЖОО-ның оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану не болмаса студенттерге медиабілім беру жеткіліксіз болады. Болашақ маман медиа-ресурстар арқылы таралып жатқан қандай да ақпарат пен мәтінді сыни тұрғыда талдап барып қабылдауға, сыни ойлау дағдысының дамуына күш салуы қажет. Өйткені, сыни ойлау – бұл өзгелердің пікірі мен мінез-құлық үлгілерін талдауға, бағалауға мүмкіндік беретін, жаңа, толық мәндегі деректерді ұсынып, тәуелсіз түрде шешім қабылдауға жағдай жасайтын адамның ақыл-ой әрекетінің ерекше түрі болып саналады. Сыни ойлауы дамыған болашақ педагог-психолог өзінің ойлау әрекеттеріне қатысты рефлексия, түсініктермен, тұжырым, ой қорытындылармен, жаңа сұрақтармен жұмыс істей алу іскерліктерін меңгереді, аналитикалық іс-әрекетке деген қабілеттерін дамытуға мүмкіндік алады.

Ал, медиа-ресурстар негізінде дамитын сыни ойлау – бұл ассоциативті қабылдауға, синтездеу, талдау жасау, медиа мен медиамәтіндердің әлеуметтік ортадағы қызметін бағалау, медиа саласында аудиовизуалды елестету, виртуалды эксперименттеу, логикалық және интуитивті болжам жасауды қамтитын күрделі рефлексивті ойлау үдерістерінің дамуына зор

мүмкіндіктер береді. Батыс және Еуропа елдерінде (АҚШ, Канада, Франция, Ұлыбритания және т.б.) болашақ мамандарға медиабілім беру бағытында (L.Masterman, D.Buckingham, U.Carlsson, D.Considine, G.Gerbner, W.J.Potter, L.M.Semali, C.M.Worsnop) бірқатар маңызды зерттеу жұмыстары орындалған. Аталған ғалымдардың еңбектерінде медиа-ресурстарды оқу-тәрбие үдерісінде пайдаланудың тиімді жолдары қарастырылып, сыни ойлауды дамытудың мүмкіндіктері мен технологиясына қатысты құнды зерттеулер жасалған. Медиабілім негізінде және медиа-ресурстарды пайдалану арқылы сыни ойлауды дамыту үдерісін өз еңбектерінде жан-жақты әр салада қарастырған шетелдік ғалымдар қатарында С.И.Заир-Бек, Е.О.Галицких, А.Г.Маклаков, Е.В.Волков, К.Мереди, Ч.Темпл, С.Уолтер, М.И.Махмутов, М.В.Кларин, А.В.Федоров, Д.Халперн және т.б. атап өтуге болады. Біздің еліміздегі болашақ маманның сыни ойлауы дамуының зерттелу жайы халықаралық және республикалық конференция жинақтарындағы ғылыми мақалалар, жобалар деңгейінде ғана. Алайда, нақты болашақ педагог-психологтардың сыни ойлауын медиа-ресурстарды пайдалану арқылы дамытудың жолдары, технологиясы немесе әдістемесі көрсетілген ғылыми зерттеу жұмыстары жоқтың қасы. Педагогика және психология ғылымы мен тәжірибеде жаңашыл медиаресурстардың білім беруді ұйымдастырудағы мүмкіндіктері, олардың дидактикалық және тәрбиелік әлеуеті жеткілікті түрде пайдаланылып отырған жоқ. Бұл медиабілімнің көптеген түсініктерінің күрделілігімен және мәселенің жеткілікті дәрежеде зерттелмеуімен, білім беру ұйымдарының техникалық тұрғыдан тиісті деңгейде қамтамасыз етілмеуімен түсіндіріледі.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Қазақстан Республикасында Білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2011.
2. Жаксыбаева А. Ж. Болашақ педагог-психологтардың кәсіби және тұлғалық қасиеттерін қалыптастыру // Молодой ученый. — 2014. — №1.2. — С. 55-57.
3. Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімдердің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту. – Алматы, 2005.

#### **УДҚ 37.01**

##### **Разуева Бахыт Турсунхановна**

*Қазақ инновациялық гуманитарлық заң университеті, Семей қаласы  
МПП 221, 2 курс, мамандық «Педагогика және психология»*

#### **СТУДЕНТТЕРДІҢ ҰЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МАҢЫЗЫ**

*Бұл мақалада ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Болашақ мамандарды даярлаудың теориялық аспектілері, оның ішінде ұйымдастырушылық қабілеттері ашылды.*

**Түйін сөздер:** *ұйымдастырушылық қабілет, маман.*

*В данной статье рассмотрены проблемы формирования организаторских способностей. Раскрыты теоретические аспекты подготовки будущих специалистов, в частности организаторских способностей.*

**Ключевые слова:** *организаторские способности, специалист.*

*This article discusses the problems of forming organizational skills. Theoretical aspects of training future specialists, in particular organizational skills, are revealed.*

**Keywords:** *organizational skills, specialist.*

Қазіргі замандағы білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығындағы бәсекеге қабілетті, құзыретті, өз жұмысын жақсы білетін, жан-жақты бағыт-бағдармен қарайтын, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, болып жатқан өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті білікті маман, индустриалды-инновациялық жағдайды шешуге лайық, өз қалауы мен қоғам талабына сай өзін көрсете білуге бейім, өз ойын еркін айта алатын, жоғары білімді, ұлттық тілді, тарихты жетік меңгерген, отандық және әлемдік мәдениетті бойына қалыптастырған, шығармашыл, оңтайлы кәсіби маман дайындау. Қазіргі заманғы тез өзгертін қоғам өз мүшелерінен, әсіресе жастардан белсенді ашып, өмір мен өндірістің әр түрлі салаларында өз әлеуетін танытуды, жағдайдың ерекшеліктерін ескере отырып, білімді шығармашылық пайдалануды, тұлғаның жаңа сапаларын алудың тиімді тәсілдерін табуды талап етеді. Қазіргі заманғы маманның білім беруді жаңғыртудағы базалық қасиеттерінің арасында отандық экономиканы көтеру мен түрлі әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруды қамтамасыз ететін қабылданатын шешімдердің тиімділігіне әсер ететін, оның ішінде ұйымдастырушылық қабілеттер деп аталады.

Болашақ ұстаздарды педагогикалық-психологиялық біліммен қаруландыру, олардың ең алдымен ұйымдастырушылық қабілеттерін дамыту педагог мамандарын даярлау ісінің маңызды тетігі.

Н.Ф.Кузьмина педагогтардың кәсіби әрекетке практикалық даярлық құрылымына маңызды компоненттері ретінде: конструктивтік, гностикалық, коммуникативтік және ұйымдастырушылық қабілеттерді атайды [1].

Маманның қалыптасқан ұйымдастырушылық қабілеті жеке және топтық қызметті ұйымдастыруды қамтамасыз етеді (В. Л. Боднар, М. И. Рожков, В. И. Худанич), тұлғааралық өзара іс-қимыл мен қарым-қатынасты құруға жәрдемдеседі (В. С. Лазарев, Р. Петрунева, И. А. Скопылатов), қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді іс-қимылдарды жоспарлауға, стандартты және стандартты емес жағдайларда тиімді әрекет етуге (Ю. Л. Воробьев), уақытша, материалдық, психологиялық және кадрлық ресурстарды оңтайлы пайдалануға мүмкіндік береді. Қызметкердің ұйымдастырушылық қабілеті атқаратын лауазымына қарамастан талап етіледі (С. Белл, В.С. Лазарев, Р. Дж. Спейди, Е.В. Яковлев) негізгі кәсіби қызметінің сипаты (А. Д. Копытов, В. С. Лазарев, Е. Семенова, В. Шепель). Сонымен қатар қазіргі жастар ортасында төмен азаматтық белсенділік (Н. Б. Крылова, Л. Шаламова), масылдық мінез-құлқы, оқу, қоғамдық және кәсіби қызметте іске асыруға қабілетсіздік (Т. И. Волчок) байқалуда. Көп жағдайда жоғары оқу орындарының түлектері кәсіби және әлеуметтік әлеуеті төмен мамандар болып табылады, шығармашылықсыз, инертті, кейде қазіргі заманғы динамикалық өндірістік және әлеуметтік жағдайларда жұмыс істеуге дайын емес (А. И. Дьяков, Г. В. Горченко, В. Приходько, Сазонова, А. И. Стеценко). Жоғары оқу орындарының қазіргі түлектері еңбек нарығына түсе отырып, қазіргі жұмыс берушілердің жоғары талаптарына (Т. Л. Клячко, Г. А. Краснова), оларды белгілі бір ыңғайсыздыққа ұшырататын, олардың психикалық және физикалық денсаулығына әсер ететін қатаң бәсекелестік ахуалына тап болады. Жас мамандарды жұмысқа орналастыру проблемасының алдын алуды зерттеушілер жас мамандардың кәсіби маңызды сапаларын (И. Х. Бальхаева, Д. Н. Лебедев, Н. Б. Крылова, Н. М. Тартаковский, Г. Н. Филонов, Е. Чепурных) сатып алу бойынша арнайы мақсатты жұмыстарды уақытылы ұйымдастыру мен жүргізуде көреді. Кеңес кезеңінде ұйымдастырушы-мамандарды даярлау негізінен жастар қоғамдық - саяси ұйымдарымен жүзеге асырылды, олардың қызметі жойылғаннан кейін басқа әлеуметтік институттарға берілмеген. Ұйымдастырушы-мамандарды даярлау үшін көшбасшы-ұйымдастырушылар мен менеджерлерді қалыптастырудың шетелдік тәжірибесін алу қолайлы болып табылмайды, өйткені ұйымдастырушы шешімдерді әзірлеу және іске асыру кезінде негіз қалаушы болып табылатын біздің менталитетіміздің ерекшелігіне жауап бермейді [2].

Болашақ педагогтарға ұйымдастырушылық іскерлік пен дағдыларды қалыптастыру технологиясын меңгертудің маңыздылығы айқын.

Ұйымдастыру дегеніміз орналастыру, құрастыру, тәртіп бойынша реттеу деген ұғымды білдіреді. Жеке тұлға бастамашылдық танытқан қандай да болсын әрекетте, ұйымдастырушылық аспект орын алады.

Ұйымдастырушы бастамашылық жасаған ісіне байланысты толықтай жауапкершілік алатындығы белгілі. Жауапкершілік - мәселелерді анықтау, шешу жолдарын қарастыру, нәтижесін болжау, өздігінен шешім қабылдай алу сияқты әрекеттерді жүзеге асыра алуды талап етеді. Шешім қабылдау бірнеше альтернативтік мүмкіншіліктерден біреуін таңдау, жоспар құру, бақылау жасау, ынталандырудан құралады.

Студенттердің ұйымдастырушылық қабілеттерін қалыптастыру үшін ұйымдастырушылық қызметтің құрылымын білу қажет. А. Щербаков ұйымдастырушылық қабілеттерін құрамына мобильдік, ақпараттық дамытушылық және ориентациялық дағдыларды кіргізеді [3]. И. Ф. Исаевтың ойынша ұйымдастырушылық қабілеттерді құрайтын педагогикалық іскерліктер:

- педагогикалық процестің қатысушыларымен іскерлік қарым-қатынас орната білу;
- білім алушылармен диалогтық әрекеттестік құра білу, оларға түрлі тапсырмалар беру, жұмыстың топтық, жеке түрін, өздік жұмыстарды тиімді ұйымдастыру білу;
- білім алушыларға педагогикалық-психологиялық көмек беру, қолдау көрету;
- білім алушыларға өзара ынтымақтастықпен орындалатын әрекет ұйымдастыра білу;
- Өз жұмысында жаңа ұтымды тәжірибені қолдана білу;

Осы аталған іскерліктер әр бір студенттің бойында толығымен қалыптасуы керек.

Осылайша, болашақ мамандардың ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастыру міндеті әлеуметтік өмірдің арнайы саласы болып табылатын және тұлғаның жан-жақты қалыптасуы үшін сыртқы және ішкі жағдайлар жасайтын білім беру мекемелеріне жүктеледі. Қалыптасушы процесте жоғары оқу орындарына маман даярлаудың негізгі кезеңі ретінде ерекше орын беріледі. Жоғары мектепте маман тұлғасын қалыптастыру мәселелеріне Ю. Р. Вишневский, Н. Ф. Головатый, В. С. Кагерьян, Ю. В. Кондратюк, Б. И. Корнилова, Н. А. Попов, Н. П. Соколов, Г. К. Чернявский және т.б. жұмыстар арналған. Алайда қазіргі уақытта жоғары оқу орындары жүзеге асырып жатқан болашақ мамандарды ұйымдастырушы даярлау төмен деңгейде. Мемлекеттік білім беру стандарттары мен білім беру мекемелерінің оқу жоспарларында студенттердің ұйымдастырушылық-басқару қызметінің теориялық негіздерін меңгеруіне бағытталған оқу пәндері бар, бірақ тиісті қабілеттілікті қалыптастыру, студенттердің шындықтың белсенді өзгеруінің формаларын, әдістері мен құралдарын меңгеруі бойынша арнайы курстар жоқ (Ю. Л. Воробьев, В. Т. Доля).

Сондықтан қазіргі дәстүрлі білім беру жүйесі студенттердің жеке әлеуетін белсендіруге ықпал ететін белгілі бір өзгерістер енгізуді талап етеді (В. М. Галауз, И. В. Гудовский, М. Г. Квитков, О. А. Кравченко, О. П. Сергеева, И. Н. Тоболкина). Жоғары оқу орны студенттердің ұйымдастырушылық қабілетін қалыптастырудағы үлкен мүмкіндіктерге ие, үлкен және кіші топтарды ұйымдастыру дағдыларына ие. ЖОО-да осы мақсатқа қол жеткізуге оқу-тәрбие процесін жүзеге асырудың мазмұны, әдістері мен формалары [2, 3], мақсатқа жету процестері [4], жоспарлау, жүргізу және қызметті талдау кезеңдерінде студенттердің белсенді ұстанымдары ықпал етеді. Ұйымдастыру қабілетін қалыптастыруға аудиториядан тыс жұмыстар ерекше орын алады.

### **Қолданылған әдебиеттер тізімі**

1. Губашева С. Г. Отарбай А. Ж. Тәрбие жұмысының әдістемесі. Астана : Фалиант. 2007 ж – 244 б.
2. Морева Н. А. Основы педагогического мастерства. Учебное пособие. М., 2006.
3. Азизходжаева Н. Н. Педагогические технологии и педагогическое мастерство. -Т., 2005.

4. Култаева, Н. Ж. Развитие организаторских способностей студентов высших учебных заведений / Н. Ж. Култаева, Н. И. Джумаева// Молодой ученый. — 2014. — № 9 (68). — С. 491-493

## **ОӘЖ: 37. 013**

Рыскалиева Аяулым Қанатқызы

*2 курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық- заң университеті, Семей қ.*

**Карипбаева Шынар Тоқтарқызы**

*Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,*

*Қазақ инновациялық гуманитарлық- заң университеті, Семей қ.*

### **КІШІ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ ІС-ӘРЕКЕТІН ДАМУДА БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІҢ ДИДАКТИКАЛЫҚ ДАЯРЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

*Бұл мақалада жоспарланған, мұғалімнің нәтижелі даярлығын бейнелейтін сабақ сыныптағы оқу жұмысын ойдағыдай өткізудің ең жақсы кепілі болатындығы айтылды. Сабаққа мұқият дайындалу, оның мазмұны мен ұйымдастыру әдістемесін ойластыру жұмысын әрбір мұғалім өзінің ең басты міндетім деп сезінуі тиіс. ерекше назар аударылады.*

**Түйін сөздер:** *дидактикалық даярлық, дидактикалық қабілеттілік, дидактикалық біліктілік, педагогикалық технология.*

*В данной статье рассматривается что запланированный урок, который иллюстрирует эффективную подготовку учителя, может быть лучшей гарантией успешной работы в классе. Тщательная подготовка к уроку, а также содержание и методика организации урока должны заставить каждого учителя чувствовать, что это его или ее главная задача.*

**Ключевые слова:** *дидактическая подготовка, дидактические способности, дидактическая квалификация, педагогические технологии.*

*This article discusses that a planned lesson that illustrates the effective preparation of a teacher may be the best guarantee for successful work in the classroom. Careful preparation for the lesson, as well as the content and methods of organizing the lesson, should make every teacher feel that this is his or her main task.*

**Keywords:** *didactic training, didactic abilities, didactic qualification, pedagogical technologies.*

Елбасы өз Жолдауында прагматикалық стратегия құра отырып, қазақстандықтарға жаһандық технологиялық төңкерістің бөлшегіне айналу мақсатын қояды. Ол үшін инновациялық зерттеулер мен әзірлемелер дайындап, ауқымды халықаралық ғылыми-зерттеу жобаларына қатысу мүмкіндіктерінің бар екендігін баса айтады.

Қазіргі білім беру жүйесінің мақсаты - бәсекеге қабілетті маман дайындау. Мектеп – үйрететін орта, оның жүрегі - мұғалім. Ізденімпаз мұғалімнің шығармашылығындағы ерекше тұс - оның сабақты түрлендіріп, тұлғаның жүрегіне жол таба білуі. Ұстаз атана білу, оны қадір тұту, қастерлеу, арындай таза ұстау - әр мұғалімнің борышы. Ол өз кәсібін, өз пәнін, барлық шәкіртін, мектебін шексіз сүйетін адам. Өзгермелі қоғамдағы жаңа формация мұғалімі – педагогикалық құралдардың барлығын меңгерген, тұрақты өзін-өзі жетілдіруге талпынған, рухани дамыған, толысқан шығармашыл тұлға құзыреті. Жаңа формация мұғалімі табысы, біліктері арқылы қалыптасады, дамиды. [1,226б].



Мұғалім бір жағынан өмір сүріп отырған кезеңнің қажеттіліне, әлеуметтік жағдайына, қоғамның нақты сұранысына қарай оқытып тәрбиелесе, екінші жағынан, мәдениетті сақтаушы, жеткізуші, тұлғаны адамзат мәдениетінің барлық байлығы негізінде қалыптастырушы ретінде болашаққа қызмет етеді. Әсіресе, қазіргі ақпарат ағыны толассыз құйылған, өзгермелі заманда жас ұрпаққа білім мен тәрбие беретін мұғалімнің қызметі күрделене түскені белгілі.

Сондықтан бастауыш сынып мұғалімі қызметінің құрылымының ішінде өзара тығыз байланысты құрастыру, ұйымдастырушылық және коммуникативтік әрекеттер басымдық мәнге ие. Құрастыру қызметі мұғалімнің құрастыру – мазмұндық (оқыту үдерісін жоспарлау, құру мен материалдарды іріктеу) және құрастыру - әрекеттік (өзінің және оқушының іс - әрекетін жоспарлау) қызметтерінен тұрады. Ұйымдастырушылық қызметі – мұғалімнің оқушыларды әрекеттің әр түріне тарта білуімен, ұйымшыл ұжым қалыптастыру және оқушыларды ұжымда жұмыс жасай алуға үйрете білуімен анықталады. Коммуникативтік қызметі мұғалімнің оқушылармен, өзге де педагогтармен, ата – аналармен, қоғаммен мақсатты қарым – қатынас орната білуімен айқындалады [2,186б].

Біз бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби–дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру моделін түзу барысында педагогикалық әдебиеттердегі ғылыми зерттеулерді зерделеу негізінде модель ұғымының мәнін анықтауды жөн көрдім.

Модельдеу әдісі танымның көрінісі мен танымның объектісін саналы талдаудың кеңінен танылған түрі болып табылады. Өзінің мәні жағынан модельдеу абстракциялау және дәріптеушілік деген математикалық ұғымдардың негізінде шыққан, өйткені математикалық ұғымда абстракциялау деген заттың бір немесе бірнеше қасиеттерін ойша бөлумен түсіндіріледі. Педагогикалық сөздікте «Модель (лат. Modulus – үлгі, өлшем) – нысан және оған қатынастық мәндерді көрсететін көрнекілік құралдарының бірі (шартты бейне, схема т.б.) –деп анықтама берілген». Педагогикалық әдебиеттерде модель ұғымына шетел және Қазақстан ғалымдары А.И. Бочкин, А.Г. Гейн, А.М. Новиков, Г.Қ. Нұрғалиева, В.В. Подласый, А.П. Сейтешов, А.Ф. Федотов, В.А. Штофф, И.С. Якиманская және Н.Д. Хмель және т.б. әртүрлі сипаттама берген. Мысалы, Н.Д. Хмель нақты объектінің немесе үдерістің қарапайымдандырылған үлгісі. Болашақ мамандардың кәсіби бағдарын ұйымдастыруды мотивациялық, мазмұндық, әрекеттік, процессуалдық аспектілерінен тұратын модельдерді ұсынады.

Г.Қ. Нұрғалиева болашақ мамандардың кәсіби бағдарын ұйымдастыруды, мектептегі оқу-тәрбие мәселелерін когнитивтік, мотивациялық-қажеттілік, әрекеттік-мінез-құлықтық компоненттер тұрғысынан талдады.

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби–дидактикалық құзыреттілігін қалыптастыру бірнеше кезеңнен тұратын үдеріс. Ол студенттің педагогикалық оқу орнына түспестен бұрын басталғанмен, оны бітіргенімен бір мезгілде аяқталмайды. Оның педагогикалық мамандыққа қажетті сапалық сипаты кәсіби тұлға ретінде қалыптасуының әр кезеңінде түрліше дамып отырады: педагогикалық мамандыққа түскенге дейін, кәсіби–педагогикалық дайындық кезінде және маман ретінде өз бетінше жұмыс жасауы кезінде. Бірақ осы кезеңдердің арасында адамды кәсіби педагог тұлғасына дейін дамытатын өзара сабақтастық болуы шарт. Педагогтың дайындығы пән бойынша алатын білім, білік, дағдыдан, арнайы қабілет пен жеке бас сапасын (интеллектіні, мінез–құлық, темперамент, психика) дамытудан, жалпы білімділік пен икемділік (бейімделу мүмкіндіктері, қарым–қатынас сапалары), сонымен қатар оқушының болашақ педагогикалық мамандыққа оқуға, педагогтік кәсіби қызметке деген көзқарасынан, қызығушылығы мен ынтасынан тұрады.

Бастауыш сынып мұғалімін кәсіби дайындаудың әр компоненті біртұтас педагогикалық үдеріс шеңберінде кәсіби дайындықтың сапасын бағалайтын өлшемдер мен эталондар, критерийлер сияқты базалық сипаттарының жиынтығымен айқындалуы керек.

Бастауышта, әсіресе, бастауыш кезеңде қоршаған орта: табиғат, адам және оның еңбегі туралы алғашқы түсініктер қалыптастыруға бағытталады және бастауышта

қалыптастырылатын құзыреттіліктер: білімді меңгеруге қабілеттілік, болашақ мамандығына және әлеуметтің даму деңгейіне сәйкес болуына қажетті білік, дағды игеру .

Қазіргі кезде шетелдік және отандық психологияда кәсіби қалыптасудың көптеген тұжырымдамалары бар. Солардың ішінен Т.В. Кудрявцев, Н.Д. Левитов, Е.А. Климов, А.К. Маркова, Л.М. Митина, Н.В. Кузьмина, В.Д. Шадриков т.б. ғалымдардың жалпыпсихологиялық және психологиялық - педагогикалық тұжырымдамаларының бай тәжірибесіне сүйене отырып, әртүрлі мамандықтың, олардың ішінде мұғалім мамандығының да өкілдерінің кәсіби дамуын зерттеген.

Т.М. Сорокина өз зерттеулерінде бастауыш сынып мұғалімі құзыреттілігі ұғымын оның кәсіби дайындығының динамикалық, процессуалдық, кәсіби өсу, өзгеру сипатын мотивациялық және әрекеттік тұрғыдан қарастырады [3,287б].

Бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби құзыреттілігінің ерекшелігі – көппәнділік. Оның маңызды сипаты: гуманистік педагогикалық көзқарастың ерекшелігінде; мұғалімнің педагогикалық ойлауы арқылы жүзеге асатын кәсіби интегративтік білім мен дағды жүйесінде көрінетін «балаға бағыттылық» болып табылады.

Болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби-дидактикалық құзыреттілігін мұғалімнің кәсіби-педагогикалық құзыреттілігінің негізгі құраушысы ретінде қарастырған абзал. Бастауыш сынып мұғалімінің ерекшелігіне байланысты ол бастауышта оқытылатын барлық пәннің теориялық мазмұнын жетік біліп, кәсіби-педагогикалық құзыретті бола тұра, оны оқушыларға жеткізе алатын дидактикалық құзыреттілігі болмаса, ондай мұғалімнің еңбегі нәтижелі бола алмайды. Олай болса, кәсіби-дидактикалық құзыреттілік кәсіби-педагогикалық құзыреттіліктің негізгі өзегі.

Бастауыштағы бірнеше пәнді бір мұғалім оқытады, сондықтан ол барлық сабақтың әдістемесін, яғни бастауыш оқытудың дидактикасын меңгеруі керек.

Мектептегі оқыту дидактикалық үдеріс болғандықтан, болашақ мұғалім оның өзіне тән психологиялық, педагогикалық ерекшеліктерін біліп, оған дайын болуы тиіс. Жоғары оқу орындарында оқып жүрген болашақ мұғалімдердің дидактикалық дайындығы ондағы оқыту үдерісінің тиімді ұйымдастырылуымен тығыз байланысты.

Дидактикалық даярлық – кәсіби-педагогикалық даярлықтың негізгі және маңызды саласы. Мұғалімдердің дидактикалық даярлығына олардың оқыту үдерісінің теориясы мен практикасы бойынша игерген білімдері, педагогикалық қызметке деген ынтасы мен мүмкіндіктері жатады.

Т.Сабыров дидактикалық даярлықты анықтайтын белгілер деп студенттердің оқытудың мақсаты мен мазмұны оны ұйымдастырудағы қолданылатын тиімді әдіс-тәсілдерді жете біліп, іске асырудың жолдарын меңгеруін түсіндіре келіп, педагогикалық қызметті атқаруға қажет мұғалімнің бойында оқыту үдерісін жоспарлай білуі, оны мақсатты түрде ұйымдастыра алуы, жүйелі түрде бақылау мен бағалау ісін орындап отыруы сияқты дидактикалық қабілеттер болуы керек дейді[4,124б].

Дидактикалық қабілеттілік – оқу материалын оқушылар жеңіл түсінетіндей, қарапайым меңгерілетіндей етіп жеткізе білу, яғни оқу-тәрбие үдерісін тиімді құра білу.

Дидактикалық біліктілікті біз мұғалімнің білім беру, оқыту қызметін орындаудағы, әртүрлі дидактикалық міндеттерді шешудегі түрлі әдіс– тәсілдерді меңгеруі деп қарастырамыз.

Қорыта келе, болашақ бастауыш сынып мұғалімінің кәсіби - дидактикалық құзыреттілігі - педагогтың жеке бас сапалары мен оның психологиялық - педагогикалық және теориялық білімінің, кәсіби және дидактикалық құзыреттілігінің үйлесімділігі, тұлғалық кәсіби сапаларын үздіксіз дамыта білу қабілеті.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі**

1.Қазақстан Республикасының Президенті — Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Қазақстан — 2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси

бағыты: Елбасы Жолдауын талқылауға арналған шаралардың материалдары / Жауапты ред. Б.К.Сұлтанов. — Алматы, 2013. — 226 б.

2.Абдулина А.О.Общепедагогическая подготовка учителя в системе высшего образования. М.,1990.-186б.

3.Бөрібекова Ф.Б., Жанатбекова Н.Ж.Қазіргі заманғы педагогикалық технологиялар: Оқулық.- Алматы,2014.-287б.

4.Каримов А.Н. Педагогикалық қызмет және педагогикалық шеберлік негіздері. Оқу құралы.-Алматы, 2011.-124б.

УДК: 37:372.8

**Советқанова Мәдина Сайлауқанқызы**

*6M010300 «Педагогика және психология» мамандығының магистранты  
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

## **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУ ОРТАСЫНА КӘСІБИ БЕЙІМДЕЛУГЕ ДАЯРЛАУ**

*Мақалада болашақ педагогтарды инклюзивті білім беру ортасына кәсіби бейімделуге даярлау мәселесі қарастырылған.*

**Түйін сөздер:** *білім беру, инклюзивті білім беру, инклюзивті білім беру ортасы, кәсіби бейімделу.*

*В статье рассмотрен вопрос подготовки будущих педагогов к профессиональной адаптации в среде инклюзивного образования.*

**Ключевые слова:** *образование, инклюзивное образование, инклюзивная образовательная среда, профессиональная адаптация.*

*The article considers the issue of training future teachers for professional adaptation in the environment of inclusive education.*

**Keywords:** *education, Inclusive education, inclusive educational environment, professional adaptation.*

Білім беру - «Қазақстан - 2030» ұзақ мерзімді стратегиясының маңызды басымдықтарының бірі ретінде танылған. Қоғамның мәдени нормасы мен бағыт-бағдарының құндылығын бейнелейтін маңызды басымдылық білім берудегі оқыту мен тәрбиелеу үдерісіне де өзіндік үлесін көрсетеді [1].

Біздің алға қарай тұрақты жылжуымыздың басты шарты — біздің қоғамымыздың алға қойылған мақсаттарға қол жеткізудегі біртұтастығы, халықтың барлық жіктері мен топтарының ортақ міндеттерді шешуге бағытталған стратегия айналасында топтасуы. Егер біз қоғам мен халықтың түрлі топтарының қажеттіліктерін дұрыс ескеруге, басымдықтарды дәл айқындап, олардың іске асырылуын қамтамасыз етуге қабілетті болсақ, онда бұл ақиқатқа айналады. Мұны мемлекет халықтың жекелеген топтарымен және жекеше сектормен ынтымақтастығы негізінде іске асыруы қажет дей келе, Қазақстан Республикасы Тұңғыш Президенті Н.Ә.Назарбаев бастамасымен республиканы әлемнің бәсекеге барынша қабілетті 30 елдері қатарына енгізу туралы міндеті қойылды [2]. Осы мақсатқа жетуде білім беру жүйесін жетілдіру маңызды болып отыр.

Білім беру саласында Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатын іске асырудың ұйымдастырушылық негізі, қазақстандық білім беруді жетілдіруді жалғастыруды қамтамасыз ететін Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы қазіргі таңда жүзеге асырылуда [3].

Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы-2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты халыққа Жолдауында даму мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау мен көмек көрсету

мәселесіне арнайы тоқталғаны белгілі. Атап көрсетсек, « ... мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек. Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс. Бізде аз емес, ондай адамдарға қамқорлық көрсетілуге тиіс - бұл өзіміздің және қоғам алдындағы біздің парызымыз. Бүкіл әлем осымен айналысады» - деген болатын [2]. Аталған міндеттер барлық қоғам алдында, әсіресе білім беру жүйесіндегі ұйымдарға үлкен талаптар қойып отырғаны анық.

Әлеуметтік білім беру жүйесін дамыту қазіргі кезеңде балалар мүгедектігінің алдына алу бойынша шаралар жасау мәселелеріне көңіл бөледі, себебі, Қазақстанда бұл мәселе өзектілердің бірі болып табылады. Бұл мәселеде ерекше қажеттілігі бар балалар мен олардың отбасыларына ерте бастан көмек беру ерекше рөл атқарады. Бүкіл әлемде бұл жұмыс көпшілік ведомстволар: денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қорғау қызметінің басым салаларының бірі болып табылады.

Сондай-ақ, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында: «Білім мен ғылым саласында іске асырылған қадамдық іс-қимылдарды талдаудың әлсіз жақтары болып: инклюзивті білімнің жеткіліксіз дамуы мен педагог кадрларды даярлау сапасының жеткіліксіздігі» айқындалған. Себебі, *инклюзивті білім беру* – барлық балалардың мұқтаждықтарын ескеретін, ерекше қажеттіліктері бар балалардың білім алуын қамтамасыз ететін жалпы білім беру үдерісінің дамуы. Инклюзивті оқыту балаларды оқу үдерісіндегі қажеттіліктерін қанағаттандырып, оқыту мен тәрбиелеудің жаңа бағытын өңдеуге талпынады. Егер инклюзивті оқытудың оқыту мен тәрбиелеуге енгізілген өзгерістері тиімді болса, онда ерекше қажеттіліктері бар балалардың жағдайлары да өзгереді. Инклюзивті білім беретін арнайы мектептерде оқыған балалар адам құқығы туралы білім алуға мүмкіндік алады, сондықтан да олар бір-бірімен қарым-қатынас жасауға, айнала қоршаған ортаны танып, білуге, қоғамдық құбылыстарды қабылдауға үйренеді.

Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беру мен осы жүйеде қызмет ететін педагогтар мен психологтарды арнайы даярлау - әлі де болса жеткілікті игерілмеген тың сала. Осы саланың тұжырымдамалық негіздерін және оны іске асырудың білімдік, ғылыми, оқу-әдістемелік, практикалық және ағартушылық тетіктерін зерттеу - қазіргі күн тәртібіндегі өзекті мәселе.

Білім беру саласы бойынша тұжырымдамалар негізінде ғылыми жұмыстардың мазмұны инклюзивті білім беру, ондағы мәселелерді психологиялық-педагогикалық қолдау жөніндегі бірнеше еңбектерде зерттелген. Отандық ғылыми-педагогикалық зерттеулерде: Қазақстан Республикасында инклюзивті білім берудің нормативті-құқықтық негіздерін зерттеген: Р.А.Сүлейменова, инклюзивті білім беру жағдайында педагог кадрларды даярлау мәселесімен З.А.Мовкебаева, жалпы білім беретін мектептің оқу үдерісіне мүмкіндігі шектеулі балаларды қосудың ұйымдастырушылық-педагогикалық жағдайының ғылыми-әдіснамалық аспектілерін А.А.Байтұрсынова, ересектердің инклюзивті білім беру аймағында кәсіби оқытуын ұйымдастырудың ғылыми-әдістемелік негіздерін А.Қ.Құсайынов, А.Х.Арғынов, Р.А.Жумақанова, «Инклюзивті білім берудің негіздері» оқу құралының авторлары А.Т.Искакова, Г.З.Закаева, З.А.Мовкебаева, А.Б.Айтбаева, А.А.Байтұрсынова, «Инклюзивное образование: учебное пособие для ВУЗов» оқу құралының авторлары З.А.Мовкебаева, И.А.Денисова, И.А.Оралқанова., Д.С.Жакупова, «Инклюзивное образование» оқу әдістемелік құрал авторлары С.С.Жубақова., Б.С.Байменова қарастырылған [4]. Бұл зерттеу еңбектерінде инклюзивті білім беруді дамытудың әдіснамалық негіздері, мүмкіндіктері, ұйымдастыру, жүзеге асыру шарттары, болашақ мамандарды кәсіби бейімделуге даярлаудың негіздері мазмұндық көрініс алған.

Соңғы педагогикалық зерттеулер білім беру саласындағы мамандарға заман талабына сай ерекше талаптар қояды. Ол талаптар бәсекеге қабілетті мамандар даярлау ісінде негізгі болып табылады. Болашақ педагогтардың кәсіби даярлығы оның адамгершілік,

коммуникативтілік, еріктік, зияттылық және т.б. кәсіби маңызды қасиеттерінің жоғары деңгейде қалыптасуынан көрініс береді.

Болашақ педагогтың кәсіби даярлығын қалыптастыруда, тұлғадағы мамандыққа икемділік белгілі қызметке деген бейімділігінен де көрініс табады. Кәсіби даму үдерісі кәсіби жетістікке, оның кәсіби ортадағы тұлғалық типіне сәйкес қанағаттануына байланысты. Осыған орай, адекватты емес кәсіби таңдау кәсіби дамуындағы мәселелерге әкеліп соғады.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы (II бөлім) Қазақстан дамуының Жаңа кезеңіндегі біздің ішкі және сыртқы саясатымыздың аса маңызды 30 бағыты белгіленген «Қазақстан-2030 стратегиясы» (Астана, 2007 жылғы 28 ақпан) <http://online.zakon.kz/>

2 Назарбаев Н.Ә. Халыққа жолдауы «Қазақстан-2050» стратегиясы-қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» // Егемен Қазақстан-2013

3 ҚР білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. №1118 Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы. – Астана: Ақорда, 2010 жылғы 7 желтоқсан. [www.nkaoko.kz/documents/law\\_of\\_education/](http://www.nkaoko.kz/documents/law_of_education/)

4 Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі № 343 «Мүмкіндіктері шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Заңы

УДК: 378.091.12

#### **Сыдыкова Гүлім Серикбекқызы**

*М010300 «Педагогика және психология» мамандығының магистранты  
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

#### **ЖОҒАРЫ МЕКТЕП ОҚЫТУШЫСЫНЫҢ ДАМУЫНДАҒЫ КӘСІБИ-ТҮЛҒАЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ**

Мақалада жоғары мектеп оқытушысының дамуындағы кәсіби-тұлғалық ерекшеліктері қарастырылады.

**Түйін сөздер:** жоғары оқу орны, жоғары мектеп оқытушысы, кәсіби-тұлғалық ерекшеліктер

В статье рассматриваются профессионально-личностные особенности развития преподавателя высшей школы.

**Ключевые слова:** высшее учебное заведение, преподаватель Высшей школы, профессионально-личностные особенности

The article deals with professional and personal features of the development of a higher school teacher.

**Keywords:** higher educational institution, high school teacher, professional and personal characteristics.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің басты міндетіне ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға және кәсіби шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау үшін білім беру жүйесін одан әрі дамыту міндеттері көрсетілген.

Қазіргі таңда жоғары оқу орындарында білімді, ғылым мен өндірісті ұштастыра алатын, оқытудың белсенді әдістерін меңгерген, жаңа ақпараттық-инновациялық технологияларды қолдана білетін мамандар дайындау міндеті тұр. Осыған байланысты Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2010-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы білім алушылардың шығармашылық даралығын, интеллектуалдық және практикалық қабілеттерін қалыптастыру және дамыту үшін мүмкіндіктер туғызу

талабы қойылған. Бұл тұжырым Қазақстан Республикасы Президентінің «Болашаққа бағдар – рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында жүйлі бірізділікпен тарқатылады. Онда қазіргі қазақстандықтардың, соның ішінде білім алушы жастардың заман талабына сай іс-әрекеті олардың ұлттық тұрпатты сақтай отырып, бәсекеге қабілетті, прагматистік тұрғыдан ойланып, іс-әрекет жасай алатын тұлға болуының маңызы дәйектелген. Әрі білім сапасының жоғары деңгейіне жету, педагогикалық білім беру мазмұнын жаңарту білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының басым бағыттарының бірі болып табылады.

Сондай-ақ, Елбасы Н.Ә. Назарбаев өзінің «100 нақты қадам» Бағдарламасында ұлттың дамыған мемлекеттердің отыздығына кіруі үшін адам капиталының сапасын көтеріп, кадрлардың бәсекелестік қабілетін арттыру қажеттігінің көкейтестілігін ерекше атады. Осындай мемлекеттік маңызға ие құжаттар болашақ мамандарға кәсіби білім берудің сапасын арттыру; оларды маман және тұлға ретінде дамыту мәселесі қоғам назарында екенін көрсетеді. Сондықтан қазіргі қарқынды жүріп жатқан жаһандану процесіндегі әлемдік бәсекелестіктің күшею тұсында жоғары мектепте білім беру парадигмасы өзгеріп, жаңару сипатын алға қоюда. Жаңадан болып жатқан өзгерістер болашақ маманның кәсіпқой деңгейіне жетуімен бірге қоғамда тұлға ретінде жасампаз іс-әрекет танытуды үйлестіре алуды талап етеді.

Ғылымда тұлғаның даму ерекшеліктері ертеректен психоаналитикалық, бихевиористік, іс-әрекеттік секілді 50-ден астам теорияларда қарастырылып келеді. Сонымен қатар қазіргі кезде жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық даму ерекшеліктерін түсіндіріп, сипаттауда тұлға, тұлғаның дамуы туралы К.А. Абульханова, Б.Г. Ананьев, А.Г. Асмолов, А.А. Бодалев, А.Г. Ковалев, С.М. Жақыпов, А. Маслоу, К. Роджерс, Л.С. Рубинштейн, В.Д. Шадриков, Х.Т. Шерьязданова сияқты ғалымдардың әлемдік деңгейде маңызды теориялары әдіснамалық бағдар болып келеді. Педагогтың іс-әрекеті, қарым-қатынасы туралы, педагог тұлғасының дамуы туралы, олардың кәсіби және тұлғалық қалыптасуының негізгі шарттарының, факторларының, ерекшеліктерінің педагогикалық, психологиялық негіздері туралы отандық және шетел ғалымдары – А.Г. Андреева, Б.Г. Ананьев, А.Г. Асмолов, С.М. Жақыпов, И.А. Зимняя, Ғ.М. Кертаева, Е.А. Климов, А.Г. Ковалев, Н.В. Кузьмина, Л.В. Мардахаев, К.А. Маркова, Г.Ж. Меңлібекова, Л.М. Митина, К. Роджерс, А.К. Мынбаева, С.Л. Рубинштейн, В.А. Слостенин, Ш.Т. Таубаева, Н.Д. Хмель, Х.Т. Шерьязданова және басқалардың дәйектеген теориялары классикалық негіздегі зерттеулер қатарында және кейінгі зерттеулердің алға жылжуына тұрақты түрде өз ықпалын тигізуде. Педагогтың тұлғалық дамуы мен оның кәсіби іс-әрекетінің әр аспектісін педагогикалық-психологиялық зерттеу жұмыстарының әдіснамасы, әдіснамалық қағидалары, әдіснамалық мәдениет пен әдіснамалық құзірет Е.В. Бережнова, С.М. Жақыпов, Д.Н. Завалишина, В.В. Краевский, Ш.Т. Таубаева және т.б. еңбектерінде тұжырымдалуы педагогика және психология ғылымдарында зерттеу парадигмасын анықтауға мүмкіндік береді.

Г.К. Ахметова, А.А. Бейсенбаева, К.А. Маркова, Л.М. Митина, Г.Ж. Меңлібекова, А.А. Молдажанова, А.К. Мынбаева, Б.Т. Кенжебеков, Н.В. Кузьмина, Қ.Р. Қалкеева, А.Қ. Құсайнов, П.Б. Сейітқазы, Р.К. Төлеубекова, Н.Н. Хан, Н.Д. Хмель, Қ.Қ. Шалғынбаева, Х.Т. Шерьязданова және т.б. ғалымдардың теориялары, идеялары білім берудің әр түрлі буындарындағы педагогикалық іс-әрекет, педагогикалық процесс тұрғылары мен педагогты кәсіби дайындау мәселелеріндегі ғылыми-педагогикалық, ғылымпсихологиялық әржақты ғылыми шешімді дәйектеудің теориялық және эксперименттік бағдарын көрсетеді.

Білім берудің әр салаларындағы педагогтың тұлғалық дамуының түрлі аспектілеріне байланысты концепциялардың К.А. Абульханова, Н.С. Ахтаева, А.Р. Ерментаева, Э.Ф. Зеер, Ғ.М. Кертаева, Н.В. Кузьмина, К.А. Маркова, Л.М. Митина, Л.М. Нарикбаева, А.Б. Орлов, В.А. Слостенин, Л.Д. Столяренко және т.б. педагогикалық-психологиялық еңбектерінде қорытылуы тұлға қасиеттері, тұлғалық дамудың бағыттары, тұлғалық дамудың

алғышарттары мен факторлары, тұлғалық құрылым бойынша зерттеулерге теориялық талдаудың, модельдеудің, эксперименттік тәжірибелік жұмыстың негізін құрайды.

А.А. Бодалев, В.А. Кан-Калик, С.Т. Каргин, Р.Б. Қарамұратова, А.А. Леонтьев, Б.Ф. Ломов, Х.Т. Шеръязданова, Н.Қ. Тоқсанбаева, Ж.Қ. Аубакирова және т.б. еңбектеріндегі қатынас, қарым-қатынас және педагогикалық қарым-қатынас, кәсіби педагогикалық қарым-қатынас стильдері және олардың механизмдері туралы зерттеулері мен ғылыми мектептерінен қорытындыланған теориялар, тұжырымдамалар, идеялар психологиялық-педагогикалық ғылыми қорды кеңейте түсіп, кейінгі зерттеулердің теориялық-әдіснамалық негіздері мен бағдарларын айқындауға көмектеседі.

А.Х. Әлімов, А.Р. Ерментаева, М.В. Кларин, Л.А. Петровская және т.б. зерттеушілердің жасалған педагогтың педагогикалық-психологиялық даму мүмкіндіктерін өзекті ететін концептуалды тұжырымдары мен тұрғылары білім беру буындарының барлығында қызмет жасайтын педагогтың кәсіби іс-әрекеті мен психологиясы туралы теориялық-эксперименттік зерттеулерге бағыт береді.

Сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық әдебиетте жоғары мектеп оқытушысының кәсіби іс-әрекетіне, тұлғалық ерекшеліктеріне арналған бірқатар жұмыстар бар. Осыған байланысты И.А. Будина, Т.А. Жалагина, Э.Ф. Зеер, Е.Ю. Зимина, А.Р. Ерментаева, З.Ф. Есарева, Н.М. Иргебаева, З.А. Исаева мен В.В. Шахгулари, Н.В. Кузьмина, К.Т. Қуанжанова, А.В. Лобанова, А.К. Мынбаева, Л.М. Нарикбаева, З.Г. Нигматова, И.В. Никулина, М.В. Новиков пен О.В. Ракитина, Н.Н. Павленко, Қ.Қ. Шалғынбаева, Н.П. Албытова мен Т.С. Сламбекова және т.б. зерттеушілердің оқытушының көп аспектілі кәсіби іс-әрекеті мен тұлғалық дамуының күрделі интеграцияланған құрылымының әр жақтары туралы еңбектері жоғары мектеп оқытушысының тұлғалық дамуын кеңейтіп, кешенді зерттеуге негіз болады.

### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Ахметова Г.К., Исаева З.А. Педагогика: Учебник для магистратуры университетов. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 328 с.
2. Баширова Ж.Р. Развитие университетского образования в аспекте подготовки преподавателя высшей школы. Монография. – Алматы: АГУ им.Абая, 2003. -160 с.
3. Мынбаева А.К. Основы педагогики высшей школы: Учебное пособие. – Алматы, 2010. – 171 с.

ОӘК: 37. 013

### **Темерғалиева Айгерім Қасымханқызы**

*2 курс магистранты, Қазақ инновациялық гуманитарлық- заң университеті, Семей қ.*

### **Карипбаева Шынар Тоқтарқызы**

*Педагогика ғылымдарының магистрі, аға оқытушы,  
Қазақ инновациялық гуманитарлық- заң университеті, Семей қ.*

*Бұл мақалада қазіргі уақытта ғылымдар интеграциясы «қиылысушы» және «өтпелі» ғылымдардың пайда болуы, тарихи тұрғыдан интеграция мен дифференциацияның өрістеу кезеңдерін бөліп көрсетуге болатындығы қарастырылған.*

*Түйін сөздер: ғылым, дифференциация, интеграция, синтез, Логикалық категориялар.*

*В данной статье рассматривается, что интеграция науки в настоящее время может быть разделена на этапы возникновения «носящих» и «переходных» наук, развития исторической интеграции и дифференциации.*



*Ключевые слова: наука, дифференциация, интеграция, синтез, логические категории.*

*This article considers that the integration of science can now be divided into stages of the emergence of "wearable" and "transitional" Sciences, the development of historical integration and differentiation.*

*Keywords: science, differentiation, integration, synthesis, logical categories.*

Қоғамның әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық, рухани өмірінің өзгерісі қазіргі білім беру жүйесінің жалпы стратегиясының гуманистік бағытын, педагогикалық парадигманың авторитарлықтан гуманистікке, тұлғалық бағдарлылығына ауысуын қамтамасыз етуде. Білім берудің құрылымы мен мазмұны жаңартылып, оқу орындарының жаңа түрлері мен үлгілері пайда болуымен қатар, білім берудің саралануы мен интеграциясы күшеюде.

Адамзаттың қазіргі даму кезеңі адам мен табиғаттың үйлесімді қатынасын, өскелең ұрпаққа қоршаған дүниені және оны зерделеуді тұтастыққа қалыптастыруды қажет етуде. Өйткені, дүниені тану процесінде кішкене кезден бастап баланың тұлғасы дамиды және адамның барлық негізгі қасиеттері қалыптасады.

Қазақстан Республикасында білім мазмұнын талаптары жеке пәндер бойынша емес, білімдік аймақ (табиғи тіл, жасанды тіл, табиғат, қоғам, адам, т.б.) бойынша интеграциялауға, оқу әрекеті процесінде баланың жеке тұлғасын дамытуға, оқушыда дүниенің ғылыми бейнесін қалыптастыруға бағытталған.

Демек, әлемдік білім деңгейіне шығу ғылымдар жүйесін жаңа сапалық деңгейге көтерумен, әлемдік ғылыми жаңалықтармен қамтамасыз етумен байланысты шешілмек. Сондықтан оған бір ғана ғылым шеңберінде білім беру ішкі бар мүмкіндіктерінің жан-жақты ашылуына, креативті, компонентті, бәсекеге барынша қабілетті, интегративті тұлға болып қалыптасуына толық жағдай жасай алмайды. Әлемдік ғылымда табиғатқа, қоғамға және адам ойының дамуына ғылыми көзқарас бірнеше ондаған ғылымдардың өзара байланысы шеңберіндегі білімдер жиынтығы негізінде қалыптасады.

Осы орайда, қазіргі ғылымдар интеграциясы жағдайында оқыту процесінде пәнаралық байланыстың алатын орны мен оны жүзеге асырудың мүмкіндіктері мол екендігі анықталады [1,117].

Ғылымаралық интеграцияның философиялық негіздері: Б.М.Кедров, А.Д.Урсул, М.Г.Чепиков, және т.б. еңбектерінде, жалпы теориялық бағытта философиялық-әдіснамалық мәселелер: Ж.Әбділдин, П.В.Копнин, В.С.Степин, және т.б., педагогиканың әдіснамасы: И.Я.Лернер, М.Н.Скаткин, Н.Д.Хмель және т.б. қоршаған дүниені интеграциялау негізін психологиялық тұрғыдан: П.К.Анохин, Л.С.Выготский, А.Н.Леонтьев, т.б., пәнаралық байланыс: А.А.Бейсенбаева, И.Д.Зверев, В.Н.Максимова т.б. бастауыш білім берудегі интеграция мәселесі Л.К.Виноградова, Н.Н.Светловская т.б. еңбектерде көрініс тапты. Сонымен қатар шығыс ойшылдары Әл Фараби, т.б. мұраларында, бертін келе қазақтың ағартушылары Ш.Уәлиханов, Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев еңбектерінде пәнаралық байланыс идеяларына мән берілгендігін көруге болады. Қазақтың зиялылары Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев те бұл мәселені қарастырған. Одақ көлемінде ғалымдар М.Н.Скаткин, Г.С.Костюк, В.В.Давыдов, И.Д.Зверев, В.Н.Максимова, В.М.Коротов, Э.И.Монозон, т.б. пәнаралық байланыстың ішкі маңызын ғылыми дүниетанымдық негізде қамтамасыз ететін әдіснамалық қағида ретінде қарастырылған [3,6 б].

Б.М. Кедров атап көрсеткендей, аралық ғылымдар, бастапқы ғылымдарды бір-біріне үйлестіру, яғни оларды қиылыстыру немесе олардың нысаналары арасындағы өткелді ашу жолымен пайда болады.



1. Интеграция «жеке ғылымдар өзіндік даралығын жоғалтатын, бірнеше ғылымдардың бір жалпыға толық бірігуін білдіреді».

Философтардың айтуынша, жаратылыстану саласында «ғылымдар интеграциясына» дәлел боларлық бір мысал жоқ. Мұндай құбылыстар қазір байқалмайды. Бұл мәселеге байланысты арнаулы философиялық зерттеулерде синтетикалық ғылымдардың интеграциялаушы қызметі ол бір ғылымдардың екіншілерін жұтып қоюы деген сөз емес деп көрсетіледі. Бұл интеграциялаушы қызмет (ғылымдардың салыстырмалы даралығын сақтай отырып), олардың барынша терең әсерлесуі мен өзара сіңісуінің күшеюін көрсетеді.

2. Интеграция деп кейбір биологиялық, әлеуметтік және т.б. күрделі процестерді зерттеу үшін әртүрлі ғылымдарда қызмет істейтін зерттеушілердің күштерін біріктірудің қажеттілігін де түсінеді.

3. Интеграция деп кейде білімдер жүйесінің синтезін айтады.

И.Г Герасимов интеграция деп әртүрлі ғылымдардың бір нысаналарды зерттеу үшін жасалған әдістер, қағидалар, идеяларды мүлдем басқа нысаналарды зерттеу үшін қажетті және тиімді болатындай ғылымдар байланысын түсінуді ұсынады [2,181б].

Қазіргі уақытта ғылымдар интеграциясы «киылысушы» және «өтпелі» ғылымдардың пайда болуында байқалады. Ал, білімнің синтезі неғұрлым жалпылама ұғымдар, қағидалар, теориялар, тұжырымдамаларда, дүниенің жалпы ғылыми бейнесін жасауда көрініс табады(3). «Ғылымдардың қазіргі интеграциялану процестері кейбір құбылыстар бойынша барынша жоғары (пәнаралық) дәрежеде, оларды дерексіздендірудің жалпы заңдылықтарын анықтау ретінде, түсіндіруге болады». Қазіргі ғылыми білімнің интеграциясының бұл бағыты философияның материалдық дүниенің бірлігі туралы басты қағидасымен іштей байланысты және оның нақты көрінісі болып табылады. Зерттеушілер негізінен мына пікірді қолдайды: интеграция да, дифференциация да біртұтас таным процесінің екі қыры сияқты объективтік категориялар және оларды өзара байланыста қарастыру керек; бір жағын дамыта отырып, екіншісі де қозғалыста, дамуда болатындығын ұмытпау қажет.

Қазіргі кезде интеграция шешуші мәнге ие болуда және ғылым дамуының басым тенденциясына айналууда. Бұл бағыттағы қозғалыс, басқасын былай қойғанда жаңа ғылыми пәндердің пайда болуы олардың өзара шашыраңқылығының тереңдеуімен қабат жүрмейді, бірақ бұл ғылымның жүйелі дамуымен сипатталады. Пайда болған аралас пәндер, шын мәнінде, интегративтік сипатта болады, әртүрлі ғылымдар үшін жалпы зерттеу пәнін анықтайды. Ғылымның интеграциясы формаларын одан әрі жемісті дамыту үшін, жас ғылыми мамандарды даярлау жүйесін де үнемі жетілдіріп отыру қажет. Білім берудің жаңа жүйесі кең кәсіптік мамандар даярлауға басымдылық жасай отырып, сол арқылы қоғамдық практиканың өзгеріп отыратын сұранысына бітірушілердің тез бейімделуін қамтамасыз етуді көздейді [4,226б].

Сонымен, ғылымның пайда болуының өзі танымның дамуындағы интеграциялық процестермен тікелей байланыста болады, былайша айтқанда, ғылым – интеграцияның жемісі. Ал, даму мен интеграцияның қозғаушы күші болып табылатын қоғамдық өзгерістер ғылымның интеграциялануын қажет ететін факторлар.

#### **Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Бейсенбаева А.А. Пәнаралық байланыс негізінде оқу процесін ұйымдасатыру. Жоғары оқу орындарының студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы:РБК, 1995. 117 б.
2. Бейсенбаева А.А. Мендиналиева Г.К. Интеграция и альтернативные школы //сб. Мат. Науч.конф. Алматы, 1993. с.181.
3. Мұханбетжанова А. Білім мазмұнының интеграциясы. // Бастауыш мектеп. – 1998. №3. 5-9 б.
4. Мұханбетжанова А. Бастауыш білімнің интеграциясы: методология, теория әдістеме. Монография. Алматы.: Ғылым, 1998. 232 б.

ӘОЖ: 159.9.

Фазымова Аяулым Жеңісқызы

Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университетінің магистранты қ. Семей, Қазақстан

## СТУДЕНТТЕРДІҢ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ДАЯРЛЫҒЫН БЕЛСЕНДІ ӘДІСТЕР АРҚЫЛЫ ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Аңдатпа

Мақалада студенттердің интеллектуалды даярлығын белсенді әдістер арқылы қалыптастыру мәселесі жан-жақты қарастырылған. Интеллект пен ойлаудың байланысы талданған. Студенттердің интеллектуалды даярлығын инновациялық және интерактивтік әдістері арқылы қалыптастыру жолдары сипатталады.

**Түйін сөздер:** студент, интеллект, инновация, интерактивті әдістер

Аннотация

В настоящей статье полностью раскрыты формирования интеллектуальной готовности студентов через интерактивные методы обучения. Рассмотрены обязательные условия организации интерактивного обучения, влияния инновационных и интерактивных методов на качества научного образования.

**Ключевые слова:** студенты, интеллектуальная готовность, инновационные и интерактивные методы, научное образование.

Annotation

*This article fully reveals the formation of intellectual readiness of students through interactive teaching methods. The article considers the mandatory conditions for the organization of interactive learning, the impact of innovative and interactive methods on the quality of scientific education.*

**Keywords:** students, intellectual readiness, innovative and interactive methods, scientific education.

ҚазАқпарат - Елімізде 2008 жылдан бастап, Елбасы Н.Назарбаевтың идеясымен «Интеллектуалды ұлт – 2020» ұлттық жобасы жүзеге асырылып келеді. Жобаның негізгі мақсаты - қазақстандықтарды жаңа формацияға тәрбиелеу, Қазақстанды бәсекелестік қабілетті адам капиталына бай елге айналдыру», - деген еді. Бүгін де осы мақсатқа жету үшін еліміздің ғылыми элитасы қоғамды зерттеп, оның интеллектуалды әлеуетін арттыру жолында еңбек етіп келеді.

Интеллект (латын тілінде «intellectus» - түсіну, таным деген түсінікті білдіреді) - жоғары сатыдағы жануарлар мен адамдарда туа берілетін мінез-құлықтың қарапайым түрін айтамыз[1]. Интеллект ұғымы адам ақыл ойының ойлау қабілетінің ерекшелігін, қасиеттерін, сапасын бейнелейді. Іс жүзінде шығармашылық пен қолдану оқиғаларға талдау жасап олардың келешегін болжай білу - адам ойының осындай қасиеттерінің біртұтас ерекше көрінісі оның интеллектісін анықтайды. Алғашында бұл термин адам психикасының орынды ойлау функцияларын белгілесе, қазіргі кезде оған барлық танымдық үрдістер кіреді. Интеллект - адамның болмысты тануының негізгі нысаны, ақпаратты мақсатты бағытта қайта өңдеуге, реттеуге, оқуға қабілеттіліктің күрделі жүйелерінің танымдық іс-әрекеті. Интеллект ойлау процесінде әсіресе тың мәселелерді шешу кезінде байқалады. Интеллект таным үрдісінің ең жоғарғы сатысы және ойлаумен тығыз байланысты. Ал ойлау дегеніміз - әлеуметтік жағдаймен ұштасқан, тілмен тығыз байланысты психикалық процесс, сол арқылы

болмыстың, дүниедегі нәрселердің жалпы және жанама бейнеленуі, бұл бейнелену адам ойының талдау және біріктіру әрекеттері арқылы танылады.

Адам үшін интеллектің маңызы қоршаған орта мен заттарды танып білуде ғана емес, оларды ары қарай шығармашылық түрде дамытуда. Интеллект пен ойлаудың байланысы соншалық тығыз болғандықтан ойлауды жылжымалы интеллект деп санауға негіз бар. Қазіргі кезде тұлғаны қалыптастырудағы өзекті аспектінің бірі ол интеллект проблемасы. Бүгінгі таңда интеллект психологиясында дәстүрлі интеллектуалды қабілеттермен қатар адамның өмір сүру барысында алдында тұрған, әлеуметтік және жеке міндеттерді шешумен байланысты жаңасын табуға әрекет етіліп жатыр. Қоғамның дамуы жас ұрпақтың меңгерген білімі мен қалыптасқан іскерлік дәрежесіне байланысты. Ұлтты ұлт етіп дүниежүзілік деңгейге көтеретін оның саналы да дарынды талапты ұрпағы. Интеллектісі жоғары дарындылардың қабілеттерін дамыту үшін, алдымен олардың дара ерекшеліктерін танып білуіміз керек.

XXI ғасырдың басы ғылыми-техникалық прогреске негізделген елдегі әлеуметтік-экономикалық дамуымен сипатталады. Ғылыми-техникалық прогресс нәтижелерінің өнеркәсіпке енгізілуі білімі мен кәсіби біліктілігі ғылым мен техника дамуына сәйкес келетін мамандарды талап етіп отыр, сондықтан да әрбір мемлекет өзінің білім беру жүйесін жаңа әдістер мен технологияларды қолдана отыра жетілдіруге назар аударады. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында білім беру жүйесінің міндеттерінің бірі ретінде ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіптік шыңдауға бағытталған сапалы білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау анықталған [2].

Студенттер - қоғамның ірі интеллектуалдық потенциалы. Студенттердің әлеуметтік құрылымы негізінен біздің қоғамымыздың әлеуметтік құрылымын айқындайды. Студент ұғымына педагогика және психология ғылымдары нақты түсінік бермейді. Ал ғылыми әдебиеттерде берілетін анықтамалар әртүрлі болып келеді [3]. Студенттердің оқу мотивтері олардың бағыттылығына және дәрежесіне байланысты; мотивациялық аймақтың иерархиясына байланысты; жеке мотивтердің өзара келісімділігі мен үйлесімділігі бойынша; мотивтердің тұрақтылығына байланысты; мотивтердің әрекеттері мен олардың мінез-құлыққа тигізетін әсері бойынша сипатталады.

Жоғарғы оқу орнында білім алу уақыты зерделік шақтың бірінші кезеңімен сәйке келеді. Осы зерделік шақтың бірінші кезеңі Б.Г.Ананьев, А.В.Дмитриев, И.С.Кен, В.Т.Лисовский, З.Ф.Есаревтің және т.б. еңбектерінде талданады. Осы кездегі адамгершіліктік дамудың маңызды сипаты мінез-құлықтың саналы мотивтерінің күшеюі болып табылады. Жоғарғы сыныптардағы өте жеткіліксіз болған – мақсатқа бағыттылық, шешімталдық, табандылық, өзбеттілік, инициатива, өзін басқара алу сияқты қасиеттердің күшеюі анық білінеді. Адамгершілік (мақсаттар, өмір бейнесі, міндет, махаббат, сенімділік және т.б.) мәселелерге қызығушылық жоғарылайды [4].

Студенттердің интеллектуалды даярлығын белсенді әдістер арқылы қалыптастыру өзекті мәселе. Жоғары білім беру саласындағы алға қойылған мақсаттардың бірі – білім беру үрдісіне қатысушылардың *интеллектуалдық белсенділігін* арттыру, сол арқылы білім беру жүйесінің дамуын жетілдіру. Білім беру жүйесінде мұндай талаптарды қанағаттардыру - білім беру жүйелеріне жоғары білікті мамандарды дайындау мәселелерін ғылыми негізде шешу қажеттілігімен тікелей байланысты.

2018 жылы 5 қазан айында мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына жолдауында білім беру ісінде 4К моделіне: креативтілікті, сыни ойлауды, коммуникативтілікті дамытуға және командада жұмыс істей білуге басты назар аудару керектігі және нарықта жоғары сапалы білім беруді қамтамасыз ететіндері ғана қалуға тиіс екендігі көрсетілді [5]. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі саясатындағы мақсаттың бірі – жан-жақты, білімді, шығармашылық қабілетті, танымдық іс-әрекеті мен

белсенділігі жоғары жеке тұлғаны қалыптастыру. Білім беру мен оқыту теориясының әдіснамалық негізі – таным теориясы және студент тұлғасын жан-жақты және үйлесімді қалыптастыру туралы ілімі болып табылады. Ендеше жоғары оқу орындарында студенттердің танымдық белсенділігін қалыптастыруды арнайы ұйымдастыру оқу үрдісін жетілдірудің негізгі шарты болып саналады [6].

Қазіргі уақытта жалпы білім беру саласы жаңа буынның білім беру стандарттарына көшуге байланысты бірқатар өзгерістерге ұшырады. Білім беруді ақпараттандыру экономиканың, ғылым мен мәдениеттің қарқынды дамуын анықтайтын алғышарттардың бірі болып табылады. Жаңа педагогикалық технологияның негізгі ұстанымдары - оқытуды ізгілендіру, өздігінен дамитын, дұрыс шешім қабылдай алатын, өзін-өзі жетілдіріп, өсіруші, тәрбиелеуші тұлға қалыптастыру болып табылады. Қазіргі білім беру саласындағы оқытудың озық технологияларын меңгермейінше, сауатты әрі жан-жақты маман болу мүмкін емес.

Ғылым мен техниканың жедел дамыған, ақпараттық мәліметтер ағыны күшейген заманда интеллект (ақыл-ой) мүмкіндігін қалыптастырып, адамның қабілетін, талантын дамыту білім беру мекемелерінің басты міндеті болып отыр. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойылып отырған міндеттердің бірі —оқытудың әдіс тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру. Қазіргі таңда оқытушылар *инновациялық және интерактивтік әдістерін* білім беру барысында пайдалана отырып, ғылыми білім берудің сапалы әрі қызықты өтуіне ықпалын тигізуде.

Бүгінгі таңда білім берудегі инновация ретінде білім берудің мақсаты мен мазмұнына, оқытушылар мен студенттердің бірлескен қызметін ұйымдастыруға, педагогикалық технологияларды жетілдіруге, оқытудың әдістерінің, формаларының, тәсілдерінің және құралдарының жиынтығына жаңаны енгізу процесін түсінеміз және оқытудың инновациялық тәсілдерінің келесідей ең танымал түрлерін пайдаланамыз:

1. Инновациялар[7] - технологиялық тәсіл ретінде, яғни, оқытудың дәстүрлі тәсілі шеңберінде оқу процесін жаңартуды болжайтын жаңғырту.
2. Инновациялар - іздеу тәсілі ретінде, яғни, жаңа білімді өз бетінше іздеу тәжірибесін қалыптастыру, оларды қолдану мақсатында оқу процесін зерттеу сипаты негізінде өзгертуді болжайтын жаңғырту.

Интерактивті сөзі – ағылшын тілінен аударғанда, «inter» – аралық, бірнеше, «action» - әрекет деген мағынада, яғни «өзара әрекеттестік» немесе белгілі бір мәселені шешу, ол шешімнің тиімділігі туралы әңгімелесу, талқылау. Интерактивті әдістің мақсаты: студенттерге жауаптарды өз бетінше табу дағдысын меңгерту; өздігінен ізденуге мүмкіндік беру; топтасып оқып-үйренуге жағдай жасау; өзара бағалату және іс-әрекет барысында білім игеруге жол ашу[8,15 б.].

Интерактивті оқуды ұйымдастырудың міндетті шарттары: - студенттер мен оқытушылардың арасында сенімділік, позитивті қатынастардың болуы; -демократиялық стиль; - студенттер мен оқытушылардың арасында қарым қатынас жасау процесінде өзара ынтымақтастық болуы; - оқытушылардың жеке («педагогикалық») тәжірибесі, оқу процесіне ашық үлгілерді, фактілерді, образдарды енгізу; -ақпарат беретін нысандар мен әдістердің көптүрлілігі, оқитындардың іс-әрекет нысандары, олардың ұтқырлығы.

Интерактивтік оқыту – студент пен оқытушының қарым-қатынасы тікелей жүзеге асатын сұхбаттасып оқыту, интерактивтік оқыту – бұл танымдық әрекетті арнайы ұйымдастыру формасы. Ол толық айқындалған және мақсатын алдын ала болжауға болатын оқыту түрі. Интерактивтік оқыту технологиясы деп нәтижесінде оқу әрекеті барысында олардың өзара мотивациялық, интеллектуалдық, эмоционалдық және басқа да жақтарынан жетістіктерге жетуді сезіну ситуациясын тудыра алатын, студентке педагогикалық әсерлі танымдық қарым-қатынас құруға кепілдік беретін, оқытушымен мен студенттің іс-әрекетін оқу ойындары түрінде ұйымдастыру тәсілдерін айтамыз.[9,47 б.] Интерактивті әдіс әр адамды білім алудың барлық кезеңдерінде белсенді жағдайға қояды, білім алу үрдісін мәнді етеді.

Қорыта айтқанда, студенттердің интеллектуалды даярлығын белсенді *инновациялық және интерактивтік* әдістерді қолдану арқылы белгілі бір жетістіктерге жете аламыз. Студенттердің жеке тұлға болып қалыптасуында білім беру жүйесін ізгілендіру, инновациялық үрдісте тиімді қолдану қазіргі заман талабы.

#### **Қолданылған әдебиеттер:**

1. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. — № 319. — 2007. — 27 шілде // [www.zakon.kz](http://www.zakon.kz)
2. Шайхова М. Жастардың әлеуметтік – психологиялық бейімделу мәселелері / М. Шайхова // Ұлағат. – 2004. – №1. – 49-51 б.
3. Байтемирова К.Б. «Студенттердің оқу орнына бейімделуінің теориялық негіздері» Журнал: Вестник КАСУ №1 – 2008. Издательство: Казахстанско - Американский свободный университет.
4. Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы. <http://www.akorda.kz>
5. Абуханова А. Танымдық белсенділікті қалыптастырудың педагогикалық ерекшеліктері. Қазақстан мектебі. № 2, 2007. 44-45б.
6. Современный словарь по педагогике / Сост. Е.С. Рапацевич. – Мн.: Современное слово, – 2001. – 928 с.
7. Әлімов А. Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану. Алматы. 2009. 63-64 бб.
8. Молдағалиев Б., Махимова А. Сатқанова Г. Интерактивті оқыту әдістері. //Қазақстан мектебі -2006, № 9, 15-17бб.

УДК:37.013

#### **Чаикова Адель Төлегенқызы**

*БМ010300 «Педагогика және психология» мамандығының магистранты  
Қазақ инновациялық гуманитарлық-заң университеті, Семей қаласы*

#### **БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТАРДЫҢ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА ДЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ ДАЯРЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ**

Мақалада болашақ педагогтардың жоғары оқу орнында деонтологиялық даярлықтарын қалыптастырудың негіздері қарастырылған.

**Түйін сөздер:** деонтология, деонтологиялық даярлық, білім беру, даярлық.

В статье рассмотрены основы формирования деонтологической подготовки будущих педагогов в вузе.

**Ключевые слова:** деонтология, деонтологическая подготовка, образование, подготовка.

The article deals with the basics of formation of deontological training of future teachers at the University.

**Keywords:** deontology, deontological training, education, training.

Ата-бабаларымыз ежелден өз ұрпағын жақсы адам, абзал азамат етіп тәрбиелеуді ерекше қастерлеп, мақсат тұтқан. Қай заманда болмасын жас ұрпақтың өнеге тұтар тәлім-тәрбиесі болатыны хақ. Егеменді қазақ мемлекетінің болашақ ұрпақтарының сана-сезімін сонау ерте замандағы ата- бабалар жолымен сабақтастыра тәрбиелеу — қазіргі күннің ең өзекті мәселесі.

Деонтология – парыздың, моральдық талаптар, көрсеткіштер мен әлеуметтік қажеттіліктің адамгершілікке тән түрі ретінде жалпы міндет мәселелерін қарастыратын этикалық теорияның бөлігі. “Педагогикалық” деген сөзбен қоса «педагогикалық

деонтология» деген сөз тіркесі мұғалімнің қызметіне байланысты парыз ұғымын құрастыратын этикалық ережелер, нормалар, ұстанымдар жиынтығын іске асыруын қамтамасыз ететін ғылым.

Елбасымыздың халыққа Жолдауын ұлттық білім берудің және ұлттық тәрбиені жүзеге асырудың бағытын анықтайтын құжат десек, білім беру салаларының міндеті – ұлттық және адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке тұлғаны қалыптастыру, дамыту және кәсіби шыңдау, деп түсінсек, онда, осы міндетті іске асыратын жалпы білім беретін қазақ мектебі үшін, деонтологиялық даярлығы жоғары жетілген маман дайындау - бүгінгі күннің кекесті мәселесі. Қазақ мектептеріне ұлттық тәрбиеден рухани нәр алып, кәсіби парыздылық сана-сезімі жоғары дамыған ұстаз қажеттілігі күмән тудырмайды.

Деонтология (парызтану) бұл педагог қызметкерлеріне жоғары гуманистік, моральдық-этикалық талаптар, кәсіби деңгейін ұдайы жетілдіру, патриотизмге тәрбиелеу мен қалыптастырудың, халыққа, з ісі пен парызына берілгендік негізі болып табылады.

Деонтология (гр. deon - қажеттілік және logos ілім; қажеттілік туралы ілім) - этиканың парыз, жалпы қажеттілік туралы (ізгілік талаптары білдіретіннің барлығы) қарастыратын блімі. Терминді алғаш [Бентам](#) жалпы ізгілік теориясын белгілеу үшін қолданған.

Деонтология - [парыз](#), міндет мәселелерімен айналысатын [этиканың](#) бір блігі. Деонтология әлеуметтік-тарихи, мәдени [дәстүрлерге](#) қажетті адамдардың мінез-құлқын зерттейді.

Бірақ, кінішке қарай, ЖОО-ларда студенттердің деонтологиялық ғылымды игеруіне жеткілікті кңіл блінбейді, соның салдарынан жоғары оқу орындарының түлектері деонтология туралы қарапайым ұғымның зін түйсіне бермейді. Деонтологиялық тәрбие мен кәсіби білім беру бір-бірімен іштей байланысты. Моральдық-этикалық нормалар, ережелер мен талаптар дәрігердің сырқатпен, оның отбасымен және туыстарымен, жұмыста қызметкерлермен, әріптестерімен және жұртшылықпен зара қарым-қатынасының күрделі ілімін игермейінше жүзеге аспайды.

Әрбір ғылымға зіннің пәндік аясын нақтылауға бағытталған дифференциация үдерісі тән екендігі мәлім. Алғашында ол барлық ғылыми салада дамиды: медицина, педагогика, психология, әлеуметтану және т.б. Бұл үдерістің түрлі саладағы мамандық иелерінің кәсіби парыз мазмұнына байланысты деонтологияға да тиісті, мына салаларын атап айтуға болады:

- педагогикалық деонтология – ұстаздың кәсіби парызына сәйкес мінез-құлқы туралы ғылым (К.М.Левитан, Г.М.Кертаева, Г.А.Қараханова, , А.Е.Күдерина, Д.Д.Есімова, Ү.А.Ажигалиева және т.б.);

- медициналық деонтология – медицина қызметкерлерінің кмек сұрап келген адамдарға қатысты құқылық, кәсібилік, моральдық міндеттері мен тәртіп ережелері туралы ілім (А.Ф.Билибин, Б.Е.Вотчал, Ф.П.Гааз, А.А.Грандо, Н.Н.Пирогов, И.С.Сук, Н.В.Эльштейн және т.б.);

- психологиялық деонтология – «кмек ұсынушы - кмекті қабылдаушы» сияқты зара әрекеттесудің, жәрдемдесуші мамандардың моральдық сенімділігін қамтамасыз ететін тұлғаның психологиялық тетіктерінің этикалық аспектілерін зерттейді. (М.А.Гулина, А.А.Крылов, И.В.Силуянова, А.И.Юрьев т.б.);

- әлеуметтік деонтология – әлеуметтік қызметкердің іс-әрекеті мен мінез-құлқы принциптерін және кәсіби-этикалық нормаларын зерттейді (Л.М.Анисимова, Н.Ю.Гурьевич, Л.П.Козыревская, Д.П.Котов, Г.П.Медведева, т.б.);

- құқықтық деонтология – заңгердің кәсіби мінез-құлқы кодексі жнінде жинақталған мағлұматтар жүйесін белгілейтін заң ғылымдарының бір саласы ретінде анықталады (Н.М.Блохин, В.М.Горшенев, Ю.А.Романов, т.б.);

- журналистік деонтология – журналистің кәсіби мінез-құлқы, парыздылық талаптарының, нормаларының, принциптерінің жүйесі ретінде; БАҚ қызметкерлерінің жауапты мінез-құлқының құқықтық және этикалық нормаларының жиынтығы ретінде,

журналисттік парыздылық пен міндеттемелер және осы міндеттемелерді олардың қандай деңгейде ұғынуына қарамастан орындау нормалары ретінде (Е.П.Прохоров, Ю.М.Батулин, Я.Н.Засурский, К.Крисченс, М.Трейбер, К.Норденстренг және т.б.) анықталады.

Педагогикалық этика - педагогикалық деонтологияның теориялық негізі. Педагогикалық деонтология – педагогикалық этиканың жеке мамандыққа тән моральдың ұстанымдары мен қағидаларын, ерекшеліктерін қарастыратын бөлігі. Педагогикалық мамандықтың бірнеше түрі болуына, олардың міндеттері мен еңбек жағдайларының айырмашылығына байланысты деонтологиялық талаптардың да өзгешеліктері бар. Сол себепті педагогикалық этиканың жалпы ұстанымдары мен ережелерінің мазмұндары өзгеріп, деонтологиялық талаптар адамгершіліктік ережелер аталып, түрленіп, белгілі бір педагогикалық қызмет аясында практикалық іс-әрекетті реттеуші рөл атқарады. Педагогикалық этика педагогика, психология, философия ғылымдарының түйісуінен туған ғылым. Яғни педагогикалық кәсіптің өзіндік моралі, этикасы, деонтологиясы бар.

Қоғам талабына сай білім мен тәрбие беру деңгейін көтеру, жеке тұлғаны тәрбиелеу, кәсіби біліктілігі жоғары мамандар даярлауда халықтық педагогика мұраларын пайдалану мәселелері жоғары мемлекеттік құжаттарда арнайы бірнеше рет қаралып, жан-жақты сөз болды. Атап айтсақ, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «... жеке тұлғаның ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде қалыптасуы, дамуы және кәсіби тұрғыда жетілуі үшін жағдайлар жасау» қажеттілігі айтылса, ал Қазақстан Республикасы Заңы І-бөлімінің 2-ші бабында «Қазақ халқының мәдениеті мен дәстүр-салтын оқып-үйрену үшін жағдайлар жасалуы қажет», — деп атап көрсетіліп, халықтық тәрбиенің маңызына ерекше көңіл бөлінді. Қазақ халқының тәлім-тәрбиелік мұрасы — халықтық педагогикалық ой-пікірлерді жинақтап зерттеу, жүйелеу, оның алдыңғы қатарлы үлгілерін болашақ мұғалім-мамандарға ұсыну — қазіргі өмір талабынан туындаған көкейкесті мәселелердің бірі. Қазақтың халықтық педагогикасын бүгінгі күннің проблемасы деп қарауға болмайды. Бұған түрлі тарихи кезеңдерде ұрпақ тәрбиесінің құралы ретінде ерекше мән берілген. Ұлы ойшылдар Әл-Фараби, Жүсіп Баласағұн, Махмұд Қашғари, қазақ зиялылары Ж.Аймауытов, А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Ш.Құдайбердиев, ағартушылар Ы.Алтынсарин, А.Құнанбаев, тағы басқалардың еңбектерінен де халықтың бала тәрбиесі жөніндегі тәлім-тәрбиелік тәжірибелерін, ауызекі халық шығармашылығын, салт-дәстүрлері мен әдет-ғұрыптарын ұрпақ тәрбиесінде пайдалану туралы айтқан идеяларынан көруге болады. Педагогика ғылымы саласының бірқатар ғалымдары Ж.Асанов, Қ.Бөлеев, Қ.Б.Жарықбаев, Р.Төлеубекова, Е.Ө.Жұматаева, Ғ.М.Кертаева, Ж.Ж.Наурызбай, С.А.Ұзақбаева, тағы басқалар өз еңбектерінде халық педагогикасы құралдарын болашақ мұғалімдер тәрбиесінде пайдалануға даярлау проблемасын зерттеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Ғ.М. Кертаева Ұстаз қызметіндегі педагогикалық деонтология. - Монография. Алматы: «Ғылым» ғылыми баспа орталығы, 2002,- 224 б.
2. Жарықбаев Қ., Табылдыев Ә. Әдеп және жантану, Алматы, Қазақстан, 1994.

## **ЕСТЕСТВЕННЫЕ НАУКИ**

**УДК 663/664**

**Ивашенко О.В.**

старший преподаватель, магистр биологии,  
кафедры прикладной биологии, Казахского гуманитарно-юридического инновационного  
университета, г.Семей

**Мусинова А.С.**

Бұл мақалада өсімдік белоктарының рөлі сипатталады, өсімдіктің белоктарының қорлары туралы мәліметтерді талдайды, сондай-ақ Семей аймағының кейбір жағалау-су зауыттарында белок құрамын анықтау.

**Түйінді сөздер:** тамақ ақуызы, ақуыздар, өсімдік белоктар, жағалаудағы су өсімдіктері.

В данной статье раскрыта роль растительных белков, проведен анализ данных о ресурсах растительного белка, а так же определение содержания белков в некоторых прибрежно-водных растениях Семейского региона.

**Ключевые слова:** пищевой белок, белковые ресурсы, растительные белки, прибрежно-водные растения.

This article describes the role of plant proteins, analyzes data on plant protein resources, as well as the determination of protein content in some coastal-water plants of Semey region.

**Keywords:** food protein, protein resources, vegetable proteins, coastal aquatic plants.

Белок или протеин – основной энергоресурс человеческого организма. Именно он отвечает за строительство клеток и формирование тканей, работу иммунной системы, успешность обменных и регуляторных процессов. Белки поддерживают здоровое функционирование всех органов и систем в рамках человеческого организма[1]

Получать белки можно не только из мяса и молочных продуктов, но и из растений.

Белки являются основой построения клеток здорового человека. Количество этих веществ в организме достигает порядка 20% от общей массы тела. И основная часть, а это больше половины, приходится на мышечную ткань. Потребляемые человеком белковые продукты делятся на два вида: животного происхождения и растительного. Стоит помнить, что белки состоят из заменимых и незаменимых аминокислот. Заменимые могут синтезироваться в организме, а незаменимые поступают только извне.

Растительные белки, в отличие от животных, не содержат холестерина и насыщенных жиров. Именно это свойство делает их более полезными.

Зачем вообще нужны белки

Человеческому телу жизненно необходимы 20 аминокислот: они участвуют в процессе деления клеток. 12 из них организм взрослого человека производит сам, остальные восемь должны поступать с пищей. Эти столь важные элементы содержатся как раз в белках, которых больше всего в продуктах животного происхождения

Из белков строятся наши мышцы. Белки обеспечивают выработку иммунитета, передачу нервных импульсов, рост, развитие и восстановление клеток. Кроме того, они хорошо утоляют голод. В общем, обойтись без них никак нельзя.

В среднем каждой женщине в день требуется от 46 г белков, а мужчине — от 56 г в зависимости от веса.

В растениях тоже присутствуют белки, однако в гораздо меньших количествах, чем в мясе и молочных продуктах. Тем не менее растительные белки содержат тот же необходимый набор аминокислот, а значит, могут частично или полностью удовлетворить потребности организма.

Некоторые вынуждены переключиться на растительную диету по медицинским показаниям. Например, из-за высокого уровня холестерина, который может провоцировать возникновение тромбов в сосудах и сердечные приступы HDL (Good), LDL (Bad) Cholesterol and Triglycerides .




Холестерин содержится только в животной пище, поэтому растительные белки безопаснее для людей с сердечно-сосудистыми заболеваниями[2]

Но подобные проблемы лучше предупреждать. Поэтому есть больше растительных белков и меньше животных полезно и здоровым людям. Это уменьшает риск возникновения проблем с сердцем, повышенного кровяного давления, диабета и ожирения.


Для определения содержания белков в прибрежно-водных растениях был использован метод электрофореза в полиакриламидном геле (таблица №1).

Метод электрофореза, предложенный еще в начале XX века, сейчас широко используют в биологии и медицине для разделения белков в исследовательских и клинических целях. С помощью электрофореза можно разделить на отдельные компоненты белковую смесь, что позволяет установить молекулярную массу белка или его субъединиц, подтвердить чистоту выделенного белка. Электрофорезом называют движение заряженных частиц в растворе под действием электрического поля[3]

Электрофоретический метод в биохимии – это способ пространственного разделения молекул, имеющих разный заряд и размеры, путем помещения их в электрическое поле. Результатом проведения электрофореза является электрофореграмма - картина, полученная после разделения сложной смеси с помощью электрофореза и специфического проявления.



**Электрофорез белков в полиакриламидном геле**




**Фотография**

полиакриламидного геля, иллюстрирующая разделение белков по молекулярной массе

**Таблица №1**

Растение	Содержание белков (%)
----------	-----------------------

Болотница болотная	0,81
Ситник	1,07
Частуха	0,88
Ежеголовник	0,69
Осока	0,93



Выводы: Таким образом, с помощью электрофореза нами было определено содержание белков в прибрежно-водных растениях. Из изученных видов, мы можем предложить ситник в качестве сырья для получения белков. Увеличение потребностей пищевой и кормовой промышленности, а также медицины в различных компонентах растительного происхождения заставляет уделять внимание новым нетрадиционным источникам возобновления сырья. С этой точки зрения высшие прибрежно-водные растения можно рассматривать как перспективный объект.

#### **Список использованной литературы:**

1. Рогов И.А., Антипова Л.В., Дунченко Н.И. Химия пищи. - М.: КолосС, 2007. - 853 с.
2. Гавриленко В.Ф., Ладыгина М.Е., Хандобина Л. М. Большой практикум по физиологии растений. М.: Высшая школа, 1975. 327 с.
3. Гааль Э., Медбеши Г., Верецкеи Л. Электрофорез в разделении биологических макромолекул. М.: Мир, 1982. 448 с.

### **ИСТОРИЧЕСКИЕ НАУКИ**

**УДК 94 (574)**

**Болыскенова Роза Болыскенкызы**

Қазақ гуманитарлық-заң инновациялық университетінің 1 курс магистранты, Семей қаласы

## XIX ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – XX ҒАСЫРДЫҢ БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕ КӨТЕРІЛГЕН ӘЛЕУМЕТТІК МӘСЕЛЕЛЕР

*Бұл мақалада XX ғасырдың басындағы өмір сүрген қазақ зиялыларының еңбектеріндегі әлеуметтік, этномәдени мәселелердің көтерілуі.*

***Түйінді сөздер:** халықтың сауаттылығы, білім беру мәселелері, әйел теңдігі, қазақ тілді басылымдардың жарық көруі, олардың себептері.*

*В этой статье поднимаются социальные, этнокультурные проблемы в творчестве казахской интеллигенции начала XX века.*

***Ключевые слова:** грамотность населения, проблемы образования, равенство женщин, публикация казахскоязычных изданий, их причины.*

*This article discusses the rise of social, ethno-cultural issues in the works of the Kazakh intellectuals of the early twentieth century.*

***Keywords:** literacy of the population, problems of education, equality of women, publication of Kazakh-language publications, their causes.*

Қазіргі уақытта үш жүзге кіретін рулар мен тайпалардан құралатын Қазақ елі үшін, болашақ ұрпақ үшін тарихын білу аса маңызды. Қазақта «Жеті атасын білмеген жетім», «Жеті атасын білмеген жетесіз»- деген мақал бар. Жеті атасын білу руын ғана емес, ата-бабасының тарихын білу болып табылады. Сондықтан да ұрпағымыз елін, жерін, қазақ жерінің тұтастығын сақтап, аман қалуы үшін тарихын білу керек. Қазақ ру-тайпалары біршама зерттелген тақырып болғанмен, оны қазақ зиялыларының еңбектері негізінде жан-жақты қарастыру мәселенің маңыздылығын артырады деп есептеймін.

XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ зиялыларының көзқарастары әсіресе, қазақ халқының этноәлеуметтік және мәдени мәселелерге көзқарастарының тарихымызда алатын орны зор. Себебі, ұлттық зиялыларымыз аталған кезеңдегі мәселелерді шешуде белсенді араласып, қазақ халқының мәдени және әлеуметтік жағдайларын көтеруге өздерінің белгілі бір үлестерін қосқан еді. Олар өз мамандықтары бойынша қызметтер атқара отырып, мерзімді басылым беттерінде өз мақалаларын жариялап, зерттеу еңбектерін жазған. Осы еңбектер арқылы біз қазақ қоғамының әлеуметтік және мәдени мәселелерін талдап, белгілі бір тарихи шындыққа қол жеткізуге тырысамыз. Қазақ елінің егемендігімен қатар тәуелсіздігі ұлғайған сайын еліміздің ұлттық тарихи зеттеулерге үлкен мән берілуде. Халықтың ұзақ жылдардан кейін өзін-өзі тануының жаңа кезеңі ұлттық ғылыми ортаға қоғамның педогогикалық ілімдер тарихы маңызды орынға көтерілді.

XX ғасырдың басы өздерінің ойлау, болжау қасиеттері айрықша білім, талғам-танымдары жан-жақты, көзі ашық алыптарды дүниеге келтірген дүбірге толы заман болды. Қазақстандағы этноәлеуметтік және этномәдени мәселелер XIX ғасырдың екінші жартысы - XX ғасырдың алғашқы онжылдықтарындағы қазақ зиялыларының еңбектерінде әрдайым көтеріліп, олардың шешудің жолдары қарастырылып отырған. Ол сол кезеңдегі белгілі зиялылардың еңбектерінде тоқталып өтілген. Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов, Міржақып Дулатов сияқты қазақ зиялылары бастаған авторлар өз ұлтының тарихы туралы жазып, жалпы тарих ғылымы туралы көзқарастарын білдірген. Тұрар Рысқұлов, Халел Досмұхамедов, Мұхаметжан Сералин, Мұхаметжан Тынышбаев, Райымжан Марсеков, Жанша Сейдалин, Жақып Ақбаев бұл тізімді осылай жалғастыра беруге болады.

Қазақ зиялыларының еңбектеріне Ш.Уәлихановтың қазақ ру-тайпаларының құрылымы, орналасуы XIX ғасырдың екінші жартысындағы рухани және материалдық мәдениет туралы құнды мәліметтер көрсетілген «Шығармалар жинағын» айтуға болады.

Ы.Алтынсаринның шығармаларынан сол кездегі Қазақстандағы білім беру ісі және алғашқы ашылған мектептер туралы, А.Құнанбаевтың, Ш. Құдайбердіұлының, О.Әлжановтың, М. Көпейұлының еңбектерінде ХІХ ғасырдың екінші жартысынан ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы әлеуметтік және мәдени мәселелерді байқаймыз. С.Бабажановтың «Этнографиялық мақалаларынан» қазақ тұрмысынан, шаруашылығынан, білім беру тәртібі жайынан қызықты, құнды мәліметтер көруге болады.

Ә. Бөкейхановтың шығармаларында қоғамның сол кездегі өзекті сұрақтарына талдау жасалған. А.Байтұрсыновтың шығармаларында қазақтың тұрмысы, оның кемшіліктері мен арта қалу себептері ашып, әліпби, қазақты оқыту және тіл білімі мәселелері зерттелген. Б.Майлин қазақ қоғамындағы әртүрлі әлеуметтік мәселелерді өзінің шығармаларында жан-жақты көтере білген.

ХХ ғасырдың басындағы аса қажетті мамандықтың бірі дәрігерлікті меңгерген қазақ зиялыларының бірі Х.Досмұхамедов. Ол жұқпалы аурулардан сақтану мен онымен күресу жолдарын «Қазақ» газетіне мақалалар жариялап, арнайы кітапшалар шығарып, жұқпалы аурулардың кеңінен таралып кетпеуіне атсалысқан зиялыларымыздың бірі. Қазақтың алғашқы дәрігер қыздары А.Досжанова, Г.Асфендиярова өз ісінің білгір мамандары, қазақтан шыққан тұңғыш әйел журналист Н.Құлжанова әйел теңдігің насихаттап, қыздарды оқытып, білім берсе ғана теңдікке жететіндігін сол кездердегі басылымдарда жариялап отырған. М.Жұмабаев, Ж.Аймауытов, М.Дулатов тағыда басқа педогог-ұстаздар білім беріп оқытуды ұйымдаструды тиімді жолдарын, оқушылармен жұмыс істеудің әдістемелерін жан-жақты талдауға ат салысты.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қоғамда болған әлеуметтік өзгерістер мен саяси қақтығыстар қазақ даласына да өз әсерін тигізбей қойған жоқ. Уақыт тарих саханасына ұлт бостандығы жолындағы күресте жаңа буын өкілдерін – әр тектілерден шыққан ұлт зиялыларын шығарды. Заман талабына сай, жан-жақты білім алған зиялыларымыздың бір тобы қалыптасқан тарихи жағдайда ұлт мүддесін қорғау үшін газет шығарудың қажеттілігін жақсы түсінді. Нәтижесінде, 1907 жылдың наурызынан бастап қазан төңкерісіне дейін қазақ зиялыларының ұйымдастыруымен бірнеше ұлттық бейресми басылымдар дүниеге келді. Олар негізінен екі түрлі тарихи жағдайда шығып тұрды. «Қазақ газеті», «Серке», «Қазақстан», «Қазақ», «Алаш» газеттерімен «Айқап» журналы патшалық үкімет тұсында шықса, «Бірлік туы», «Сарыарқа», «Ұран», және «Тіршілік» газеттері Уақытша үкімет тұсында, демек, біршама демократиялық өзгерістер кезеңінде дүниеге келді. Бұл жағдайдағы басылымдар мазмұнына ғана емес, олардың тағдырына да әсер етті. Қазақ зиялыларының газет шығару ісіндегі алғашқы қадамдары сәтсіз аяқталғанымен, ұлт мақтанышына айналып, атадан балаға асыл мұра болып қалатын, ұлт мүддесі үшін күресте әлі бірде- бір қазақ басылымы атқарып көрмеген істер атқарған басылымдар да сол жылдары пайда болды. Алғашқы қазақ тіліндегі газеттердің дүниеге келуінің басты себебі, қазақ жерін одан әрі отарлаудың күшейтілуі болса, ұлттық бейресми басылымдардың дүниеге келуінің басты себебі, керісінше, сол отарлаушылыққа қарсы күрестің нәтижесі болды. «Қазақ» газетінің тарих дерегі ретінде ерекшелігі, одан алынған мағлұматтар жан-жақтылығы, ел өмірінің барлық салалары туралы толық мәлімет бере алуы және олардың шынайылық дәрежесінің жоғарылығы.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қазақ тілінде жарық көрген мерзімді басылымдар, отан тарихының аса күрделі бір кезеңін жазба дерегін құрайды.

ХІХ ғасырдың соңы мен ХХ ғасырдың басында қазақ зиялылары баспасөз бетінде қалдырған тарихқа қатысты мол мұраларына тарихнамалық талдау жасау тарих ғылымын байыта түсер еді деп ойлаймын.

#### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

- 1 Ш.Уәлиханов Шығармалар жинағы . – Алма-Ата: КазСовэнциклопедия, 1984.
- 2 Ы.Алтынсарин . Таңдамалы шығаралары – Алма-Ата: АН КазСССР, 1995.

- 3 А. Құнанбаев Шығармалар. Екі томдық. – Алматы, 1968.
- 4 Ш. Құдайбердіұлы Түрік, қырғыз-қазақ һәм хандар шежіресі. – Алматы: 1991
- 5 М. Көпейұлы Қазақ шежіресі. – Алматы: Жалын, 1993.
- 6 М. Жұмабаев Шығармалар. – Алматы: Білім, 1996.
- 7 С. Торайғыров Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ғылым, 1993.
- 8 Б. Майлин Повестер және әңгімелер. – Алматы: Жазушы, 1977.
- 9 Х. Досмұхамедов Жұқпалы аурулар хақында // Қазақ. - 1914.

### **ФИЛОЛОГИЧЕСКИЕ НАУКИ**

УДК 821.111

**Рыбченко-Демьяненко Е.С.Суюнбаева Е.Ж.**  
Учебная кафедра полиязычия Государственный университет  
имени Шакарима г.Семей.

## ЛИЦО И МАСКА В СОНЕТАХ В.ШЕКСПИРА

### Аңдатпа

*В. Шекспирдің сонеттерінде бет пен маска сияқты санаттар қарастырылады.*

*Адам санаты деп қоршаған ақынның күнделікті жағдайы мен сүйікті досына және қарапайым адамдарға қарапайым прозалық қарым-қатынасы түсініледі.*

*Бетперде санатының астында, ақынның көзқарасы бойынша, қымбат ақынға жан жанның шынайы қозғалысын жасырып, оның сонеттерінің лирикалық кейіпкерінің күйін жасырады.*

*Сондай-ақ, ақын әлемнің шынайы таза жағдайын және оның қарама-қарсы, күнә және ақаулы жай-күйін қарама-қарсы қояды.*

*Негізгі сөздер: рас, ақау, көлеңке, бет келбеті, көктем, тағдыр, өтірік, бесчестье, махаббат, достық, жүрек, жан*

### Аннотация

*В статье, посвящённой сонетам В.Шекспира рассматриваются такие категории как «лицо» и «маска». Под категорией «лица» понимается повседневное состояние окружающей поэта реальности и обыденного, прозаического отношения к возлюбленной и другу, как к обычным, простым людям. Под категорией «маска» наблюдаются те черты, на взгляд поэта скрывающие истинные движения души как дорогих поэту людей, так и состояние «лирического героя» его сонетов. А также поэт противопоставляет правдивое, чистое состояние мира и души отдельной личности её противоположному греховному и порочному состоянию.*

*Ключевые слова: правда, порок, тень, облик, весна, судьба, ложь, бесчестье, любовь, дружба, сердце, душа.*

In Shakespeares sonnets consider categories such as face and mask. The category of person is understood as the everyday state of reality surrounding the poet and the ordinary, prosaic attitude to his beloved as a friend, as ordinary people.

The mask category hides all the features in the poet's sight that hide the clear movements of the soul of both of the people dear to the poet and the state of the lyrical hero of his sonnets. The poet contrasts the true, pure state of the world, and the soul of individual person with its opposite sinful and vicious state.

Key words: truth, vice, shadow, appearance, spring, fate, false, dishonor, love, friendship, heart, soul.

Уже прошло более четырёх сотен лет, а сонеты В. Шекспира продолжают волновать всё новые и новые поколения читателей. Задача нашего небольшого исследования – проследить, как проявляются категории лица и маски в сонетах. Мы взяли для исследования отдельные сонеты в переводах С.Я.Маршака, и, для сравнения эти же сонеты в переводах М.И.Чайковского.

Автор воспеваает в сонетах высокие чувства: любовь, преданность, дружбу, но более всего его восхищают красота и правда. Все эти высокие порывы показывают бессмертье слова, о чём он заявляет в 55 сонете. Но не всякое слово бессмертно, а слово, наполненное любовью:

Замшелый мрамор царственных могил  
Исчезнет раньше этих веских слов,  
В которых я твой образ сохранил  
К ним не пристанет пыль и грязь веков.

Пусть опрокинет статуи война,  
Мятеж развеет каменщиков труд,

Но врезанные в память письма  
Бегущие столетья не сотрут.

За бессмертием слова стоит бессмертье души, которая предстанет перед Страшным Судом, что интересно этот сонет в переводе М.И.Чайковского предполагает не только духовное, а и физическое воскресенье:

Пока на суд не встанешь из могилы,  
В моих стихах ты будешь жив, о милый!(2,с.115)

Разграничение лица и маски предстаёт как правда и порок в 54 сонете. Автор говорит о том, что правда – драгоценна, а порок замаскирован, скрыт под листьями и цветами, т.е. листья и цветы выступают в качестве маски в данном сонете. Поэт заявляет о том, что радости нет от этих цветов, что «красота – это правда» (пер. С.Маршака). В переводе М.И. Чайковского сонет воспевает бессмертье духа любимого человека, сравнивая красоту возлюбленной с увядшей розой:

...Он без ухода, лишний, умирает  
Как бы один. А роза и мертва,  
Свой аромат повсюду расточает.  
Так будет цвести твой дух в моих стихах  
Когда твой облик обратится в прах.(2, с.113)

В 53 сонете автор указывает на неоднозначность образа возлюбленного:

Какою ты стихией порождён?  
Все по одной отбрасывают тени,  
А за тобою вьётся миллион  
Твоих теней, подобий, отражений...

С одной стороны, эта многогранность говорит о богатстве природы его друга, с другой же стороны, подлинный облик за этим множеством теней уловить очень трудно...

Невинную весну зрелый год  
Хранит твой облик, внутренний и внешний:

Как время жатвы, полон ты щедрот,  
А видом день напоминаешь вешний

В данной строфе речь идёт о душевных и духовных плодах...и как будто неожиданный вывод:

Всё, что прекрасно, мы зовём твоим.  
Но с чем же сердце верное сравним?

На самом деле строфа эта закономерна по смыслу: именно в сердце человеческом хранятся все добродетели, а в верном сердце покрываются все пороки любимого существа. В переводе М.И.Чайковского «весна – тень очарований любимого существа, а осень – воплощение доброты» получается, внешность связана с красотой мира и природы весной, а сердечные качества с постоянством сердца и дарами осени...

Как проявляется категория лица и маски, например, в 61 сонете, когда возлюбленный не может сомкнуть глаз из-за любви. Любовь в данном сонете выступает как некий невидимый судья и контролёр негативного содержания души возлюбленного:

...Твоя ль душа приходит в тишине  
Мои дела и помыслы проверить,  
Всю ложь и праздность обличить во мне,  
Всю жизнь мою, как свой удел, измерить?

Получается, что чувство любви в своём ночном бдении из искреннего, составляющее «лицо» поэта, превращается в лик, потому что такое сильное и преданное чувство сродни религиозному чувству, бескорыстно направленному на любимого человека.

Но поэт – обыкновенный человек, и ему, как и каждому человеку не чужды маленькие слабости и заблуждения, вот он признаётся в любви к себе, хотя на самом деле, это любовь к другому человеку:

Любовь к себе моим владеет взором.  
Она проникла в кровь мою и плоть.  
И есть ли средство на земле, которым  
Я эту слабость мог бы побороть?

Мне кажется, нет равных красотою,  
Правдивей нет на свете никого.  
Мне кажется, так дорого я стою,  
Как ни одно земное существо.

Когда же невзначай в зеркальной глади  
Я вижу настоящий образ свой  
В морщинах лет, – на этот образ глядя,  
Я сознаюсь в ошибке роковой.

Себя, мой друг, я подменял тобою,  
Век уходящий – юною судьбою. (62 сонет)

Таким образом, внутреннее чувство и облик любимого существа поэт перенёс на себя, то есть получилось перевоплощение в любимого. Это необычное явление, свидетельствующее об огромной силе чувства. (В переводе С.Я.Маршака), у лирического героя М.И. Чайковского звучит как «грех самомнения очи мне слепит...» (2, с.129)

Тема лица и маски открыто заявляет о себе в 66 и 67 сонетах; маска связана с пороком, так как именно его она прикрывает:

Спроси: зачем в пороках он живёт?  
Чтобы служить бесчестью оправданьем?  
Чтобы грехам приобрести почёт  
И ложь прикрыть своим очарованьем?

Полагаем, важная тема поднимается в этом сонете: несправедная жизнь умертвляет внешность человека, но природа его хранит, несмотря ни на что, потому что так, вероятно, угодно Творцу, который любит каждого человека, автор считает, что делается это в назидание потомкам:

Зачем искусства мёртвые цвета  
Крадут его лица огонь весенний?  
Зачем лукаво ищет красота  
Поддельных роз, фальшивых украшений?

Зачем его хранит природа-мать,  
Когда она давно уже не в силах  
В его щеках огнём стыда пылать,  
Играть живую кровью в этих жилах?

Хранить затем, чтоб знал и помнил свет  
О том, что было и чего уж нет!



Знаменитый 66 сонет, тем и знаменит, что в нём В. Шекспир обличает все пороки своего общества, а они оказались актуальными и для другого общества, живущего в другое время и в другой стране...

Зову я смерть. Мне видеть невтерпёжь  
Достоинство, что просит подаянья,  
Над простотой глумящуюся ложь,  
Ничтожество в роскошном одеянье,

И совершенству ложный приговор,  
И девственность, поруганную грубо,  
И неуместной почести позор,  
И мощь в плену немощи беззубой,

И прямоту, что глупостью слывёт,  
И мудрость в маске мудреца, пророка,  
И вдохновения зажатый рот,  
И праведность на службе у порока.

Всё мерзостно, что вижу я вокруг...  
Но как тебя покинуть, милый друг?

В этом сонете любовь к другу – единственное, что связывает поэта с миром общества людей, которые не хотят служить подлинным ценностям, подменяя их ложными. И прямо названа главная человеческая добродетель, которая также не является в своей подлинности, а находится в маске. Получается всё истинное и ценное в человечестве утратило свою ценность, превратившись в жалкое подобие должного.

Тема лица и маски продолжает развиваться в 68 и 69 сонетах:

Его лицо – одно из отражений  
Тех дней, когда на свете красота  
Цвела свободно. как цветок весенний,  
И не рядилась в ложные цвета,

...Его лицо приветливо и скромно.  
Уста поддельных красок лишены.  
В его весне нет зелени заёмной  
И новизна не грабит старины.  
Его хранит природа для сравненья  
Прекрасной правды с ложью украшенья.

В данном сонете поэт сопоставляет внешнюю картину, видимую картину, он указывает на сходство отца и сына, то есть природное, родовое не может лгать: черты отца повторяются в чертах сына, доказывая, что это именно этот человек – сын своего отца, а не какого-то другого. Получается, по мысли великого поэта и драматурга, всё, что создано природой и самим творцом – подлинно и прекрасно, а всё, что касается созданного руками человеческими, просто украшение фальшивое и лживое.

В 69 сонете идёт противопоставление внешних данных человека, в которых, признаем честно, его заслуг особых нет, он получил свои физические данные от своих родителей, и свойства души, которые невидимы, но которые проявляются в делах человека и, именно по делам о человеке судят другие люди.

В том внешнем. что в тебе находит взор,  
Нет ничего, что хочется исправить.

Вражды и дружбы общий приговор  
Не может к правде чёрточки прибавить.

За внешний облик – внешний и почёт.  
Но голос тех же судей неподкупных  
Звучит иначе? если речь зайдёт  
О свойствах сердца, глазу недоступных.

И далее поэт иносказательно говорит о необходимости беречь чистоту души и не позволять ни неблагоприятными деяниями, ни пустой молве, касаться души любимого существа:

Толкует о душе твоей молва.  
А зеркало души – её деянья.  
И заглушает сорная трава  
Твоих сладчайших роз благоуханье.

Твой нежный сад запущен потому,  
Что он доступен всем и никому.

Какой можно сделать вывод? Первые сонеты подчинены теме земной жизни, красоте, увяданию и оправданию увядшей красоты её продолжению в потомках. Тема последующих сонетов: взаимодействие природного и социального, истины и лжи, прекрасного и безобразного, любви и дружбы как высших человеческих ценностей, дарованных человеку самим творцом.

### **Список использованной литературы**

1 У.Шекспир « Ты будешь вечно жить в строках поэта...» Сонеты. Пер. С.Маршака. Лирические фрагменты из пьес в лучших поэтических переводах – Издательство АСТ: М., 2019 – 256 с.: ил.- (стихи о любви)

2. Шекспир, Уильям Сонеты: [перевод с английского] Ульям Шекспир.- Москва: Издательство АСТ,2017.-320с.-(Зарубежная классика)

**Жас ғалымдар, докторанттар, магистранттар және студенттердің  
ғылыми еңбектерінің халықаралық жинағы №8**

**Международный сборник научных трудов молодых ученых,  
докторантов, магистрантов и студентов №8**

**International collection of scientific papers of young scientists, doctoral  
students, undergraduates and students №8**

Международный сборник научных трудов молодых ученых, докторантов, магистрантов и  
студентов

Подписано в печать: 14.04.2020 г. Дата выхода тиража: 30.04.2020г.

Формат 60\*84. Бумага офсетная №1. Печать лазерная

Объем: 8,75 усл. печ.л. Тираж 100 экз.

Цена договорная. Семей: КазГЮИУ